



«ҚАЗАҚСТАН ПАТРИОТТАРЫН ӨСІРЕМІЗ»

I облыстық ғылыми-практикалық конференция

«РАСТИМ ПАТРИОТОВ КАЗАХСТАНА»

I областная научно-практическая конференция

Теміртау, 2022 жыл

Қарағанды облысының білім басқармасы
Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы
Теміртау қаласының білім бөлімі
Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-лицейі

«ҚАЗАҚСТАН ПАТРИОТТАРЫН ӨСІРЕМІЗ»

I облыстық ғылыми-практикалық конференция қатысушыларының
«Барлық жерде ерлік бар» бағытындағы ғылыми-зерттеу жоба материалдары

*14 мамыр
1 басылым*

«РАСТИМ ПАТРИОТОВ КАЗАХСТАНА»

Материалы научно-исследовательских проектов участников
направления «Везде есть место подвигу»
I областной научно-практической конференции

*14 мая
1 издание*



Теміртау, 2022 жыл

ӘОК (УДК) 37.035.6
КБК (ББК) 74.200.50
Қ18

Редакциялық алқа:

Н.А.Бейсенбекова – бас кеңесші, т.ғ.к., доцент, Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ жанындағы «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры.

Б.Х.Абдикерова – кеңесші, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директоры.

Р.К.Казтаев - «Теміртау қаласының білім бөлімі» ММ басшысы.

Г.С.Копбаева - «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директорының ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары.

А.С.Тунгушбаева - «Теміртау қаласының білім бөлімі» ММ әдіскері.

А.З.Оспанова - «Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-лицейі» КММ директорының оқу жөніндегі меңгерушісі.

С.И.Филатова - «Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-лицейі» КММ орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ҒПК үйлестірушісі.

I облыстық ғылыми-практикалық конференция қатысушыларының «Барлық жерде ерлік бар» бағытындағы ғылыми-зерттеу жоба материалдар жинағы 1б. – Теміртау Colorprint_karaganda Типографиясы, 2022-270 бет.

Жинақта I облыстық ғылыми-практикалық конференцияның «Барлық жерде ерлік бар» бағыты бойынша қатысқан Қарағанды облысының білім беру мекеме білім алушыларының ғылыми-зерттеу жоба материалдары басылған.

МАЗМҰНЫ

Азирбаева Динара «ҚАНАТТЫ ҚЫЗ-ХИУАЗ ДОСПАНОВА»	5
Амаан Перизат «КЕМЕҢГЕР ТҰЛҒА-ДИНМҰХАММЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ»	20
Асланұлы Диас «АТАМНЫҢ АМАНАТЫ»	32
Балабашин Илья «ШАГНУВШИЙ В ОГОНЬ»	38
Ғабит Ахмед «ТҰЛҒАСЫ ТҰНҒАН ТӘЛІМ...»	52
Есенгельдиева Айгерим «ТАУ ТҰЛҒА ҚАЗАҚТЫҢ ҚАҒАРМАН БАТЫРЫ –БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ»	61
Жалиева Айару «АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ – ҰРПАҚҚА МІНДЕТ»	73
Зиядуллаева Анара Ерболовна «ҰСТАЗ БОЛУ-ЖҮРЕКТИҢ БАТЫРЛЫҒЫ»	82
Златьева Дарья «ГЕРОИ НАШЕГО ВРЕМЕНИ»	90
Искакова Наркыз «ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЕРЛІК МҰРАСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ПАТРИОТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ»	102
Кудайбергенова Адия, Құрманғали Жібек «ALL-TIME HERO-BAUYRZHAN MOMYSHULY»	113
Курманғалиева Диара «ОТАН ҚОРҒАҒАН БАТЫР АНАЛАР»	122
Липис Алина Михайловна «ИМЯ КАК НАСЛЕДИЕ НРАВСТВЕННОЙ ПАМЯТИ ПРЕДКОВ»	137
Литягина Арина Увгеньевна, Тен Клим Александрович «ЧТО ЗНАЧИТ, ПОДВИГ?»	145
Мухамбеталиева Бибинур «ТӘЖІК-АУҒАН ШЕКАРАСЫНДА ҚАЗА ТАПҚАН ҚАЗАҚ 17 ЖАУЫНГЕР»	155
Огребов Макар, Джавадова Карина «БАУЫРЖАН МОМЫШУЛЫ – НАРОДНЫЙ ГЕРОЙ КАЗАХСТАНА»	165
Өмір Мәди «ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ҚАҒАРМАН ҚЫЗ – ХИУАЗ ДОСПАНОВА»	168
Рашид Райана «ЕРЛІГІ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН – НҮРКЕН БАБАМ»	174
Сайдильдин Султан «ПАТРИОТ, ПРИЕХАВШИЙ ПО КОМСОМОЛЬСКОЙ ПУТЕВКЕ»	186
Свечникова Дарья «ГЕРОИ, ВДОХНОВЛЯЮЩИЕ НА ХОРОШИЕ ПОСТУПКИ»	195

Серік Марғұлан, Тельманов Бектас « HEROIC EXAMPLE OF A FEAT-MARTBEK MAMYRAEV ».....	201
Талқанбаева Дилара Азаматовна « ШАН-ТИМЕС ».....	208
Теміржан Ажар Медетқызы « БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЫ ».....	220
Тойбеков Мейіржан « ЕРЛІК-ЕЛДІҢ ҚАСИЕТІ ».....	229
Тұрғанәлі Айжан Талғатқызы « ЕРЛІК ЖАС ТАЛҒАМАЙДЫ ».....	237
Хусайн Амина « АЛАШТЫҢ АЙБЫНДЫ ҰЛЫ – БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ».....	246
Қонақбаев Нурсултан « ГЕРОЙ ЖИВ, ПОКА ЖИВА ПАМЯТЬ О НЕМ ».....	256
Мұқан Әміре « ГЕНЕРАЛ ПАНФИЛОВ - ДАРА ҚОЛБАСШЫ ».....	264

«ҚАНАТТЫ ҚЫЗ-ХИУАЗ ДОСПАНОВА»

Қарағанды облысы білім басқармасының
Теміртау қаласы білім бөлімінің
«№3 ЖББМ» КММ
6 «Ә» сынып оқушысы Азирбаева Динара
Жетекшісі: тарих пәні мұғалімі Оспанова А.С.

Аннотация

Қазақ халқының атақты тұлғаларының бірі, ұлы Отан соғысы жылдарында ерен ерлігімен ерекшеленген, әскери ұшақты жіті меңгеріп, жеңіске жетуге аянбай өз үлесін қосқан, бейбіт өмірде де еңбек етуден жалықпаған, қазақ халқынан шыққан бірегей ұшқыш қыз Хиуаз Доспанова жайлы барлық деректерді мектеп оқушылары біле бермейді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлы тұлғаның шыққан тегі, өмір жолдары, Ұлы Жеңіске қосқан үлесі, жазған еңбектері, қалдырған мұрасы жас ұрпаққа үлгі боларлық. Хиуаз Доспанова туралы зерттеу, тану, білу, дәріптеу әрбір жас қазақтың міндеті.

Сондықтан да бұл жобада ұлтымыздың мақтан етер тұлғасының даралығына сипаттама беріліп, ерлігі насихатталады.

Жоба тақырыбы: «Қанатты қыз-Хиуаз Доспанова»

Жобаның мақсаты:

Ұлтымыздың мақтанышы, бірегей тұлға Ұлы Отан соғысында ерлігімен ерекшеленген Хиуаз Доспанованың өмірі мен ерлігін, тарихтан алатын орнын зерттеу арқылы қазақ балаларының патриоттық сезімдерін арттыру.

Жобаның міндеті:

- Х. Доспанова жайлы мәлімет жинақтау;
- Х. Доспанованың өмірімен таныстыру арқылы мазмұнын ашу;
- Тақырыптың өзектілігі мен ауқымдылығына талдау жасау;
- Х. Доспанованың өмір жолы жайлы кітапша шығару
- Тарихи тұлғаның даралығы мен ерекшелігін жұрт назарына паш ету.

Өзектілігі: Батыр тұлғаның өмірін зерттеу арқылы мектеп оқушыларының ұлт қаһармандары туралы білімдерін арттыру.

Болжау:

Егер ұлтымыздың ұлы тұлғаларын ұмытпай олар жайлы ақпаратты үнемі жандандырып отырсақ, келешек ұрпақ қазақ халқының тарихына қанығып өседі.

Хиуаз Доспанова сияқты қайтпас қайсар мінезді қыздардың іс-әрекеттері, қоғамдағы мүмкіндігі шектелген адамдарға өмір сүруге деген құштарлығын арттырады.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «100 нақты қадам жоспары» қазақ елінің жарқын болашағы алаңдатқандықтан туындағаны анық. Еліміздегі азаматтардың рухани жан дүниесін байытуға, мемлекетімізді нығайтуға, көркейтуге мұндай жобалардың берері көп.

85-қадамда «Мәңгілік ел» патриоттық актісі жобасын әзірлеу туралы айтылған. Мемлекетіміздің мәңгілік болып қалуының белгілерінің бірі- ұлттық болмысымызды сақтап қалу болса, ұлттығымыздың нағыз қайнар көзі болып табылатын рухани асыл мұраларымызды сақтап қалу, оларды насихаттау, ел игілігіне жарату. Бұл жоба қазақ ұландары мен қыз балаларын ұлттық патриотизмге тәрбиелеуде өз үлесін қоса алады.

Халық Қаһарманы «қанатты қыз» атанған Хиуаз Доспанованың өмірі мен өшпес ерлігі біз үшін үлкен өнеге. 1941-1945 жылдарда болған Ұлы Отан соғысында көрсеткен қазақ батырларының көзсіз ерліктері біз үшін аңыз іспеттес.

Ел аузында «Қанатты қыз» атанып кеткен халқымыздың ардақты қазақ қыздарының бірі, өшпес ерлігімен ерекшеленген, көптеген жылдар бойы Қазақ КСР-ның партия, комсомол қызметкері болған, соғыстан кейінгі елімізді өркендетуге қыруар еңбек сіңірген қоғам қайраткері ретінде танылып асқан еңбекқорлығы, терең зейіні мен биік парсаты ел аузында ардақталып, аты аңызға айналды.

Сонымен қатар қазіргі ТМД, тіпті кешегі КСРО-ның көлемінде белгілі болған қайсар, ержүрек апамыздың ерлігі мен еңбектерін бүгінгі ұрпақ лайықты өз дәрежесінде бағалап, әрбір Қазақстандық жадында сақтайды деп ойлаймын.

Зерттеу барысында:

- 1) Хиуаз Доспанованың өмірбаянымен танысуға;
- 2) Отан үшін жасаған жанқиярлық ерлігімен танысуға;
- 3) Ұлы тұлға жазған ұрпаққа үлгі боларлық естелік еңбегін талдауға;
- 4) Хиуаз Доспанованың соғыстан кейінгі бейбіт заманда атқарған еңбек жолымен танысып, бүгінгі ұрпақ үшін маңызы мен мәнін, сондай-ақ оның ерекшелігін көрсету арқылы ұлы тұлғаларды бүгінгі ұрпақтың жадында сақтауға қадам жасауға және аталған тұлғаның ерлігін насихаттауға болады;

Негізгі бөлім

Қанатты қайсар тұлғаның қалыптасуы

Хиуаз Қайырқызы Доспанова Атырау облысы Құрманғазы ауданы, Ганюшкино елді мекеніне жақын жерде орналасқан Зормата ауылында 1922 жылдың 15 мамыры күні дүниеге келген. Әкесі Қайыр Астрахань балық кәсіпшілігімен айналысқан жұмысшылардың ішінде партия мүшесі болып, белсенділік танытқан. Қызмет бабына байланысты жиі көшіп-қонып, қоныс ауыстырып отырған. Анасы Меруерт мұғалім болып қызмет атқарған.

Хиуаз Орал қаласындағы №1 орта мектепті Алтын медальмен аяқтаған. Ұшқыш болу арманының да ұшталғаны осы кезең, өйткені ол жергілікті аэроклубты тәмәмдап, кәмілеттік аттестатпен бірге, запастағы ұшқыш куәлігін бірге алып шыққан.



Мектепті аяқтаған соң Хиуаз Мәскеуге оқуға аттанады. Әуелі құжаттарын Жуковский атындағы әскери-әуе академиясына тапсырады, бірақ одан жолы болмаған соң Алғаш Мәскеу медициналық институтына түседі. Маусым айында 1 курсты бітіріп, жазғы демалысқа ауылға жол жүрмекші болған сәтте соғыс басталып кетеді. Оның Мәскеуде қалуына тура келеді. Көп ұзамай Хиуаз құрамына әйелдерді ғана қабылдайтын жаңа авиапөлк жасақталып жатқаны туралы хабар алады.

Жау зәресін ұшырған «Түнгі перілер»

Әйелдердің жаңа авиабөлімшесінің ашылуына рұқсат алған аты аңызға айналған ұшқыш әйел Марина Раскова болатын. Хиуаз Доспанова бағын сынамақшы болып құжаттарын алып барады да, жолы болып оны осы құрамаға алады. Сонымен Хиуаз Мәскеуде қалатын болды. Әскери қызметтестері Катя деп атап кеткен аңқау, аңқылдақ, ақкөңіл, шалт қимылды, жайдары да қиялшыл құлын мүсінді кішкентай ғана қазақ қызы. Кішкентайлығы сол аяқ киімінің өлшемі бар болғаны 33 еді.



Әуе полкы шындығында да тек әйелдерден ғана құралған болатын. Әйелдер мен қыздар тек қана штурман мен ұшқыш қана емес, сонымен қатар механик те, техник те бола білді. Авиаполок құрамы: 17-22 жас аралығындағы 115 қыз. Ең әуелі Энгельсте жедел оқу жаттығулары өтті, кейін 1942 жылдың мамыр айында алғашқы әскери әуе қимылы мен алғашқы адам шығандары болды.



Қыздар ПО-2 деп аталатын ұшақпен ұшатын. Бұл ағаштан құралған биплан, екі ашық кабиналы болды. Ең жоғары жылдамдығы-сағатына 120 шақырым. Кабинаға алынатын қару тапанша ғана еді, пулеметті алу тек 1944 жылда ғана жүзеге асырылды.



Олар тек қана түнде ұшатын, өйткені күндізгі мезгілде мұндай жеңіл ұшақ қарсыластың оңай көздеп ата салатын нысаны болар еді. Әр түн сайын қыздар 5-10 рет әуе шабуылына шығып тұрды. Көздеген жерлеріне ұшып барады, бомбаларын тастайды да артқа тағы да снаряд жеткізу үшін ұшады. Солай бірнеше рет қайталайды. Немістер оларды «Түнгі перілер» деп атаса, әскери ер азаматтар «Дуньканың полкы» (полк командирі Евдокия Бершанскаяның атымен) дейтін.



Хиуаз штурман-снайпер болып Юлия Пашковамен бірге ұшатын. Алғаш рет ол Кавказдағы ұрыс кезінде жараланады. Ал ең қорқынышы да ауыр жаралануы 1943 жылдың 1 сәуірінде болып еді. Бұл жайында ұшқыш Раиса Аронова өзінің «Түнгі перілер» атты кітабында былай деп еске алады: «Сол кездерде жау ұшақтары түн мезгілінде біздің аэродромдардың үстіне жиі өтіп кетіп жүрді. Мүмкін бірдеңені сезді ме, кім біледі? Қорғанышты жасырын түрге

ену үшін, полк командирі ұшақтардың жарық сигналдарын барынша азайтуды бұйырады. Аэронавигациялы оттарды қолдануға да тыйым салады. Оқиға былай болды: екі ұшақ тапсырманы орындап бір мезгілде келді де, ұшақтарын отырғызатын алаңға қонуға бет алып келе жатып, жарықтың аздығынан бірін-бірі байқамай ауада соқтығысып қалады. Бірінші ұшақта Хиуаз Доспанова мен Юля Пашкова болса, екінші ұшақта Полина Макогон мен Лида Свистунова болған еді. Катяның есінде қалғаны, кенеттен шыққан тарс еткен дыбыс пен ұшақтың құлап бара жатқандығы... Ол жерде, үйінділердің арасында есіне келеді. Айнала мүлгіген тыныштық. Катя көмекке шақырып айқайламақшы болып дыбыс шығарады, бірақ кеудесінен тек қана ыңырсыған үн шығады. Тағы да есінен танып кетеді. Бірақ қайтсе де өзінің тірі екендігін білдіру керек деген ой санасында тұрады. Тағы да бір есін жинаған кезде, бар күшін бойына жинап, қорамсаптағы тапаншасын алуға әрекет жасайды, бірақ тағы да есінен тану... Қансыраған, бойында күш-қуаты таусылған Юля Пашкова бірнеше рет тапаншадан оқ атып белгі бере алады. Көп ұзамай апат болған жерге санитарлық машина келеді. Екінші ұшақтағы Полина Макогон мен Лида Свистунова бірден қаза тауыпты, Доспанова мен Пашкованы дала госпиталіне жеткізеді. Юля ота жасап жатқан сәтте қайтыс болады. Катяның бойынан да тіршілік белгілері көрінбейді, сондықтан оны құрбысы Юляның өлі денесінің қасына жатқызады. Бірақ дәрігер оның денесінің өлі адамның денесіндей бозармағандығын байқайды. Дереу қайтадан ота жасап, қолдан келген барлық медициналық іс-шараларды жасап кішкене ғана қағілез қызды аман алып қалуға тырысады. Кенет... О құдірет, Хиуаздың кірпігі қозғалып, ол көздерін ашады. Бірнеше күн мен түн дәрігерлер оның өмірі үшін күреседі. Аяғында гангрена басталады. Оның аяғын кесу-кеспеу туралы сұрақ туындағанда госпитальдың бас хирургі.

- Жоқ мен бұл қыздың аяғын кесе алмаймын, жазылып кеткендей күн туса оған оның аяқтары қажет болады ғой,- дейді.



Катя тірі қалды. Ол ана дүниеден келгендей еді. Оны Ессентукиге басынан аяғына дейін гипске оранған күйінде әкелді. Белгілі бір уақыттан кейін жасалған рентгеннен, оның аяқтарының сүйектерінің дұрыс бітпей жатқандығы белгілі болады. Гипсті бұзып, аяқ сүйектерін қайтадан салады. Байғұс Катюша көп қиындық көрді. Қаншама бейнет шекті десейші...»

Осы оқиғаны Хиуаз есіне былай алады: «Есімді госпитальде жинадым. Аяқ-қолым сынған, арқамның бәрі гипсте. -Юля қайда? деп сұрадым. «Бәрі жақсы, мазаланба, ол осы маңда, қасыңда» деді. Оның мені алдаусыратып айтылған өтірік екенін кейін ғана білдім.»

Хиуаздың аман қалған себебі. қауіпсіздік ережесіне қайшы келсе де, қауіпсіздік белгісін тақпағандыкі екен. Содықтан соқтығыс кезінде оны кабинадан сыртқа лақтырып жіберген. Ал белдік таққандардың бәрі де қаза тауыпты.

Емделіп болған соң ол полкке қайтып келеді, бірақ өз аяғымен барып ұшаққа отыра алмайды, сондықтан оны құрбылары көтеріп апарып кабинаға отырғызады. Қайтарда да өз бетімен кабинадан шыға алмағандықтан, көбінесе сонда ұйықтап, түнеп қалып жүрген. Оның қиналып жүргенін көрген командир Хиуазды штабқа ауыстырады. Енді Хиуаз байланыс штабының басшысы болады.



Соғыс кезінде Хиуаз Доспанова 300 әскери ұшу жасайды. Өз полкімен бірге ол Германияға дейін ұшып жетеді. «Түнгі перілер» Кубанді, Новороссийскні, Қырымды, Белорусияны, Польшаны азат етуге қатысады. Тек Германия территориясының өзінде қыздар 2000 рет әуеге көтерілген. Соғыс кезінде олар барлығы 2 млн 902 980 кг бомба, 26000 өрт снарядтарын лақтырған. Шайқастарда 32 қыз қаза болған.



Хиуаз көптеген марапаттарға ие болған, бірақ олардың ішінде Кеңес Одағының Батыры деген марапат болған жоқ.

Хиуаз Доспанованың бейбіт өмірі мен отбасынан көрініс.

Соғыстан соң Хиуаз 1945 жылы Орал қаласына қайтып келеді. Сол кезде 23 жастағы өрімдей қыз II топтағы мүгедек еді. Ол енді ұша алмады. Авиация Хиуаз үшін соғыс сияқты артта қалады. Ол медициналық институттағы оқуын жағастырғысы келеді, бірақ оны партия қызметіне шақырады. Ол Алматы қаласындағы Жоғары партия мектебіне оқуға түседі, сол жақта болашақ жары Шәку Әміровпен танысады. Екі ұл бала дүниеге келеді, бірақ кіші ұлдары 2 жасында шетінеп кетеді.



Хиуаз апамыздың қызметі оңтайынан келеді:

Қазақстан ЛКЖО (Лениндік коммунистік жастар одағы) ОК (Орталық Комитетінің) хатшысы;

Қазақ КСР-і (Кеңестік Социалистік Республикасы) Жоғары кеңесінің депутаты және бірінші сессияның Президиум хатшысы;

Алматы қалалық партия комитетінің хатшысы.

Бірақ Хиуазға 37 жаста денсаулығына байланысты зейнеткерлікке шығуға тура келеді.

Хиуаздың ұлы-Қаныш Сатпаев атындағы Қазақ ҰТУ оқытушысы Ерболат Амиров:



«Менің анама партия қызметіне бармау керек пе еді деп ойлаймын. Ондай жұмыс қиялшыл, ақкөңіл, мінезі жұмсақ адамға қиын келді ау деп ойлаймын. Кейде үйге мұнайып келетін, бірақ бізге не болғанын ешқашан да айтпайтын. Кейін анама Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтын басқаруды тапсырады, бірақ анам бас тартады да, үй шаруасымен айналысады. 50 жасқа келген кезде соғыстан алған екі жарақат өз дегенін істеді. Анам кісілерден алшақтап өзін қолайсыз сезіне бастады. Ұшқыш құрбылары жұмыс жасап ойнап-күліп жүргенде, анамның көңіл хошы болмады, сондықтан сұхбат алуға келген журналистер анамның мінезі ауыр деп ойлайтын»

Немересі Қанат Шаку: «Әжем соғысты есіне алғысы келмейтін еді»



Хиуаз Доспанова Алматының орталығында тұрды. Қазір ол үйдің қабырғасында мемориалдық тақта ілінген, отбасы, жары Шаку Әміров сол үйде тұрып жатыр.



Хиуаз апамыз 1960 жылы «Под командованием Расковой», 1963 жылы «Халқым үшін» атты майдан естеліктерін жарыққа шығарды. Кітаптар орыс және қазақ тілдерінде шығарылған.



Ерлік иесіне тағзым

Қазақтың жас қызы Ұлы Отан соғысы жылдары Марина Раскова басқарған 46-гвардиялық түнгі бомбалаушы – ұшқыштар полкінде штурман қызметін атқарған. Майдандағы ерлігі үшін ол «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған. Ал төсіндегі «Еңбек Қызыл Ту» ордені соғыстан кейінгі жылдардағы елеулі еңбегінің жемісі.

Хиуаз Доспанова «Абай» операсы мен «Шоқан Уәлиханов» драмасын сахналауға, «Медеу» спорт кешенін салуға және көптеген тарихи маңызы бар еңселі ғимараттардың құрылысына ер азаматтармен иық тірестіре жүріп араласып, көптеген игі жұмыстардың ортасынан табылды. Соғыстан кейін лауазымды қызметтер атқарған Х. Доспановаға 2004 жылы Елбасының Жарлығымен Халық қаһарманы атағы берілген болатын

Оралдық Мұрат Жәкібаев есімді азамат Хиуаз апайдың ерлігін паш ететін «Успеть бы поклониться» атты деректі фильм түсіріп, халық назарына ұсынды. Хиуаз апайдың өзі көзі тірісінде бұл фильмді көріп, авторларға алғысын айтқаны көңілге бір демеу. Атырауда Жеңістің 65 жылдығында Хиуаз Доспанова бюсті тұғырына қойылды. Қазақтың батыр қызын ұлықтау мақсатында атыраулық журналистердің жергілікті, республикалық газеттердегі мақалалары 2012 жылы, Жеңіс күнінде «ЭйрАстана» әуе компаниясы өзінің тұңғыш жекеменшік ұшағына Хиуаз есімін беруімен үндестік тапты. Қазіргі күні аталған әуе компаниясында Дина Нұрпейісова, Күләш Бәйсейітова, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Роза Бағланова, Әмина Өмірзақова есімдерімен аталған үлкен және шағын ұшақтар көкте қалықтап ұшып жүр.



Орал қаласында қазақтың батыр қыздары Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова, Мәншүк Мәметоваларға қойылған ескерткіш

Шынымен де Шығыс жұлдыздары, батыр қыздар Әлия, Мәншүк, Хиуаздардың ерлігін бөліп-жаруға болмайды. Бірақ мектеп бағдарламасында 8 сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан тақырыбына 18 беттік материал берілген екен. Соның ішінде:

Әлия Молдағұлова	Мәншүк Мәметова	Хиуаз Доспанова
153 бет, 4 жол	154 бет, 6 жол	Ешқандай ақпарат жоқ

Оқулық авторлары З.Е. Қабылдинов, М.Д.Шаймерденов, Е.М.Куркеев, Алматы «Атамұра» баспасы, 2019 жыл.



Хиуаз Доспанова қазақ халқының есінде «Қанатты қыз» болып сақталып қалады

Хиуаз Доспанова жайлы жолдар

Ақын Фариза Оңғарсынова	Хиуаз Доспанова – қазақтың ұлы қыздарының бірі. Ол – қазақ даласынан ұшақпен соғысқа аттанған алғашқы батыр қыз. Бүкіл Орта Азия елдерінің ішінде жанқиярлықпен соғысқан, үлкен батылдық көрсеткен қазақтан басқа қай ұлтта Хиуаздай қыздар бар еді?
Кеңес Одағының Батыры Марина Чечнева	Хиуаз Доспанова ұшағын нысанаға ылғи да дәл апаратын және аэродромына да сондай дәлдікпен қона алатын
Қасым Қайсенов	Батыр қыздар-қаһармандар, Әлия Мәншүк және Хиуаз, Бойларында қанық әлем,

	Намыс пенен ар барынан.
Журналист Тұрсын Қалимова	Қазақтың үш батыр қыздарын бір-бірінен бөлектеп қарауды тарих жүгі әсте көтермейді. Әлия мен Мәншүк халқымен қалай табысқан болса, Хиуаз да дәл сол биіктен көрінуге лайық тұлға.

Қорытынды.

Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Фариза Оңғарсынова:

«Хиуаз Доспанова – қазақтың ұлы қыздарының бірі. Ол – қазақ даласынан ұшақпен соғысқа аттанған алғашқы батыр қыз. Бүкіл Орта Азия елдерінің ішінде жанқиярлықпен соғысқан, үлкен батылдық көрсеткен қазақтан басқа қай ұлтта Хиуаздай қыздар бар еді? Оның атына қандай құрмет көрсетсек те, артық емес. Туған жері Атыраудағы халықаралық әуежайға Хиуаз атын беру туралы бастаманы сондықтан да қолдаймын. Хиуаз, Әлия, Мәншүктердің аттарын біз аспандатпасақ, келер ұрпақ алдында айыптымыз. Өйткені біз олардың бірінің көзін көрген, бірінің ерлігіне қаныққан соңғы ұрпақтың өкіліміз. Хиуазға арнап үлкен ескерткіш салу керек деп ойлаймын. Атыраудағы әуежайдың алдында ма, басқа бір көрнекті жерде ме, батыр рухын биікке көтерердей алып ескерткіш бой көтерсе, дұрыс болар еді. Өйткені Хиуаздай батыр қыздар – ұрпаққа үлгі-деген сөзі бізді ойландыруы тиіс» деген екен.

Хиуаз апамыз жайлы деректермен таныса отырып, өзімнің де бойыма таусылмас жігер құйылғандай болды. Қаршадай қыздың ауыр жарақатқа қарамай ұшақты басқаруға қайта келгені жігеріме жігер қосты. Ешқандай ауырлыққа қарамай ұшақ ішінде түнеп жатып, жауға соққы беруге асыққаны мені таңқалдырды.

Сауалнама қорытындысына қарап батыр қыз жайлы кейбір азаматтардың біле бермейтіндігіне таң қалдым, сондықтан кішкене кітапша жасадым да «Қанатты қыздың ерлігі мен өмірін біле жүрсін деп, біраз адамдарға тараттым.»

Хиуаз Доспанованың ерлігі барлық қазақ жастарының бойына күш, жігер берекді, мақтаныш ұялаптады, ерлікке тағзым еткізеді, ұлт қаһармандарына деген құрметтерін арттырады.

Осындай батыр қыз шыққан елімді мақтаныш етемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:


1. <http://www.voxpopuli.kz/history/767-nochnaya-vedma-khiuaz-dospanova-.html>ночная ведьма хиуаз доспанова
2. Хиуаз Доспанова. © yvision.kz
<https://e-history.kz/ru/publications/view/1095>© e-history.kz
3. <http://alashainasy.kz/society/tungyish-ushkyish-kyizyin-halkyi-umyitpaydyi-69753/>

4. Alashainasy.kz
5. «Қазақстан тарихы», Оқулық авторлары З.Е. Қабылдинов,
М.Д.Шаймерденов, Е.М.Куркеев, Алматы «Атамұра» баспасы, 2019 жыл.


Сауалнама қорытындысы

Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны-24
Үлкен кісілер саны-11


1. Хиуаз Доспанова кім?




2. Мектепте ол жайлы дерекпен таныстыңыз ба?



3. Оны неліктен "Қанатты қыз" деп атаған?



4. Хиуаз Доспанова жайлы толық білгіңіз келе ме?



«КЕМЕҢГЕР ТҰЛҒА-ДІНМҰХАММЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ»

Қарағанды облысы білім басқармасының
Теміртау қаласы білім бөлімінің
«№ 3 жалпы білім беретін орта мектебі»
Орындаған 7 «Ә» сынып оқушысы Амаан Перизат
Жетекшісі тарих пәні мұғалімі Оспанова А. С.

Аннотация

Қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірі, ұлт жанашыры, жеріміз бодандықта болған кезде елдігімізді сақтап қалуға елеулі үлес қосқан, республикамыздың басшысы болған Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев жайлы барлық деректерді мектеп оқушылары біле бермейді. "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында ұлы тұлғаның шыққан тегі, өмір жолдары, елімізді көркейтуге қосқан үлесі, жазған еңбектері, қалдырған мұрасы жас ұрпаққа үлгі боларлық. Д.А. Қонаев жайлы зерттеу, тану, білу, дәріптеу әрбір жас қазақтың міндеті.

Сондықтан да бұл жобада ұлтымыздың мақтан етер тұлғасының даралығына сипаттама беріліп, еңбектері насихатталады.

Жоба тақырыбы: Кемеңгер тұлға-Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев

Жобаның мақсаты:

Ұлтымыздың мақтанышы, бірегей тұлға Д.А. Қонаевтың шыққан тегімен, өмірімен, қазақ еліне сіңірген ұшан-теңіз еңбегі мен тарихтан алатын орнын зерттеу арқылы қазақ балаларының патриоттық сезімдерін ояту.

Жобаның міндеті:

- Д. А. Қонаев жайлы мәлімет жинақтау;
- Д.А. Қонаевтың өмірімен таныстыру арқылы мазмұнын ашу;
- Тақырыптың өзектілігі мен ауқымдылығына талдау жасау;
- Тарихи тұлғаның даралығы мен ерекшелігін жұрт назарына паш ету;
- Жиналған ақпараттан кітапша жасап шығару.

Өзектілігі: Кемеңгер тұлғаның өмірін зерттеу арқылы мектеп оқушыларының қазақ халқының біртуар ұлдары жайында білімдерін арттыру.

Болжау:

Егер Д.А. Қонаевтың Қазақ халқына жасаған қызметін ерлік деп бағаласақ, оны балалар мен жастарға таныту керекпіз. Сонда ол борлашақ көшбасшыларға үлкен өнеге болмақ.

Кіріспе

Ел аузында Димаш атанып кеткен халқымыздың ардақты ұлдарының бірі, әлемге қазақ халқын танытқан, ұзақ жылдар бойы Қазақ КСР-ын басқарып, оның экономикасы мен мәдениетін өркендетуге қыруар еңбек сіңірген үлкен ғалым, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері «XX ғасыр адамы» деп танылған асыл адам еді. Табиғатынан ерекше қабілет пен тамаша дарын, терең ой иесі болған Д.Қонаевтың асқан еңбекқорлығы, терең зейіні мен биік парсаты ел аузында ардақталып, аты аңызға айналды.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1994 жылғы 24 ақпандағы Қаулысы негізінде аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Д.А.Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында елімізде бір қатар игілікті іс-шаралар жүзеге асырылды. Соның бірі мұражайдың ашылуы. Еліміздегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қолға алынған үлкен мәселе тарих куәсі саналатын мұражайлардың жұмысына ерекше назар аударылуда екеніндігі мәлім. Сол мұражайлардың біріне осы жұмыс барысында бейнесаяхат жасалады. Мұражайдың ерекшелігі – мұнда ұлы тұлғаның еңбектерімен таныса отырып, Д.Қонаевтың өзі пайдаланған әрбір жәдігерлерді қолмен ұстап, көзбен көруге болады екен. Сонымен қатар қазіргі ТМД, тіпті кешегі КСРО-ның бас хатшыларына да осындай мұражай ашылмаған. Қонаевтың қомақты әрі ерен еңбектерін бүгінгі ұрпақ лайықты өз дәрежесінде бағалап, әрбір Қазақстандық жадында сақтайды деп ойлаймын.

Зерттеу барысында:

- 1) Д. А. Қонаевтың шығу тегімен, өмірбаянымен танысуға;
- 2) Елінің ертеңімен тыныстаған ұлы тұлға Д.Қонаевтыңөзінің ұлты қазақтың болашағы үшін жазған еңбектерімен танысуға;
- 3) Д. Қонаев мұражайының бүгінгі ұрпақ үшін маңызы мен мәнін, сондай-ақ оның ерекшелігін көрсету арқылы ұлы тұлғаларды бүгінгі ұрпақтың жадында сақтауға қадам жасауға және аталған тұлғаның еңбектерінкеңінен насихаттауға;
- 4) Дінмұхамед Ахметұлының бізге белгісіз айрықша қасиеттерін ашу арқылы бүгінгі қоғам қайраткерлерінің пікірлерін тыңдай отырып талдау жасауға болады.

Елінің ертеңімен тыныстаған ұлы тұлға

Дінмұхамед Ахметұлы өзінің «Өтті дәурен осылай» атты ғасырлар пернесінен сыр шертетін естелік-эссе кітабында өз ата-тегі туралы былай деп сыр шертеді: «Н.Аристовтың деректеріне сүйенсек, Үйсіннен – Ақсақал (Абақ), одан – Қараша би, одан Бәйдібек туады. Біздің ата-бабамыз сол Бәйдібектің үшінші әйелі Зерептен туған Жалмамбеттің Ысты деген бел баласынан тарайды. Ал енді өзіме дейінгі жеті атамды қуалап айтсам былай:

Жолын

Нұрмамбет

Азынабай
Қонай
Жетібай – Жұмабай
Меңліахмет
Дінмұхамед

Ата-бабам тегіне тартып, қауға ұстаған кісілер екен. Шаруа баққанмен қара басының қасиетін қадірлей білген. Кісі есігін сағаламай, еңбегін емген. Олар осы күнгі Қапшағай өңірінен Күрті өзенінің оң жақ жағалауын, негізінен Іленің сол қанатынан мына Құйғанға дейінгі жерді қоныс етіпті. Ертеректе бұл жерлер төменгі Іле болысы, Жетісу губерниясы атанған. Қазір осы бір түгін тартса майы шығатын өңірді Алматы облысына қарасты Балқаш, Күрті аудандары жайлап отыр.

Әкесі-Меңліахмет Қонаев 1886 жылы дүниеге келіп, 1976 жылы 90 жасқа толуына үш жыл толғанда қайтыс болса, анасы Зухра Баировна Қонаева 1888 жылы өмірге келіп, 1973 жылы 85 жасында өмірден озған екен. Екеуі де адал еңбекпен өмір сүріп, бел жазбай өз шарауасын өздері дөңгелеткен қарапайым шаруа ортасынан шыққан жандар екен. Болашақ кемеңгер ұлдары Дінмұхамет 11 балалы отбасының 4-ші баласы болған

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – Коммунистік партия мен Кеңес мемлекетінің көрнекті қайраткері, КОКП ОК Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі. Ол 1912 жылы 12 қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қаласында қарапайым отбасында дүниеге келген. 1930 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Д.А.Қонаев Мәскеу қаласындағы Түсті металдар және алтын институтына оқуға жіберіледі. 1936 жылы аталған институтты бітіріп, Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне кен инженері болып қызметке орналасады. Мұнда Д.А. Қонаев бұрғылау станогының машинісі лауазымынан бастап рудник директорына дейінгі жолдан өтті. 1939 жылы КОКП мүшелігіне қабылданды. [1]47 бет. Соғысқа дейінгі жылдары және Ұлы Отан соғысының бастапқы кезеңінде Д.Қонаев майданның қазақстандық арсеналының жауапты учаскелерінің бірінде яғни, «Алтайполиметалл» комбинаты бас инженерінің орынбасары, одан кейін Риддер руднигінің және Лениногор кен басқармасының директоры болды.1942-1952 жылға дейін Д.А. Қонаев Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі, кейінен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарды. 1952 жылғы сәуірде Д.А. Қонаев Ғылым Академиясының академигі және президенті болып сайланды. Кен ісі саласындағы ірі ғалым және талантты ұйымдастарушы ретінде Д.А. Қонаев республика Ғылым Академиясын дамыту жолында көп еңбек етті. Оның басшылығымен институттардың ғылыми жұмысын жақсарту, ғылымның өндіріспен байланысын күшейту, аса маңызды ғылыми бағыттарды кадрлармен

нығайту, ғылыми күштер мен материалдық қорларды, Қазақстанның өндіргіш күштерін және қазақ халқының мәдениетін дамытудың күрделі проблемаларын шешуге шоғырландыру жөнінде маңызды іс-шаралар жүзеге асырылды. Техника ғылымдарының докторы Д.А. Қонаевтың ғылыми еңбектері кен орындарын ашық әдіспен қазу теориясы мен практикасының маңызды мәселелеріне арналған. Ол карьерлерде кен қопарудың тиімді әдістерін зерттеумен және оларды өндіріске енгізумен шұғылданды. Оның «Қоңырат руднигіндегі бұрғылау-жару жұмыстары» деген монографиясында рудниктерді пайдалану мен жобалаудың көп жылдық тәжірбиесі қорытындыланған. Пайдалы кендер шыққан жаңа жерлерді игеру кезінде ашық әдістерді одан әрі кеңінен қолдана берудің тиімділігі дәлелденген. [2] 83 бет. Д.А.Қонаевтың зерттеулері Қазақстанның кен қазу өнеркәсібінде өндірістің тиімділігін елеулі түрде арттыруға ықпал етті. Дінмұхамед Ахметұлының жүзден аса ғылыми еңбектері жарияланды. Олардың ішінде: «Қоңырат мыс кенін қазу» (1949 ж.), «Қазақ ССР-і» (1958 ж.), «Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты карьерлерінде кен қазу технологиясын жетілдіру» (1966 ж.), «Кеңестік Қазақстан» (1978 ж.), «Таңдамалы сөздер мен мақалалар»(1978 ж.) және басқалары бар. 1955 жылы Д.А.Қонаев Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып тағайындалды. Бұл жоғары қызметті ол 1955-1960, 1962-1964 жылдары абыроймен атқарды. Қазақстан Компартиясы X съезінде (1960 ж.) Д.А.Қонаев Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалды. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Д.А.Қонаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің және КСРО Жоғарғы Одағының депутаты болып бірнеше рет сайланды. Шетелдерге барған Кеңес парламенті делегацияларын да басқарды. Қазақстан Компартиясының IV және одан кейінгі барлық съездерінің делегаты болды. V съезден бастап – Қазақстан КП Орталық Комитетінің мүшесі, КОКП ОК XIX – XXV съездерінің делегаты болды. СОКП XXIII съезінде (1966 ж.) КОКП ОК Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат болып сайланды. XXIV съезден (1972 ж.) бастап – КОКП ОК Саяси Бюросының мүшесі. Сонымен бірге Д.А.Қонаев 1962 жылдан бері КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының, 1960 жылдан Қазақ КСР Жоғарғы Президиумының мүшесі болған. Партия оны қай жұмысқа жіберсе де, ол елімізді көркейту жолында өзінің бар білімін, тәжірбиесі мен аса зор ұйымдастырушылық қабілетін жұмсай білді, көп ұлтты Қазақстанда халықтар достығының саясатын белсенділікпен жүзеге асырушы болып табылады. Бұрынғы КСРО халықтарының туысқандық отбасындағы Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін шұғыл өрге бастыруға бағытталған партияның сара жолының жүзеге асуын ұйымдастырушы. Д.А.Қонаев – Ұлы Отан соғысынан әбден күйзеліп артта қалған Қазақстанды толассыз көркейтіп дамытқан, оны алдыңғы қатарлы индустриялы, аграрлық Республика дәрежесіне жеткізген. Қазақ елін тәуелсіз мемлекет тұғырына жан-жақты әрі нық дайындап

беріп кеткен. XX ғасырдағы Қазақстан халқының көсемі, халқымыздың дара перзенті, қазақ мемлекетінің ұлы қайраткері. Коммунистік партия мен Кеңес мемлекеті алдында сіңірген зор еңбектері үшін Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атақ үш рет берілді (1972 жылы 11 қаңтарда, 1976 жылы 6 қазанда және 1982 жылы 12 қаңтарда). Кеңес Одағының көптеген медальдарымен, сонымен қатар Ленин орденімен 8 мәрте «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған, сондай-ақ шетелдердің (Монғолия, Куба, Қытай, Чехословакия) бірқатар сыйлықтарын алған.

Қонаев өмірінің 45жылға жуығын ел басқару ісіне арнады, ширек ғасырға жуық Қазақстанның бірінші басшысы қызметін атқарды. Ол жауапты басшылық қызмет атқара жүріп, республикадағы тау-кен ісін дамытуға қомақты үлес қосты. Республиканы басқарған жылдары Қазақстанда жаңа өнеркәсіпті аудандар қалыптасып, елде жаңа қалалар мен ірі елді мекендер пайда болды. Павлодар-Екібастұз отын-қуат кешені, Қарағандыдағы ГРЭС-2, Шығыс Қазақстандағы Бұқтырма су электр станциясы, Павлодар трактор зауыты т.б. кәсіпорындар осы кезеңде іске қосылды. Маңғыстаудың мұнай кен орындары игерілді, теміржол құрылысы, көлік түрлері дамыды. Республика титан, магний, синтетик, каучук өндіре бастады. Электротехникалық машина жасау, химия салалары дамыды. Жезқазған, Маңғыстау және Торғай облыстары шаңырақ көтерді. Д.А. Қонаев Алматы облысы Кербұлақ алқабын игеруге, Қапшағай су қоймасын, Үлкен Алматы каналын салуға ерекше көңіл бөлді. Алайда Қазақстан экономикасы, жалпы алғанда, Одақ үшін шикізатбазасы бағытында дамыды, мұнда көп жағдайда өнім шығарушыға қол жетпеді. Бүкіл Кеңес Одағына тән экономиканың милитарлануы Қазақстанда да орын алды. Алматы, Өскемен, Петропавл, Орал, Степногорск, т.б. қалаларда үлкен зауыттар әскери өнім шығарумен айналысты. Сонымен қатар Д.А. Қонаев басқарған кезде елімізде 68 жұмысшылар кенті, 43 қала пайда болды. Олардың бірқатары: Рудный, екібастұз, Шевченко (Ақтау), Никольский, Степногорск, Теміртау, Жаңатас, Кентау, Арқалық қалалары. Кезінде солақай саясаттың кесірінен Өзбекстанға беріліп кеткен облысымыздың ең шұрайлы «Ақ алтынның» төркіні саналатын мақталы өңірлер: Мақтаарал, Жетісай, Киров аудандары қайтарылып алынды. Қазақстанның кең байтақ жерін бөлшектеп, ыдырату жолымен қазақтың өр рухы мен ұлттық намысын жаныштап, отар ел ету мақсатында ойластырылып, құрылған тың аймақтары мен Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан өлкелері таратылды. Ол Қазақстанда неміс автономиясын құру, Маңғыстауды Түрікменстанға беру жөніндегі Орталықтың ұсыныс-жоспарларына қарсы шықты.

Ауылшаруашылығы, оның ішінде мемлекетке астық тапсырудың артуы, төрт түлік мал басының өсіп-өнуі, жеңіл өндіріс пен ауыр өнеркәсіптің

қатар дамуы, халықтың әл-ауқаты мен тұрмысының жақсарғаны бәрі-бәрі Д.Қонаев республиканы басқарған тұс.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1994 жылы 24 қаңтардағы Қаулысының негізінде аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Д.А.Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында елімізде бірқатар игілікті іс-шаралар жүзеге асырылды. [3] 18 бет. Атап айтқанда, Ұлттық Ғылым Академиясының Тау-кен және түсті металлургия институтына, еліміздің бірқатар мектептері мен көшелеріне Д.А. Қонаевтың есімі берілді. Алматыда, Қарағандыда, Д.А.Қонаев атындағы институт бар.

1992 жылғы 13 қарашада Алматыда Халықаралық Қонаев қоры құрылып, жұмыс істеуде. Бүгінде еліміздің бірқатар облыстарында, яғни Шымкентте, Жамбылда, Ақтөбеде, Қостанайда, Солтүстік Қазақстанда, Талдықорғанда және Өзбекстан мен Қарақалпақстанда осы қордың бөлімшелері жұмыс істейді. 2002 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында Д.А.Қонаевтың мұражай-үйі ашылып, ұлы тұлғаның өмірі мен қызметіне байланысты бағдарлама бойынша бірқатар жұмыстар қолға алынды. Амал не, Дінмұхамед Ахметұлының жүрегі 1993 жылы 22 тамызда өзінің соғуын мәңгілікке тоқтатты. Адамзат баласына ізгілік нұрын шашқан мейірбан жанға Алматы облысының Алакөл ауданындағы Ақши ауылында (Жоңғар қақпасы) 2003 жылғы 15 тамызда арнайы құлпытас орнатылды. Әр жыл сайын Дінмұхамед Ахметұлы дүниеден озған 22 тамыз күні туған халқы мен көз көрген замандастары, сонымен қатар оның ізбасарлары үнемі еске алып, ескерткішіне гүл шоқтарын қойып отырады.

Д.А.Қонаев мұражайының бүгінгі ұрпақ үшін маңызы мен ерекшелігі.

Ұлы тұлғаның рухы үшін қазақ қайраткерлерінің бүгінде атқарып жатқан іс-шаралары аз деп айтуға болмайды. Соның бірі 2002 жылғы 12 қаңтарда Алматы қаласында Д.А.Қонаевтың 90 жасқа толуына байланысты Төлебаев көшесіндегі, № 117 үйде ашылған мұражай. Мұражайға 2002 жылдың аяғына қарай 154 зат жиналды. Ал 2007 жылы 2800 жәдігер жиналды. Мен отбасылық жағдайға байланысты осы мұражайды көру үшін Алматы қаласына бара алмадым, бірақ бүгінгі күннің күннің электрондық мүмкіндігін пайдаланып <https://www.google.kz/search?q=Алматы+Қонаев+атындағы+мұражай> сайты арқылы Д.Қонаев мұражайының тарихымен кеңінен танысып, нәтижесінде өзіме қажетті көптеген пайдалы да қызық материалдар жинақтадым.

Қазақ халқының асыл азаматтары мен тарихи тұлғаларын құрметтеу, оны мақтан тұту біздің міндетіміз. Осы арқылы біз әлемге қазақтың тарихы мен тарихи тұлғаларын таныстыра аламыз. Мұражайда Д.А.Қонаевтың өзі пайдаланған, оған сыйға тартқан әр түрлі заттар қойылған:

1. Д.А. Қонаевтың кабинеті: өзі отырған жұмыс кабинетінің үстелі, орындықтары
2. Д.А.Қонаевтың жеке заттары

3. Д.А.Қонаевтың сыйлықтары
4. Өзі жинаған пышақтар, қару жарақтар коллекциясы
5. Ұлы тұлғаға 50 жыл
6. Студенттер мен мектеп оқушылары жазған ғылыми жұмыстар
7. Жұбайы Зухра екеуіне арналған бұрыш (50 жыл 6 ай 2 күн)
8. Кітапхана
9. Д.А.Қонаев – Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы
10. Республика, қала, облыс, аудандарда қойылған ескерткіш, мүсіндер
11. Д.А.Қонаевтың барған жерлерінде түсірілген суреттер мен альбомдар
12. Ата-анасының портреттері
13. Ұлы Отан Соғысына 63 жыл
14. Д.А.Қонаевтың ата-тегі жайлы мәлімет.

Ғылыми-жобаны дайындау, зерделеу барысында мұражайға қойылған әрбір құжаттармен, кеңінен таныстым. Дінмұхамед Қонаевтың ұстаған қару-жарақтарын өз қолыммен ұстап көрсем-ау деп қызықтым. Ұлы тұлғаның өзі жинап, қолданған заттары адамға ерекше әсер қалдырады екен. Мұражай директоры Б.Заманбеков пен мұражай директорыны орыбасары Бекмұратова Г. бүгінгі заман талабына сай қайталанбас мұражайдың негізін қалаған екен. Мұражай 2002 жылғы 12 қаңтардан бастап Д.А.Қонаевтың 90 жылдығына қарсы ашылды. Мұражайды ашу идеясы Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа тиеселі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мұражай бүкіл дүние жүзілік қайталанбас мұражай болуын қалады. [6] 6 бет. Иә, шынымен де осындай мұражай бірде-бір КСРО басшыларында жоқ екен. ТМД елдерінде де мұндай мұражай құрылмаған екен.

Мұражайдағы жәдігерлерге тоқталсақ:

Д.А.Қонаевтың кабинетіндегі оның өзі отырған орындық пен үстелге отырсаңыз сізге ерекше бір күш, жігер беретіндей сезімде болады екенсіз. Димаш атаның өзі жинаған пышақтары бір төбе. Жұбайы Зухра апаймен бірге Димаш ата 50 жыл 6 ай 2 күн отасқан екен. Кез-келген жастар Димаш ата мен Зухра әже сияқты «Алтын тойға» жетуге мақсат қояды деп санаймын. Студенттер мен мектеп оқушыларының жазған ғылыми жұмыстары, әр жерлерде, әр кезеңде түсірілген фотосуреттер тарихының орны мен маңызы зор, өте құнды деректер. Кез-келген адамдар біле бермейтін мәліметтің бірі КСРО бойынша Д.А.Қонаев коммунистік партия қатарына 12-коммунист болып тіркеліп, тиісті партия билетін алған екен.

Тарихи құны бар барлық жәдігерлерді жинақтап, сақтап болашақ ұрпаққа жеткізу әрбір саналы азаматтың міндеті деп ойлаймын. Тарихын бағаламаған адамның болашағы бұлыңғыр болмақ. Өйткені ата-бабаларымыздың құнды заттарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу парызымыз және халқымыз үшін өлмес қазына деп санаймын.

Д.А. Қонаевтың біз білмейтін ерекше қасиеттері мен оның мұражайдағы көрінісі

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап өз тарихымызды таразылауға, оған ұлттық таным тұрғысынан баға беруге кең жол ашылды. Қазақтың ұлы тұлғаларын зерттеп-зерделеп жан-жақты жұмыс жасауға түрлі ғылыми ұйымдар мен ғалымдар, қоғам қайраткерлері өз үлестерін қосуда. Сонымен бірге біздің «XX ғасыр адамы» Д.А.Қонаевтың қазақ халқы үшін аянбай еткен еңбегі бүгінгі ұрпақ үшін өте маңызды. 1962-1964 жылдары Қазақ КСР бірінші хатшы қызметіне Юсупов тағайындалады. Себебі Қазақстанның 5 ауданын орталықтың шешімі бойынша Өзбекстанға беру керек болды. Осы шешімге қарсы шыққаны үшін Д.А.Қонаевты биліктен босатты. 1952 жылы Д.А.Қонаевтың мүсінін Наурызбаев 3 сағатта жасаған, бірақ өзі тірісінде мүсінді қоюға рұқсат бермеген.

Бибігүл Төлегенова, халық әртісі. Әлі есімде, мен Ленин сыйлығына ұсынылып, өтпей қалғанда Д.Қонаев шақырып алып: «Ештеңе етпейді, келесі жолы жеңіп шығасыз. Сізге лауреат атағы беріледі деп үміттенем» деген еді. Ленин сыйлығын сол жолы Людмила Зыкинаға берген болатын. Ол өте әңгімешіл адам еді, бәрінен адамдардың есімдері мен оқиға мерзімдерін жадында жаттап ұстай білетін қабілетін айтсаңызшы. Димаш Ахметұлы кетерімде маған өзінің естелік кітабын ұсынды. 40 жыл билік тізгінін ұстағандығын және ешкімге өкпесі жоқтығын айтып отыратын. Бірде Димаш Ахметұлы маған әңгіме барысында «Ешқашан ешкімнің сыртынан ғайбат сөз айтпа»,- деді. [7]48бет. Мен одан өзгелер туралы бірде-бір жаман сөз естіген емеспін. Димаш Ахметұлының туған күнінде болғанымда назарымды аударғаным, Димекеңнің туыстары оған үлкен құрметпен, табына қарайды екен. Шынында да ол тумысынан көшбасшы болып жаратылған жан еді. Әр сөзінің салмағы қандай! Сөйте тұра қарапайымдылығынан танбайтын, қарапайым адамдарды да сүйетін. Маған Социалистік Еңбек ері атағын бергенде бірінші болып телефон шалып, құттықтап, менің бұл атақты оның ел басқарған тұсында ала алмағанымға өкініш білдірді. Сондай адамның жарқын бейнесін жадында сақтамау күнә болар?

К.Аухадиев: Алматы қаласының бұрынғы бірінші хатшысы:«Сергек жүретін, ширақ қимылдайтын, бірақ сабырмен, ақылмен, кішіпейілділікпен ел басқарған Қонаев бәрімізге адал қызмет жасаудың үлгісін көрсетіп кеткендей. Қонаевтың үлгісі – қазақтың қасиеттілігі».

С.Абдильдин: Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы «Ширек ғасыр ел басқарған Димаш Ахметұлы Қазақстан Коммунистік партиясының ғана емес, көп ұлтты республика халқының да көшбасшысына айналды. Оны бәрі құрмет тұтты, жақсы көрді. Әсіресе, оның қарапайым халық арасындағы беделі өте жоғары еді. Бүгінгінің өлшемімен алғанда, сол кезеңде қауіпті саналған кейбір

сөздерді Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысының атына оның үзеңгілестері айтатын». [8] 259 бет

Н.Ә.Назарбаев – Қазақстан Республикасының Президентті: «Дінмұхамед Ахмедұлы Қонаев шын мәнінде өз заманының үлкен саясаткері. Ғасырдың үштен бір бөлігі бойы билік құрған жылдары Қазақстанды басқарды. Д.А.Қонаевтың алдында сол жүйедегі ең күрделі де қызу жұмыс жылдары тұрды. Мен оған әр кез, тіпті қарым-қатынасымыздың ең қиын шақтарында да ізгі құрметпен қарадым. Д.А.Қонаев Қазақстан тарихында ұлы саяси тұлға ретінде орын алатыны сөз жоқ.»[9]258бет.

Димаш ата көгершіндерді өте жақсы көрген екен. Зейнетке шыққанда көгершіндерді күтіп баққан. Балаларға көгершіннің жұмыртқасын алмауды үйреткен.

Д.А.Қонаевты қаншалықты әлем таныса, дүние жүзіне белгілі саясаткер, ірі мемлекет және қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, академик десек те, ғылыми еңбектерінің адамгершілік қасиетінің өмірі мен қызметін терең зерттеп жеке кітап етіп шығарып, халықтың жас ұрпақтың игілігіне айландыру қажет деп санаймын. [10]81бет

Ұлы тұлғаларға мұражайлар ашып, оларды тиісінше құнды заттармен толықтырып ұстау әрі оны бағалай білу болашақ үшін өте маңызды іс. Жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде алар орны ерекше. Мектеп бағдарламасы бойынша мұражайларда сабақтар өткізудің де маңызы мен мәні зор деп есептеймін. Дана қазақ халқы «Өткенді білмей – болшақты болжау мүмкін емес» деп бекер айтпаған.

Қорытынды

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген» – деп ұлы тұлғалардың тарихтан алар орнын көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан бері көптеген жетістіктерге жетуде. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мемлекетіміздің мәдени мұраларға көптеп көңіл бөлуі мұражайлар тарихын қалыптастыруда. Соның бірі «XX ғасыр адамы» Д.Қонаевтың мұражайы, ал ол біз үшін үлкен еңбегі бар тұлға. Ал осындай ұлы адамның төңірегінде айтылатын кереғар пікірлер мен сияқты жастарға әсер етпесе екен деймін. Сауалнама көрсеткендей Димаш ата туралы жастардың білімі азаймаса екен.

Бір жобаға Димаш атаның ұшан-теңіз еңбегін сыйғызу мүмкін емес. Жобаның жалғасы ретінде ұлы тұлғаның жазған еңбектерін зерттегім келеді. Табиғатынан ерекше қабілет пен тамаша дарын, терең ой иесі Димаш атаның асқан еңбекқорлығы жас ұрпаққа, яғни біздерге мол мұра екендігі анық.

Патриоттық тәрбиенің бастауы да осы болар еді. «Өз тарихын сыйламаған халық, өзін де сыйламайды» деген елбасы Н.Назарбаевтың сөзін есте ұстауымыз қажет-ақ. Біздің тарих ең құнды, маңызды, тарихи тұлғалары мақтан етерлік бай тарих. Сондықтан осы бағытта алдағы уақыттарда талмай, қажымай ұлтымыз үшін ұйысып жұмыс жасауымыз қажет

Қолданылған әдебиеттер:

1. Б.А.Тулепбаев, К.У.Тулепбаева: Д.А. Қонаев выдающийся государственный и политический деятель. «Алматы» -2006 [1]47 бет,[2]83бет [8]258 бет, [9]259бет.
2. А.Ш.Татығұлов «Өзекті өмір» эссе мақалалар, Алматы 2000 жыл[3]18 бет
3. Алып таулар алыстан көрінеді. «Ақиқат» журнал, №1 1998 жыл.[4]163бет
4. Д.А.Қонаев:Ақиқаттан аттауға болмайды. «Санат» Алматы 1994 жыл.
5. Мир евразии, 2007 жыл № 08[5]47бет.[7] 48 бет.
6. Б.Әжібеков: «Әлемге танылған – кемеңгер Қонаев»[6] 6 бет «Арай» газеті. 10.01.2008 жыл
7. Тарихи Тұлғалар. Алматыкітап, 2006 жыл [10] 81 бет.
8. Г.Назарбаева, Х.Әбжанов: Қазақстан тарих тұлға теория. Алматы 2004 жыл.
9. <https://surak.baribar.kz/208737/>
10. <https://alaqol.wordpress.com/тұғыры-биік-тұлға/>

Сауалнама ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР

Қатысқан адамдар саны- 20,
(25-60 жастағы кісілер-10,
12-18 жастағы жастар-10).

Сұрақтар

1. Д.А. Қонаев кім?
2. Атқарған қызметі
3. Қазақ еліне сіңірген еңбегі
4. Жазған еңбектерін атасаңыз
5. Д.А Қонаевтың атындағы нысандарды атасаңыз
6. Қонаев мұражайын көрдіңіз бе?
7. Атақты атамыздың шыққан тегіне тоқталсаңыз
8. "Ғасыр адамы" атағына лайық деп ойлайсыз ба?

Жауаптар

25-60 жас аралығындағы кісілер


1. Білемін-10
Орташа деңгейдегі жауап-0
Білмеймін-0
2. Білемін-8
Орташа деңгейдегі жауап-2
Білмеймін-0
3. Білемін-5
Орташа деңгейдегі жауап-5 Білмеймін-0
4. Білемін-2
Орташа деңгейдегі жауап-2
Білмеймін-6
5. Білемін-1 Орташа деңгейдегі жауап-8
Білмеймін-1
6. Ия-0
Жоқ-10
7. Қазақ-6
Нақты айта алмаймын-2
Білмеймін-2
8. Арине-10
Білмеймін-0
Жоқ-0

12-18 жастағы жастар-10


1. Білемін-1
Орташа деңгейдегі жауап-6
Білмеймін-3
2. Білемін-1
Орташа деңгейдегі жауап-5
Білмеймін-4
3. Білемін-1
Орташа деңгейдегі жауап-3
Білмеймін-6
4. Білемін-0
Орташа деңгейдегі жауап-1
Білмеймін-9
5. Білемін-1
Орташа деңгейдегі жауап-2
Білмеймін-7
6. Ия-0
Жоқ-10

7. Қазақ-10
 Нақты айта алмаймын-0
 Білмеймін-0
 8. Арине-6
 Білмеймін-3
 Жоқ-1

25-60 жас аралығындағы кісілер



12-18 жас аралығындағы жастар-10



«АТАМНЫҢ АМАНАТЫ»

Қарағанды облысы білім басқармасының
Қарағанды қаласы білім бөлімінің
«Бауыржан Момышұлы атындағы мектебі» КММ
8 «Б» Жас сарбаз сынып тәрбиеленуші
Асланұлы Диас
Жетекшісі: Медеубаева Динара Муратбековна
ағылшын тілі мұғалімі

Кіріспе

Ұлы Жеңіс күндерінен бері біршама уақыт өтті... Осы кезеңге дейін қаншама айтылып, қанша кино түсірілген, адамзат тарихына өшпес із қалдырған жойқын соғыстың ұмытылмасы ақиқат. Себебі, өткен тарихты білмей, қазіргі сәт пен жарқын болашақты бағалау мүмкін емес. Өткен тарихымызды ой елегінен өткізіп, ғасырлар қойнауына көз жіберер болсақ, қазақ халқы небір қиын – қыстау кезеңдерді, ауыр күндерді басынан кешірген.

Жұмыстың өзектілігі: Екінші дүниежүзілік соғыста біздің отандастарымыз жауынгер бабаларының даңқты жолын лайықты жалғастыра білді. Олар қазақтың қайсар, рухы биік, батыр халық екенін дүние жүзіне дәлелдеп берді. Арын – байрақ, намысын найза еткен ерлердің қаһармандығы аңызға айналды. Жасанған жауды жұмылған бірлігімізбен жеңдік. Қанқұйлы соғыс жылдарында бүгінгі Қазақстан халқының мызғымас бірлігі қалыптасты. Біз ел басына түскен зұлмат жылдардың зілдей салмағын жан жүрегімізбен сезініп өсеміз. Сондықтан біз адамзат баласына орны толмас қайғы қасірет әкелген зұлмат соғыстың жер бетінде енді қайталанбауын тілейміз. Соғыста қаза тапқандардың рухы мен көзі тірі ардагерлеріне аса зор құрметпен қарауға шақырамыз.

Жұмыстың мақсаты: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Тегісшілдік ауылының тұрғыны, менің үлкен атам Акишев Балшкеннің жауынгерлік жолы мен ерлігін зерттеу және өмірбаянын толықтыру.

Жұмыстың міндеттері:

- Атам Акишев Балшкеннің Ұлы Отан соғысындағы ерлігі туралы тың мәліметтерді зерттеу, жинақтау, жүйелеу;
- «Atamnyn amanaty» жобасы және Жас Сарбаз сынып тәрбиеленушілерінің аталған қозғалысқа қосқан өзіндік үлесімен таныстыру;
- «Жас Сарбаз» тәрбиеленушілердің арасында «Ер есімі-ел есінде» жобасын бастау.

Зерттеу әдістері: отбасы құжаттар архивімен танысу, интернет желісінен ақпарат іздестіру, сараптау, жүйелеу, сұхбат алу.

Негізгі бөлім

«Atamnyn Amanaty» жобасы

Өмір жайлы сұрай берме сен менен,

Өмірді мен әлі зерттеп көрмегем.

Өмір жайлы білгің келсе қартқа бар,

Қан майданнан жалғыз ұлы келмеген – деп ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай Ұлы Отан соғысында қан майданнан жалғыз ұлы келмей қалған, хабар-ошарсыз кеткен қаншама отбасылар бар. Сол жауынгерлерді іздестіріп, қаншама жылдар өтсе де туысқандарымен табыстырып, үлкен игі іс жасап жатқан- «Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігі екенін ерекше айтқымыз келеді.

«Atamnyn Amanaty» ҚБ 2019 жылдың мамыр айында құрылды. Бірлестіктің басты мақсаты - Қазақстаннан шақырылған Ұлы Отан соғысының әр қатысушысын мәңгі есте сақтау.

Ресми деректерге сәйкес, Қазақстан аумағынан шақырылған хабар-ошарсыз кеткен сарбаздардың саны 271 000-нан асады. Соғыс кезінде мерт болған және хабарсыз кеткен қазақстандық майдангерлердің жерленген жерлерін іздеу; Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасын сақтау арқылы Ұлы Отан соғысы тақырыбын жастар арасында насихаттау, әр қазақстандық жауынгердің өз отбасы мен Еліне қайтып оралуы – бұл қазақ халқы менталитетінің негізі болып табылатын тектілік жадыны қалпына келтіру болып табылатыны сөзсіз.

Бірлестіктің жұмысы барысында Екінші дүниежүзілік соғыста хабарсыз кеткен қазақ жауынгерлерін іздеуге 5 мың өтініш түскен, жұмыс нәтижесінде 1012 қазақстандық жауынгерлер табылды, 9 жауынгерлерінің сүйегі Отанына әкелініп, жерленген.

Сол 1012 қазақстандық табылған жауынгерлердің ішінде менің атам Акишев Балшкен еді.

Батыр атамның өмірбаянындағы тың деректер

Алаштың айбыны болған батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы 1990 жылы Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Даңқты қолбасшы, қазақ халқының ұлттық рухын қорғауда ерекше еңбек еткен қайраткер жазушы. Оның өнегелі өмір жолы әскери портреті талай жанға үлгі болған. Жас ұрпақ біздер батыр баба ізімен патриотты тұлға болу басты мақсатымыз.

Бауыржан ата – қазақтың батыр тұлғаларының бірі. Жазушының отансүйгіштік рухы қазақ балаларын патриотты батыл болуға жетелейді. Бауыржан атадай батыры бар қазақ елінің рухы мықты болмақ. Бауыржан Момышұлы батыр баба ізімен елімнің батыр ұлы, еліме адал қызмет ететін жас қыраны болу басты арманым.

Негізгі бөлім

1. Бауыржан Момышұлының өмір жолы

Кеңес Одағының батыры, жауынгер Бауыржан Момышұлы Жамбыл облысында 1910 жылы 24 желтоқсанында, Көлбастау ауылында дүниеге келген. Әкесінің аты Момынәлі, халық Момыш деп аталып кеткен. Әкесі Момыш 1911 жылы 92 жасында қайтыс болған. Әжесінің есімі Қызтумас, қартайған шағында Сарыкемпір деп атап кетіпті.

Анасы Разия Әбдірахманқызы, руы Байтан. Анасы Разия ұлы Бауыржан үш жасқа келгенде қайтыс болды. Бауыржан Момышұлының ана туралы барлық ойлары негізінен әжесі мен әкесінің әңгімелерімен қалыптасты. Сондай-ақ, қазақтың батыр ұлының өзінен үлкен төрт әпкесі болды. 1929 жылы Бауыржан тоғыз жылдық Әулиеата мектебін бітіреді.

Бауыржан Момышұлының бірінші әйелі Жамал Бұқаевадан жазушы Бақытжан Бауыржанұлы дүниеге келді.

Екінші әйелі Жамал Қалибекқызы Қуанышбаевадан Рамзан есімді ұлы болды. Ғайникамал Баубекова Бауыржан Момышұлының үшінші әйелі қайтыс болғанға дейін 12 жыл бірге өмір сүрді.

2. Ұлы Отан соғысының қаһарман қолбасшысы

Бауыржан Момышұлы соғыс жылдарында адуынды да қатал әскери басшы, карамағындағы жауынгерлер мен офицерлердің ақылгөй жетекшісі, бола білді. Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының 1990 жылдың 12 желтоқсанында туғанына 80 жыл толуына орай Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді. Бауыржан Момышұлы – Ұлы Отан соғысының басынан кіріп, аяғынан шыққан, ерлігі елдің есінен кетпейтін талантты да қаһарман қолбасшы.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен, майданға аттанды. Мәскеу үшін шайқаста аға лейтенант Бауыржан Момышұлы басқарған батальон жауынгерлері асқан ерлік көрсетті. Жауынгерлер батырлықтың, тәртіптіліктің үлгісін көрсетіп, өздерінен күші төрт есе басым жаумен бір ай бойы күресті. Алайда аласапыран қысылшаң жағдайға ұшыраған кейбір полктердің баталон, роталармен байланысты үзіліп, жауынгерлердің қай жерде, қандай халде екенін білу қиынға соқты. Сондай жағдайға ұшырағандардың бірі – Бауыржан басқарған батальон еді. Баукең енді шегінудің нақты жоспарын жасады. Батальонның алдында жүретін 15 адамнан құралған барлаушы қойып взвод-взводпен бөлек-бөлек болып, бірінің ізімен бірін жүргізуді ұйғарды. Батальон алдындағы барлаушыларды аға лейтенант Рахимов пен саяси жетекші Мұхаметқұл Слэмқұлов басқарды. Күндіз жау көзіне түспеу үшін жауынгерлеріне түнделетіп жүруді бұйырды. Күндіз қалың тоғайда тыныстап, түнде барлаушылар арқылы белгіленген бағытпен сақтана жүріп отырды.

Қарағайлы тоғай іші қалың қар, жауынгерлер шаршаған, әйтсе де табанды төзімділік көрсеткен батальон екі күннен кейін Новлянск пен Ивановск

деревняларының аралығынан шықты. Барлаушылардың айтуы бойынша, осы Ивановск деревнясында панфиловшылардың 1075-полкінің бірінші батальоны тұрады екен. Бұлар әлі шайқасқа қатыспапты. Әдісқой, тәжірибелі комдир И.В.Панфилов бұл полкті уақытша әдейі резервте ұстап тұрған екен. Жау қоршауынан шығып, түгелдей аман оралған Б.Момышұлы басқарған батальонды генерал И.Панфилов зор қуанышпен қарсы алды.

Мәскеуге ұмтылған неміс әскерінің екпінін баяулатып, қатты шығынға ұшыратты. Бұған қоса жан-жақта қоршауда қалып қалған бөлімшелердің басын біріктіріп, алдыңғы шепке әкеліп қосты. Бауыржанның бұл тапқырлығы соғыс кезінде жаппай тәжірибеге айналды. Жаудың қоршауында жүріп, жауынгерлерді аман сақтай отырып соғысу, қоршауды бұзып шығу, тағы да басқа айла-тәсілді меңгерген шебер қолбасшы.

Мысалы, генерал-майор И.Панфилов дивизия бөлімдерінің жаңа шепке жылжып орналасуы үшін Б.Момышұлына өз батальонымен жаудың шабуылын 4 күн тежеп, ұстап тұруға тапсырма береді. Батальон өзінен он есе көп жау тобына қарсы шайқасты, оған ілгері жылжуға мүмкіндік бермеді. Бұл тапсырманы ойдағыдай орындап, немістердің мыңдаған адамын жойып, 5-ші күні орман ішімен жүріп, өз дивизиясына қосылу әрекетін жасайды. Ол оңайға түспейді. Айнала қоршаған жау әскері. Осындай жағдайда Б.Момышұлы түнде жүріп, және мынадай амал-құлық жасайды. Жолмен жүріп бара жатқан жау колоннасының арасына байқатпай кіріп, батальонына немісше бұйрық беріп, бір қолайлы қалқа жерге келгеннен кейін жолдан шығып кетеді. Сөйтіп, аман-есен өз дивизиясына келіп қосылады. Жау қоршауын қайта-қайта бұзып өтіп, дивизияға әкеліп қосу үлгісі тек Бауыржанның ғана қолынан келетін тәсіл болатын.

Кейіннен генерал-полковник, Кеңес Одағының батыры, 8-гвардиялық дивизияның қолбасшысы болған И.М.Чистяков «Дружба народов» журналында жариялаған естелігінде былай деп жазды: «1073-атқыштар полкының командирі майор Момышұлын мен соғыстан бұрын білетінмін. Біз Қиыр шығыста бірге қызмет еткенбіз. Ол қазақ ұлтынан шыққан, алған бетінен қайтпайтын, қатал мінезді, сымбатты келген жас командир болатын. Оны ерекше ерлігі мен тапқырлығы үшін Панфиловтың өзгеше жақсы көргенін де білетінмін. Мәскеу түбінде оның батальоны полктан хабар-ошарсыз күйде, бірнеше күн қоршауда қалып, қалың жаумен қиян-кескі ұрыс жүргізген. Екі тәулікке созылған қырғын соғыста гвардияшылар төрт жүзден астам фашистердің көзін жойып, олардың Волоколам тасжолы арқылы жасаған шабуылын тырп еткізбей бөгеп тастаған. Содан кейін орман ішінде маневр жасай отырып, өздерін қоршаған жау шеңберін тас-талқан етіп бұзып шығып, полкке келіп қосылған болатын. Осы ұрыстан кейін Панфилов Момышұлының батальонын өзінің резерві етіп ұстап,

оны ең қиын-қыстау жерлердегі ұрыстарға жіберіп отырды. Соның бәрінде де батальон үздіксіз жеңіске ие болды».

Зерттеу бөлімі

1. Бауыржан Момышұлының әскери тәжірибесін үйретуі

Даңқты қолбасшының әскери өнері, ұрыс жүргізу айла-тәсілдері, әскерлерге басшылық ету мен оларды басқару қабілеті жоғары басымдылыққа ие болды. сондықтан Бауыржан Момышұлының орасан зор соғыс тәжірибесі, жазған еңбектері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет етіп жатқан әскери қызметшілер, офицерлер, командирлер мен сарбаздар үшін күнделікті басшылыққа алатын кітап, оқу құралы.

Көзінің тірісінде-ақ аңызға айналған ұлы тұлға – Бауыржан Момышұлы. Қазақ даласында батыр д аз болған жоқ. Бірақ олардың ешбірінің даңқы алты алаштан асып әріге асып көрген емес. Ал, Бауыржан атаны төрткүл дүние халқы түгел таныды. Бауыржан Момышұлын өзгелерден даралап тұрған айырықша қасиеті –қай кезде де ұлт мүддесін сақтай білген, соғысқа қатысып, 5 рет өлімнің құрсауында қалған, 2 рет өлімші болып жараланған. Бірақ өліммен бетпе-бет келген сәттердің барлығында не негізгі жауынгерлік құрамымен қоршаудан аман-есен шығып, өз девизиясына қосылып отырған.

Баукең — XX ғасырда өз тілі мен дәстүрінен, ата салтынан қол үзіп, мәңгүрттене бастаған өз ұлтына қабырғасы қайысқан. Батыр бабамыздың артында қалған мұраларының бізге берері көп.

1945 жылдың ақпан-наурыз айларында, Приекуле станциясының солтүстік-батысында Момышұлы басқарған бөлімшелердің күшімен күшейтілген жаудың қорғаныстары бұзылды. Бөлімшенің шебер әрекет етуінің нәтижесінде 15 елді мекен жау қолынан босатылып, немістерге айтарлықтай зиян келтірілді.

1946 жылы Бауыржан Ворошилов атындағы әскери академияның тыңдаушысы болды. Ал 1948 жылы Генералдық штабтың әскери академиясын аяқтады. 1948 жылдың аяғында полковник Момышұлы құрлықтағы әскерлердің бас қолбасшылығына тағайындалды және Шығыс Сібір әскери округінің 49-шы жеке атқыштар бригадасының командирінің орынбасары болды. 1950 жылы Калининде Молотов атындағы ҚарМУ-дың Логистика және жабдықтау әскери академиясының жалпы тактика және пайдалану өнері кафедрасында дәріс берді. 1955 жылы ауруына байланысты Кеңес әскерінің қатарынан шығып кетті.

Бауыржан Момышұлы үлкен әскери тәжірибе ие болды. Майданның алдыңғы қатарында бола отырып, ол тек бұйрықты ғана орындамай, әскери ғылымды едәуір байытқан өз ілімін жасады. Оның ойлары мен әрекеттері соғыстың немесе шайқастың тактикалық және стратегиялық шешімдерінен әлдеқайда кең болды. Ол өзінің әскери тәжірибесін жас ұрпаққа үйретті.

Бауыржан Момышұлы соғыста жеңіске жетудің бір себебі ретінде психологиялық фактор идеясын ұсынды. Алайда кеңес дәуірінде бұл фактор

назарға алынбағанын атап өту керек. Ол кезде Совет халқының техникасы мен қару-жарағының, жаппай ерлік көрсетуінің арқасында жеңіске жетті деп саналды. Тек соңғы уақытта ғана жергілікті жанжалдар мен соғысты талдай келе, әскерлерді моральдық-психологиялық тұрғыда қолдау туралы әңгімелер айтыла бастады. Демек, бұл Бауыржан Момышұлының стандартты емес көзқарасқа ие екенін тағы бір дәлелдеді.

1963 жылы Кубаға сапары кезінде жауынгерлік дайындық туралы дәріс оқыды. Куба қорғаныс министрі Рауль Кастромен кездесті және сол кезде оған Кубадағы революциялық қарулы күштердің 51-ші полкінің құрметті командирі атағы берілді. Тіпті, АҚШ, Куба, Израиль және Никарагуаның әскери орындарында Бауыржан Момышұлының әскери тәжірибесі зерттелуде.

Әскери ерліктерден басқа Бауыржан Момышұлы жазушы болып тағы бір ерлік жасады. Қаламды қолға алмай тұрып, ол өз мүмкіндіктері мен жауапкершілігін өлшеп алды. Себебі, кейіннен халық оны жазушы және азамат ретінде бағалайтын болды.

Ол талантты, қатал қолбасшылығының үстіне ойшыл, шешен. Ол жауынгерлерімен бірге соғыста шынықты, соғыста шыңдалды, соғыста өсті. Оны қатардағы сарбаздар әділдігі үшін, әскери өнерге жетіктігі үшін, жауынгердің жанын ұға білетін зерделігі үшін жақсы көрді, сыйлады, оған сенді. Ал командирін шын сыйлаған солдат жаудан жеңілмейді, өлімді де жеңіп шығады. Өйткені оның бойында бұйрықтың күші ғана емес, ар мен ұяттың, командирге, қолбасшыға деген сүйіспеншіліктің күші қоса жүреді. Бұл жеңіс үшін аса қажетті фактор. Батырдың айтуынша, жауынгерлерге сену командирдің басындағы бақыты, үлкен ырыс. Жауынгерлер командирге сенсе, одан артық абырой болмайды. Сенім-үлкен медет. Қолбасының қоластында қаһарман қазақ аз болған жоқ. Солардың көбі ел тәуелсіздігі үшін қанын төгіп, жанын берді.

Мәскеу түбіндегі ұрыста Бауыржан өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты, 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман-есен дивизиясына қосылды. Жалпы, өзінің айтуынша «нацистерге қарсы 207 рет ұрысқа қатысып, 5 рет өлімнің құрсауында қалған, 2 рет өлімші болып жараланған».

Майданның алғы шебінде жүріп атқарған жұмыстары соғыс батырының шеңберінен шығып кетіп жатты. Аға лейтенант шеніндегі батальон командирінің, кейіннен полк, дивизия басқарған полковник қолбасшының ойлары мен әрекеттері кезекті ұрыстың тактикалық немесе стратегиялық шешімдерінен әлдеқайда ауқымды болды. Сондықтан да оның атақ-даңқы ресми батырлар мен генерал қолбасшылардан асып кетті. Бауыржан 8-гвардиялық дивизияның ар-намысы, оның ең биік шыңы болды.

Баукеңнің айтуынша, соғыс кімнің кім екенін тез-ақ анықтап береді. Мәскеу түбіндегі шайқастар Бауыржан Момышұлының кім екенін танытып қана қоймай, жастарды тәрбиелеу жұмыстарындағы олқылықтарды да ашты. Қазақ халқы қолма-қол соғыста мол тәжірибе жинақтағанымен, машиналы соғысқа жаппай бірінші рет кірген еді. Сондықтан да ұрыс алды әскери дайындықты күшейту керек екенін алғы шеп командирі ретінде ол өте-мөте сезінді. Ең сорақысы тарихын, тілін, дәстүрін білмейтін жастар көбейе бастаған. Олар ұлттық құндылықтарын білмеген соң, ұлттық мақтаныштары оянбайды. Ұлттық мақтаныштар оянбаған соң, рухы көтерілмейді. Ал рухсыз әскер қарумен қанша бөлеп қойсаң да жеңіске жетпейді. Міне, нағыз патриот!

2. Алаштың айбыны – Бауыржан Момышұлының жас ұрпаққа берері№

Алаштың айбынды ұлы Бауыржан Момышұлы соғыс алаңында жүріп қырағылығы мен батылдығының арқасында қазақтың батыр ұлдары барын дәлелдеді. Халық батыры өзінің әскери-теориялық көзқарастарын осы «Соғыс психологиясы» атты еңбегінде жан-жақтылы талдаған. Бұл – батырдың жарақатына байланысты демалыс алып келгенінде, 1944 жылы қаңтарда, КСРО Ғылым академиясының қазақ бөлімінде, Алматыдағы ғалымдар үйінде, Қазақ ҒА төрағасы академик Қ.И.Сәтбаев, академик-жазушы М.О.Әуезов бастаған қазақ ғылымы, әдебиеті мен өнер өкілдері, ел зиялылары алдында оқыған дәрістері мен әңгімелерінің хроникалық жинақ-кітабы. Баукең аталмыш лекцияларын майданда жазған «Жауынгерлік қасиеттерді тәрбиелеу туралы ойлары» негізінде әзірледі. Лекция барысында лектор баспахананың бояуымен жазылған кітаптар да, адам қанымен жазылған кітаптар да болатынын, ал өзінің баспахана бояуымен емес, майдан даласында шынайы қалпында, бар болмысымен қанмен жазылған соғыс кітабын оқығанын баян етті.

Онда Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі бай әскери тәжірибеге баса мән берілген, көпшілігі бүтінгі таңда әлі де өзінің мәнін жоймаған кейбір әскери өнер мәселелері қарапайым және түсінікті тілде баяндалады. Тыңдаушылар соғыс қаһарманының баяндауынан Ұлы Отан соғысы тарихынан көптеген эпизодтарға, нақтылы И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия жауынгерлерінің қан майдандағы ерлігі жайлы деректерге қанық болады. Бұл оқиғалар, панфиловшылардың қаһармандыққа толы өнегелері, ол кезде де, қазір де маңызды. Лекцияның мақсаты, автордың айтуынша, майданда қаза тапқан, қасірет көрген, ер де турашыл, соғыс алапатының барлық жойқын ауыртпалықтарын мойнымен көтеріп жүрген қарапайым соғыс сарбаздарының ерліктерін қағазда қалдыру, әділет жолында олардың рухының алдында тағзым ету.

Кітапта автор оперативтік соғыс өнері және тактикасының рөлі мен орны, ұрыстың қорғаныс және шабуыл ерекшеліктері, әскери айла қолдану, әскери тәртіп, патриоттық тәрбие, сарбаздар мен офицерлерді оқытып-үйрету

мәселелері зерделенеді. «Соғыс психологиясы» соғыста қорғаныс және шабуыл кезінде қолданған тактикалық тәсілдері, «Б.Момышұлының соғыс тактикасы», «Бауыржан спиралі» Қазақстанда және Куба, Никарагуа, Израиль, Польша, Болгария, Венгрия, Чехия мен Словакия сияқты бірқатар шетелдердің әскери оқу орында тактика пәнінің оқулығы, жас сарбаздармен жұмыс жүргізуде тәрбие құралы есебінде пайдаланылады.

Израильдегі әскери училищеде «Соғыс психологиясы» әскери-теориялық пән ретінде оқытылады, офицер лауазымын алардан бұрын курсанттар сол пән бойынша сынақ және емтихан тапсырады. «Соғыс психологиясы» жастарға арналған. Соғыс куәгерінің әңгімесі патриоттық рух, қайтпас жігер, табандылық пен ерлік, аға ұрпақтың батырлық өнегесіне тәрбиелейді, соның лайықты жалғастырушысы болып, қасиетті әскери дәстүрді арттыра түсуге жетелейді. Бұл жауынгер қандай болуы керек, қалай соғысуы керек екенін үйрететін оқу құралы.

«Б.Момышұлының соғыс тактикасы» деген оқу пәні Израиль еліндегі әскери оқу орындарында оқытылады. Кубаның әскери мектептерінде де Бауыржанның соғыстағы әдіс-тәсілдері бойынша дәріс беріледі. Бас қаһарманы боп табылатын А.Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабы Кубада испан тіліне аударылып, атыс позициясының басында жауынгерлерге оқпен қоса үлестірілгені, ол кітапты Куба жастары, елдің интеллигенциясы жақсы білетіні, тіпті ол кітап Куба революциясының көсемі Фидель Кастроның оқитын сүйікті кітаптарының бірі екені баспасөз беттерінде жазылды. 1963 жылы қарашада Баукең Кубада болып, осы елдің Бас штабына шақырылады, әскери-саяси училищеде, әскери академияда сөз сөйлейді, әскери адамдардың әскери тақырыпқа қойған саналуан сұрақтарына жүйелеп жауап береді.

Қолбасы, сардар ретінде Б. Момышұлының соғыс өнері ерекше айшықталып шығады. Ол неміс-фашист басқыншыларына қарсы соғыста неше алуан әдістер мен тәсілдерді, амалдарды, құралдарды барынша тиімді пайдалана отырып, соғыс ісін өнер деңгейіне көтерді. Баукең бабаларының соғыс өнерін меңгеріп, соны машиналы соғыс жағдайында жаңаша, шебер пайдалана білген. Оның өзінің айтуынша «Соғысқа кедергі келтіретін ұлттық дәстүрлер жоқ, қайта соғысуға көмектесетін ұлттық дәстүрлер бар...». 1946 жылы қабылданған жаяу-әскерлік, жауынгерлік уставына Момышұлының ұсыныстары енгізілді.

Практикалық бөлім.

I бөлім. Оқушылар арасында өткен сауалнама нәтижесі

	Сауалнама	Иә	Жоқ
1	Бауыржан Момышұлы кім не білесін бе?	25	0
2	Ерлік пен жаужүректік туралы туралы нақыл сөздерінен бірнеуін ата?	5	20

3	Б.Момышұлының соғыс тактикасы» деген оқу пәні қай мемлекетте оқытылады?	2	23
4	Сеніңше Бауыржан атты балалар барма?	25	0
5	«Волоколамск тас жолы» кітабын қай мемлекетте испан тілінде аударылып оқыды?	0	25
6	1963 жылы қай мемлекетте сапары кезінде жауынгерлік дайындық туралы дәріс оқыды?	0	24
7	«Жауынгерлік қасиеттерді тәрбиелеу туралы ойлары» кітабының маңыздылығын білесіңбе?	2	23

«Тау тұлға қазақтың қаһарман батыры – Бауыржан Момышұлы» туралы баяндама оқығаннан кейінгі оқушылар арасында өткен сауалнама нәтижесі

	Сауалнама	Иә	Жоқ
1	Бауыржан Момышұлы кім не білесін бе?	25	0
2	Ерлік пен жаужүректік туралы туралы нақыл сөздерінен бірнеуін ата?	21	4
3	Б.Момышұлының соғыс тактикасы» деген оқу пәні қай мемлекетте оқытылады?	23	2
4	Сеніңше Бауыржан атты балалар барма?	25	0
5	«Волоколамск тас жолы» кітабын қай мемлекетте испан тілінде аударылып оқыды?	23	2
6	1963 жылы қай мемлекетте сапары кезінде жауынгерлік дайындық туралы дәріс оқыды?	20	5
7	«Жауынгерлік қасиеттерді тәрбиелеу туралы ойлары» кітабының маңыздылығын білесіңбе?	19	6

II бөлім. Оқушыларға берілген «Жаднама»

Ерлік пен жаужүректік туралы

- 1.Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді.
- 2.Ерлік ер басына жүре бітетін қасиет.
- 3.Күш-әкесін танымайды.
- 4.Ханның еркесі болғанша, жігіттің серкесі бол.
- 5.Мақтаньш- ерлік анасы.
- 6.Әсерсіз-қолбасшы қауқарсыз, басшысыз-әскер қауқарсыз.
- 7.Сын ерді шыңдайды,қорқақты қинайды.
- 8.Азаматқа өмірден де ар қымбат,өлімнен ұят күшті.
- 9.Ерлік елеусіз қалмасын, олжа-елге, атақ-ерге сауға.
- 10.Тәуекелсіз ерлік жоқ.
- 11.Кісі елінде сұлтан болғанша,өз елінде ұлтан бол.
- 12.Бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін.
- 13.Ерлікті таба білу, ерді тани білу.
- 14.Соғыс-халықтың күш-қуаты, ерлік жігерін сынайтын ұлы емтихан.

- 15.Ердің Еділ тобығынан келмейді,
Қорқақ қаққа шеңіп өледі.
- 16.Әдіссіздік-әлсіздік,
Ептілік те ерлік.
- 17.Қырағының өзі де, көзі де батыр.
- 18.Таяқтан тайсалмасаң,
Семсерден сескенбесең,
Жеңдім дей бергін.
Бұксақ-сұқты,
Тығылсақ-тықты,
Именсең-езді,
Өлдім дей бергін.
- 19.Анадан ешкім батыр болып тумайды.
- 20.Ана үшін аянба-ант ұрады,
Бала үшін аянба-бетің күйеді,
Ел үшін аянба-ерлігіңе сын,
Жұрт үшін аянба-жігітіңе сын.
- 21.Тәртіп тән үшін, ынтымақ жан үшін керек.
Тәртіпке бас иген құл болмайды.
Тәртіпсіз ер болмайды.

«Ерлік пен жаужүректік» туралы жаднамадан кейін оқушылар викторина өткізілді:

№	Оқушы	Жаттаған сөз саны
1	А оқушы	10
2	Ә оқушы	16
3	Б оқушы	17

III бөлім. Мектеп кітапханасы ақпараттар әлемі:



«Тау тұлға қазақтың қаһарман батыры – Бауыржан Момышұлы» туралы мәліметтерді мектеп кітапханасынан мағлұматтарды іздеуде жетекшімен бірге.



«Тау тұлға қазақтың қаһарман батыры – Бауыржан Момышұлы» туралы тарих пәні мұғалімі Өтен Данияр мұғалімен сұхбат:



Қорытынды:

Патриоттық тәрбие, рухани байлықтан көрініс табады. Рухани байлыққа ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт – дәстүрімізді жатқызсақ, олар – ұлт болуымыз үшін қажет. Патриотизм сезімінің оянуы мен қалыптасу үрдісін белгілі бір асқақ сезімдерден, мақтаныш – сүйініштен бөле-жара қарауға болмайды. Ол елдің өткен тарихын мақтаныш тұту, жерінің байлығына, әсем көркіне сүйсіну, атадан балаға жалғасып жақсы үрдісін тапқан ұлттық тілді құрметтеу.

Ендеше қазақ елінің батыр ұлы Бауыржан Момышұлы болашақ жастар біздерге үлгі болар тұлға. Батыр бабамыздың ізімен патриотты тұлға болуды мақсат тұтып, өзімізге пір тұтамыз. Осы сезімдерден туатын, санада орнығып қалыптасатын асыл қасиеттер ұлттық патриотизм деңгейінде өркен жайып, азаматтық патриотизм биігіне ұласатын сынайлы.

Достарыма патриоттық сезімдерді жеткізе білсем, көкейіне патриотизм туралы ой сала білсем, үлгі көрсетсек онда заманға сай, қоғамға керекті азамат, отансүйгіш, елсүйгіш азамат, елге қызмет ететін қайраткер болып қалыптасамыз.

Менің ұсынысым:

1. Батыр бабамызды келешек ұрпаққа дәріптеп, жеке журналдар басылып шықса;
2. Батыр бабамызға байланысты әскери сайыстар ұйымдастырылса.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жастарды патриотизмге тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті//Қазақстан орта мектебі – 2005 - №9 – 7 – 9 бет.
2. Патриоттық тәрбие және Б.Момышұлы//Қазақстан мектебі – 2005-№8-72-73 бет.
3. Қаратаев М. Шеберлік шынына. – Алматы:Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1963жыл.-339-340 бет.
4. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – алматы: Жазушы,1975. -44 бет.
5. Бауыржан батыр / Құрастырған, алғы сөзі мен түсінігін жазған М. Мырзахметов (Жоғарғы класс оқушыларына арналған жинақ). – Алматы: Жалын, 1991. – 352 б.
6. Әуезов М.О. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Жазушы, 1962. – 410 б.
7. Б.Момышұлы «Москва түбіндегі шайқас» 2002.-111б

**«АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ – ҰРПАҚҚА МІНДЕТ»
(КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ АХМЕДИЯР ДӘУЛЕНҰЛЫ
ХҰСАИНОВ ТУРАЛЫ)**

Қарағанды облысы білім басқармасының
Теміртау қаласы білім бөлімінің
«№9 лицей» КММ
Орындаған: Жалиева Айару
Ғылыми жетекшісі: Туребаева Балнур Калибаевна

*«Бұл Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ.
Оларды ұмыт қалдырмау – біздің
Отан алдындағы азаматтық парызымыз».*
Н.Ә.Назарбаев

Аннотация

«Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы-тарих» - деген Ахмет Байтұрсынов атамыздың тамаша қағидасын ертеңгі жарқын болашақтың негізін қалайтын білімді, дарынды ұрпақ тәрбиесінің құдіреті ретінде бағытқа аламын. Адамзат қоғамы ғылыми-прогресс жетілген ХХІ ғасырға қадам басқанда білім берудің жаңа әлемдік кеңістігіне жол ашылды. Оқудың мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас қалыптасты. Негізгі міндет - оқушыны өз бетінше жұмыс істеуге үйрету, өздігінен зерттеу жұмыстарын жүргізуге баулу, қосымша пәндерді оқып-үйренуге негізгі біліктіліктермен қаруландыру.

«Батырға құрмет – ұрпаққа міндет» атты тақырыпта ғылыми зерттеу еңбегін ұсынғалы отырмын. Үміттің «Қазақтан мендей ұл туса, осындай түзу жол қуса, ақиқат іздеп бел буса», - деп осының бәрін халқының дамуы жолындағы жақсы ырымға балаған Кеңес Одағының Батыры Ахмедияр Хұсайнов туралы ойланып, толғанады.

Тарихты білу, оны болашақтың керегіне жарату үшін қызмет ету - өз халқын, елін сүйген азаматтың парызы. Тарихтың таңғажайып әлеміне бойлай отырып, өлкеміздің тұнық төл бастауы бар екенін мақтаныш тұтады.

Өлкетану – өлке тарихының бір бұтағы екеніне назар аударып, ардагерлерімізді ардақтай білуге ой тастайды.

Жобаның мақсаты:

Оқушыларға Ұлы Отан соғысындағы ата-бабаларымыздың ерлігін насихаттау.

Жобаның міндеті:

1. Оқушыларға Ұлы Отан соғысының ардагері Ахмедияр Дәуленұлы Хұсайнов өмірі мен басып өткен ерлік жолдары туралы ақпарат жинау;
2. Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру;
3. Оқушылар қазақ халқының батырлары туралы мәліметтерді жинақтап, патриоттық сезімдерін оятуға ықпал ету.

Ғылыми жобаның өзектілігі:

Ахмедияр Дәуленұлы Хұсайнов Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы оқушылар толық мәлімет білмеуі

Болжамы: Оқушыларға Ахмедияр Дәуленұлы Хұсайнов туралы тың деректермен таныстыра отырып, оның өмір жолын, жасаған ерліктерін слайд, буклеттер арқылы көрсетіп таныстыру.

Күтілетін нәтиже:

1. Ахмедияр Дәуленұлы Хұсаинов туралы оқушылар біле отырып, өз Отанын сүйетін, оның тарихын, тілін, әдет-ғұрпын құрметтейтін тұлға тәрбиеленеді.

2. Оқушыларда боқулықтан тыс материалдармен шығармашылық жұмыс істеу қажеттілігі пайда болады.

3. Оқушылардың Ұлы Отан соғысы ардагері Ахмедияр Дәуленұлы Хұсаиновқа деген қадір-құрметін оята отырып, сол арқылы туып өскен өлкеге, Отанға деген сүйіспеншілік қалыптастырады.

Кіріспе

«Отан отбасынан басталады»- демекші, өн бойындағы ұлттық мақтаныштың алғашқы рухани бастауларының қайнар бұлағы өзінің туған өлкесінен тамыр алып, бүкіл жан дүниенді оятып, өз Отанының ұлт жанды азаматы екенінді сезіндіреді. Осы негізде 1941-1945 жылдардағы 1418 күнге созылған Ұлы Отан соғысында қаза болған ардагерлерді құрметтеу ұрпақтың парызы. Отан үшін болған ұрыстың маңызы және онда қаза болған бабаларымыздың ерліктері мәңгі жадымызда. Ерлік ешқашан да ұмытылуға тиісті емес.

Батыс Қазақстан обылысының Жалпақтал аудандық әскери комиссариат арқылы 4000 ер азаматтар әскер қатарына шақырылып, Отанын қорғауға тікелей қатысқан. Солардың ішінен 1663 жерлестеріміз соғыстың сұрапыл от-жалынын бастарынан өткізіп, біздің болашағымыз үшін өз өмірлерін қиып, кеудесін оққа тосып, соғыс майданында қалғандығы анықталып отыр. Олардың 556-сы ұрыста қаза тапса, 117-сі соғыста алған жарақаттан қаза болған, 4 адам неміс тұтқынында қалып, ауыр азап шеккендер, ал қалғандары әртүрлі жағдайларға байланысты хабар-ошарсыз кеткендіктері анықталып отыр. Осылардың ішінде 36 офицер, 156 сержанттық әскери лауазымдарда басқарушылық-жетекшілік жұмыстар атқарған. Соғыс кезіндегі жауынгерлік ерліктері үшін жерлестеріміз Мәжит Жүнісіов, Ахмедияр Хұсаинов Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған.

Сондай-ақ соғыста жарақат алып немесе соғысты аяқтап елге оралған бұрынғы соғыс жауынгерлерінің елдегі еңбек майданына қосқан үлестері де аз болған жоқ. Ауданда аман қайтқандардың ішінен 9 адам Социалистік Еңбек Ерлері атақтарының иегерлері болды. Батырларымыздың есімдерін мәңгі есте қалдыру мақсатында Кеңес Одағының Батырлары Мәжит Жүнісовтің есімі өзінің туған ауылындағы Саралжын орталау мектебіне, Ахмедияр Хұсаинов есімі өзі көп жыл басшылық еткен Шәкен орталау мектебіне есімі берілді. Ахмедияр Хұсаинов соғыстан кейінгі бар өмірін Жалпақтал өңірінде

өткізді. Осыған орай Жалпақталдың орталық көшелерінің бірі Кеңес Одағының Батыры Ахмедияр Хұсайновқа бір көшеге есімі бұйырды.

Өткенін ұмытқан елде болашақ болмайды-дейді қазақ даналығы. Сондықтанда алда 73 жылдығы аталғалы отырған Ұлы Жеңіс-бұл бүкіл дүние жүзін фашизмнің басқыншылығынан қорғап қалған ұлы оқиға. Сол үшін кейінгі ұрпақ өткен соғыстың зұламатын өздерімен ала кеткен ағаларына өздерін қарыздармыз деп санап, соғыста қаза болған боздақ ағаларын мәңгі есте сақтаулары парыз.

Келешек жас ұрпақ сіздердің есімдерінді, еліміздің бостандығы жолындағы өшпес ерліктеріңді ешқашан ұмытпайды.

«Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды»

Ахмедияр Дәуленұлы Хұсайновтың өмір дерегі

Көне тарихымызға үңілсек Еділ (Атилла) бабамыз өз дәуіріндегі мызғымастай болған Рим империясын тізе бүктірсе, беріштің бел баласы Бейбарыс бабамыз Мысыр елінде қыпшақтар билігін орнатқан болатын. Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күресте қол бастаған Сырым, Исатай, Махамбет сынды батыр бабаларымыздың есімдері халқымыздың мақтаныы. Сол бабалар жолын жалғастырған, қанымызға сінген осынау өр намыс пен батырлықтың үлгісін Ұлы Отан соғысы кезінде көрсеткен өлкемізден шыққан ержүрек батырларымыздың бірі – Ахмедияр Дәуленұлы Хұсайнов.

Кіші жүздің алты ата Әлімұлы құрамындағы Кете руынан шыққан Кеңес Одағының Батыры А.Д.Хұсайновтың өмір жолы жайлы. Ол 1924 жылы 10 мамырда (құжаттарда 26 желтоқсан) Бөкей Ордасында дүниеге келген. Әкесі-Дәулен Мырзабеков, анасы-Рысқаным. (қосымша 1)



Бұл отбасында он екі бала болғандықтан Ахмедиярды балалары жоқ апа-жездесі асырап алады. Сондықтан фамилиясы Құсайынов (құжаттарда Хұсайнов) болып кеткен. Күні бүгін көзі тірі қарындасы Меруерт Дәулен қызы Ахмедияр ағадан 6 жас кіші екен. Меруерт апайдың естелігінен. Меруерт апай

естияр болғанша ағасын көрмепті. Әкесі Дәулен кішкентай Ахмедиярды «Ұлың жоқ қой» деп қарындасының бауырына береді.

Тәтей апам Ахмедиярды ертіп, біздің үйге келіп, біздің үйге келіп жүретін. Бірге ойнаймыз. Туған ағам екенін бес жасқа келгенде ғана білдім. Мен жеті жасқа толғанда тәтей апам қайтыс болып, Ахмедиярды үйге біржола алып келді. Арамыз алты жас. Сол күнен бастап атын атамай, аға дейтін болдым. Мен тентектеу болдым.

Бір күні сабақтан шыққан соң жайлауға барам деген ағамнан қалмай ілесіп кеттім. Жаяу адамға біраз жер. Жетектесіп келеміз. Айнала жайқала өскен қызғалдақтар. Мен: «Қызғалдақ терем», десем, ағам: «Шаршайсың!» деп тергізбейді. Бірбеткей едім, таласып жүріп, теріп алдым. Бір уақытта алдымыздан түйеге мінген адам шыға келгені. Ағам қолын шошайтып: «Ана кісі қызғалдақты күзетіп жүр. Сенің гүлді жұлғаныңды көрсе, ұрсады», - деді. Қорқып кетіп, қызғалдақты астыма басып отыра қалыппын. Түйелі кісің менімен ісі жоқ, бүлкілдеп жанымнан өте шықты. Тұрсам есіл қызғалдақтар мыжылып, өліп қалыпты. Меруерт Дәуленқызы Ахмедияр атамның балалық шағы туралы осылайша сыр шертеді.

Сүйегі сонау Магнитогорск қаласында жатқан Дәулен қарттың он баласынан жалғыз көз де осы апамыз. Алдыңғы аға-апасы Мұхамедияр мен Айтқаным соғыстан бұрын көз жұмса, өзінен кейін Сұлтанияр, Сұлтанкерей, Ахметкерей, Гүлмәруандар жас кезінде қайтыс болыпты.

Ал, Ахмедияр батыр соғыстан елге оралғанда жорғалап жүрген інісі Бақтыкерей бертін келе, 1973 өмірден озды.

А.Д.Хұсайнов 1931 жылы Орда ауылындағы Максим Горький (Әйгілі Жәңгір хан мектебі) атындағы мектепте оқып, 1941 жылы кәмелеттік аттестат алып жатқан сәтте Ұлы Отан соғысы басталды. 1940-1945 жылдар аралығында комсомол қатарында. 1945 жылдың қараша айынан, 1947 жылдың мамыр айына дейін КОКП-сы мүшелігіне кандидат. 1947 жылдың мамыр айынан толық қанды КОКП-ның мүшесі.

Бір күні түс кезінде қолына шақыру қағазын табыс етіпті.



(Қосымша 2, қосымша 3) Сол шарт түйініп жолға жиналады.

Ата-ана, жақын-жанап, ауылдастары қимай қоштасып, ақ тілектерін айтып жатты. Әкесі Дәулен: «Ез болма, балам, ер бол! Өлтіре соқ итаршы жауды»-деді қысқа ғана тұжырып. Кім екенін байқай алмады, жиналған топтың ішінен біреу-Сіздерді Исатай мен Махамбеттің аруағы қолдасын! –деп дауыстады.

1942 жылы маусым айында «Ленин» колхозының Сартөлген деген жерінен әскерге алынып, IV-Украин майданы құрамындағы 116-миноатқыштар взводы сабында шайқастарға қатысады. Қырым қақпасы атанған Мелитопольді фашистерден азат ету шайқастарында асқан ерлігімен көзге түскен жауынгерге 1943 жылдың қазан айында Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі

(Қосымша 4 ,қосымша 5)



1945 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына түседі.



(Қосымша 6)

Ахмедияр Дәуленұлы 1947 жылы Вера Нәжімедінқызына үйленеді (Қосымша 7)



1949 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын ойдағыдай бітірген жұбайлар елге ұстаз болып оралып, Орал педагогикалық институтында дәріс береді. 1951-1956 жылдар аралығында Қазақ ССР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтында ғылыми қызметкер болды. Елге оралған 1956-1959 жылдары «Жұлдыз» орта мектебінің директоры, 1959 жылы Фурманов аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі. 1972 жылы Фурманов аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарып, халық ағарту саласына сіңірген еңбегі үшін «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Ахмедияр батырдың Зайыбы Вера Нәжіметдинқызы балаларымен бірге Орал қаласында тұрады. Жалпақталда, Алғайда, Санкт-Петербургте де ұл-қыздары тұрады. Жоғарыда жазылған 1930 жылы туған қарындасы Меруерт Қаратөбе ауданының «Қоскөл» ауылында тұрады. Ұрпақ тарихына өшпес із қалдырған «бар білгенімді, қолдан келгенін халқым үшін, ел үшін істедім»-деген Кеңес Одағының Батыры Ахмедияр Дәуленұлы Хұсайнов зейнетке шыққан соң Орал қаласына барып, 1986 жылы мамыр айының 5-күні қайтыс болды.

(Қосымша 8)



Ахмедияр ата Кеңес Одағның Батыры атағын қалай алды?

«Қымбатты Ахмедияр! Сізді және сіздің семьяңызды қаһарман Совет Армиясының туған күнімен құттықтаймыз. Әрқашан да деніңіз сау болып, өмірде бақытты болуыңызға шын жүректен тілектестік білдіреміз».

Бұл сияқты құттықтау телеграммалар мен хаттар Совет Одағының Батыры Ахмедияр Хұсайновқа көптеп келіп жатады.

Мына бір құттықтау Ленинградтан келіпті. Қол қоюшы Совет Одағының Батыры, запастағы подполковник Николай Шашкин. «Қадірлі Ахмедияр және Вера, - делінген онда,- Сіздерді жана жылмен құттықтап, зор бақыт тілейміз. Дендеріңіз сай болып, Отан игілігі үшін бұдан былай да жемісті еңбек ете берулеріне тілектеспіз».

Екінші құттықтау сонау Қиыр Шығыстағы Амур бойынан жолданыпты. Қол қоюшы Алешков Михаил Романович-завот жұмысшысы.

Үшінші хат Мелитопольден. Оны жолдаушы Мохов Николай Владимирович – облыстық статистика басқармасының бастығы. Мұндай

телеграммалар жолдап хат жазғандардың бәрі де Ахмедиярға және оның семьясына ұзақ өмір, зор бақыт тілейді.

Кен байтақ Совет Одағының Солтүстік батыс шетіндегі Ленинградтан бастап, сонау Қиыр Шығыстағы Амур өлкесіне дейін атағы жайылған, Киев пен Мелитопольдан құттықтаулар жауып жатқан Ахмедияр Хұсайнов кім еді?

- Жау қоршауында қалған екпінді топқа кім барады? – деп сұрады рота командарі жауынгерлерден.

Бұйрық – алған бекіністі бермей, берік ұстау жөнінде болатын. Сол кезде шаршы топтан суырыла шыққан қазақ жігіті:

- Маған баруға рұқста етіңіз, жолдас командир, - деді. Бұл Ахмедияр Хұсайнов атамыз болатын.

Командир жас жігітке сүйсіне қарап:

- Жарайды. Өзімнің ойымдағы да сен болатынсың, - деп ризалышылығын берді, тапсырманың өте жауапты екенін ескертті. Қалай болған жағдайда да алдағы екпінді топқа бұйрық және гранаталар жеткізуді мұқият тапсырды.

- Құп болады, жолдас командир, бұйрық орындалады! – деп жөнеле берген Ахмедиярды командир сәл тоқтатып:

- Жолың болсын, сақ бол! – деп шығарып салды.

Түскі сағат екінің мезгілі. Ахмедияр жау қоршауында қалған топқа қарай жер бауырлап жылжып келеді. Жаңбырдай жауған оқтан бас көтеруге болмайды. Қаулаған өрт қаланы түгел шарпыған. Екі жақтан да күшті атыс болып жатыр. Минометпен зеңбірік снарядтары әр жерде гүрс-гүрс жарылуда, ілгері жылжып келе жатқан Ахмедиярда бір ғана ой – қайткен де жау шебінен өтіп, қоршаудағы топқа жету. Сондықтан ол тіпті дәл қасына түсіп түсіп жарылып жатқан снарядтарды да елер емес. Алғашқы кезде денесі аздап қалтырағанымен кейін бойын бекітіп алды. Бір кезде жетті – ау, әйтеуір, Ахмедияр плацдармдағы жауынгерлерге бұйрық табыс етілді. Тапсырма орындалды.

Ахмедияр Хұсайнов келген кезде екпінді топтың халі нашар болатын. Он жауынгердің оны ерлікпен қаза тапқан, үш жауынгер жаралы, тек жалғыз сержант Николай Шашкин ғана аман екен. Бұйрықты Шашкинге жеткізе отырып, алған бекіністі ұстап тұруға енді Ахмедиярдың өзі де кірісті.

Ахмедияр келгеннен кейін немістер үш рет бекініске шабуыл жасады. Николай Шашкин екеуі оның бәрінде ойдағыдай төтеп беріп, фашистерді алға бастырмады. Осы ұрыста екі-ақ жауынгер 30-дан астам неміс фашистерін жер жастандырды.

Қараңғы түсе гитлершілер қайт шабуылға шықты. Бұл кезде сержант Николай Шашкин үш жаралы жауынгерді алып, кейіндегі бөлімшеге кеткен-ді. Енді Ахмедияр бекіністе жалғаз өзі қалды.

Біздің жақтан оқтын әлсірей бастағанын сезген жау қайта атақаға шықты. Төніп келген фашистерге Ахмедияр жалғаз өзі оқ жаудырды. Жау оны тірілей қолға түсірмек болып, әлденеше рет алға ұмтылды. Осы ұрыста ержүрек жауынгер өзі жаралы бола тұрса да өзі бірнеше фашисті сұлатты. Осы кезде жау қоршауын бұзып, бекініске жетіп үлгерген әскери бөлімнің жауынгерлері жас жігітті жаралы, қаңсыраған күйіне қарамастан жаумен жалғыз шайқасып жатқан жағдайда кездесті. Батольон рота командирі Ахмедиярдың ерлігіне риза болып «Ленин Комсомолыны мүшесі деген құрметті атақты ақтадын, жарайсың сарбазым», деп құттықтап, қолын қысты және өзін дереу госпитальге жөнелтті.

Мелитопольді фашистерден азат етудегі осы ерлігі үшін Ахмедияр Хұсайновқа Совет Одағының батыры деген құрметті атақ берілді.

Бұл кезде Ахмедияр ата 18 жаста болатын. Ол өзіне Совет Одағының Батыры атағы берілгенін госпитальда жатып естіді. Мелитополь үшін болған шайқаста үлкен ерлік көрсеткен сержант Николай Шашкинге де Совет Одағының Батыры атағы берілуі оны қатты қуантты.

Біз ардагерлерімізді жақындап келе жатқан Ұлы Жеңістің 70 жылдығымен құттықтап, қалған өмірлерінде мықты денсаулық, бақытты да ұзақ ғұмыр тілейміз.

Қорытынды.

Ахмедияр Хұсайынов - Бөкей ордасы ауданынан шыққан үш Кеңес Одағы Батырының бірі.

Ахмедияр Дәуленұлы 1924 жылы 10 мамырда (кейбір деректерде 8 мамырда) Орда ауылында көп балалы отбасында дүниеге келген. Әкесі Дәулен Мырзабек пен анасы Рысқаным қарапайым шаруа адамдары еді. Отбасында 12 бала болғандықтан, Ахмедиярды балалары жоқ апа-жездесі асырап алады. Сондықтан тегі Хұсайынов болып өзгертілген. А.Хұсайынов 1942 жылы Орданың М.Горький атындағы мектебін (қазір Жәңгір хан атындағы мектеп, 1841 жылы іргесі қаланған) бітіріп, сол жылы жазда әскерге шақыру қағазы келеді. Ленин атындағы колхоздың Сартөлген деген жерінен аттанарда әкесі Дәулен: Ез болма, балам, ер бол! Өлтіре соқ итаршы жауды! деп ұлын рухтандырып, өрімдей 38 жаспен бірге шығарып салады. Ахмедиярдың жорық жолы Бөкей ордасына іргелес жатқан Астраханнан басталып, қалмақ қыры арқылы Ростов бағытына қарай созылады.

Ахмедияр Хұсайынов Кеңес Одағының Батыр атағына ие болып, соғыста жарақаттанып, елге оралғаннан кейін еңбек майданында қосқан үлестеріде аз болған жоқ. Өткенін ұмытқан елде болашақ болмайды дейді қазақ даналығы. Жеңістің қарсаңында майдангерлердің рухына бас ие отырып, батырларымыздың ерлік істеріне тағзым ету.

Батыр ағамыз Ахмедиярдың ерліктерін ешкімде, ешқашан ұмытпақ емес. Ол еліміздің бақыты мен болашағы үшін ерлік көрсетті. Бүгін сол жауынгер, еңбек ардагері батыр ағамыздың рухына бас иіп, еске аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

I. Ахмедияр Хұсайновтың жеке мұрағатынан.

II. Орал өңірі газеті. 1975 жыл

III. «Ұлы Отан» соғысы » энциклопедиясы. 1972 ж

IV. «Мы эту землю Родиной зовем ». Александров-Гай 2008 г

«ҰСТАЗ БОЛУ-ЖҮРЕКТІҢ БАТЫРЛЫҒЫ»

Қарағанды облысы білім басқармасының
Теміртау қаласы білім бөлімінің
«№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Орындаушы: Зиядуллаева Анара Ерболовна
1 «А» сынып оқушысы
Жұмыс жетекшісі:
Байшагирова Торғай Мамырбековна
бастауыш сынып мұғалімі

Жобаның жаңалығы мен өзектілігі: Ерлік тек соғыс кезінде ғана емес, бейбіт уақытта да ерлік бар екенін білуіміз керек

Мақсаты: Бейбіт уақытта да ерліктер барын зерттеп, білу.

Міндеттері:

- Мәліметтер жинақтау
- Зерттеу жұмыстары
- Сауалнама алу

Зерттеу объектісі: Бейбіт уақыттағы ерлікті зерттеу

Болжам: Егер, барлық жерде де ерлік жасауға болатынын жастар біліп өссе, осындай жобалар қорғау арқылы, оқушыларға патриоттық тәрбие беріп жатсақ, онда олар батырлық әрекеттерге баратыны сөзсіз.

Зерттеу әдістері:

- Ақпараттарды іздеу;
- Мәліметтерді жинақтау; талдау, зерттеу, қорытынды жасау;

Кіріспе

Мен, Зиядуллаева Анара, 1 «А» сынып оқушысы «Барлық жерде ерлік бар» тақырыбында зерттеу жұмысымды қолға алдым. Ерлік тек соғыс кезінде ғана

емес, бейбіт уақытта да ерлік бар екенін зерттеу үшін, мен өзімнің ұстаз болған атамды зерттеу жұмысыма алдым. Атам –көп жыл ұстаз болған адам. «Ұстаз болу - жүректің батырлығы» дегендей, атам өзінің өмір жолын ұстаз болуға арнаған.

Ұстаз - Қаратаудың қойнауындай тереңде жатқан кенді ашып, білім мен ғылымның жемісінің дәмін таттыратын, армансызға арман ұялатып, қанатсызға дарын қанатын бітіретін ғажайып күш иесі. Ұрпаққа тәрбие беру, білім нәрімен сусындату – екінің бірінің қолынан да келе бермейді. Сондықтан, ұстаз болу – жүректің батырлығы деп бағалауға болады. Ұстаз – ақылдың тозбайтұғын асылы. Қасиетті мамандық иелерінің ішіндегі жауһары. Өзге мамандық атаулылары өздерінің түр-сипатын мың құбылтып жатса да, еш өзгеріссіз сол бәз баяғы қалпында жас ұрпаққа адамгершілік қасиеттердің дәнін еккен диқаншы.

Негізгі бөлім

II. 1. Атам-Кенжекулов Дуйсенбай Давлатович туралы мәлімет

Ұстаз бойында кездесетін қамқорлық пен жанашырлық әр баланың жүрегіне қайырымдылықтың дәнін себеді. Кез келген мемлекетте адамның атқаратын рөлі орасан. Белгілі бір елдің халқы парасатты, тәрбиелі, білімді болса ол ел талайлардан топ жарып шығады. Сондықтан, қандай мемлекет болсын ең бірінші адам тәрбиесін бірінші орынға қояды. Демек, сол адамды тәрбиелеп, жетілдіретін ұстаздың да дәрежесі әрқашан биікте. Сондай биік дәреже деңгейінен түспей, шәкірт тәрбиелеумен қатар ұлттың ұлағатты ұрпағын өсіруде үлкен үлес қосқан жандардың бірі – менің атам.

Менің атам Кенжекулов Дуйсенбай Давлатович 1955 жылы 10 қазанда Өзбекстан Республикасы Навойы облысы Конимех ауданы Қарақата ауылында дүниеге келді. Көп балалы отбасының шыққан. 6 ұл, 4 қыз. Соның ішінде атам ең үлкені, бірінші ұл. Әкесі зейнет жасына дейін есепші, ферма меңгерушісі болып жұмыс жасаған. Анасы- тігінші.

1972 жылы № 6 Карл Маркс атындағы орта мектепті үздік бітірді. Мектептен түлеп ұшып, қанатын қомдаған соң жаңа өмірге қадам басып, мамандықтар әлеміне бет түзейді. Иә, әр адам мамандық майданына әр түрлі жолмен келеді. Бірін бала кездегі арманы жетелесе, енді біріне мамандықты тағдырдың өзі таңдап береді. Менің атама да мұғалімдік қызметі маңдайына жазылған пешенесі десек қате емес. Ұстаз бен оқушының жаны өзара үнсіз байланысып жатады. Кейде оны мұғалімдер сырт көзге сездірмеуі мүмкін. Оның болашағын туған баласын уайымдағандай алаңдайды. Ең ғажабы, ұстаздың мұндай сезімі тек бір балаға ғана арналмайды. Ол бір сәтте 20-30 оқушының анасы немесе әкесі бола алады. Әрі жыл сайын осындай балаларды аялап, мәпелеу, тәрбиелеу жұмысына өз еркімен, көңілі шаттана оралады. Осындай ерекше қасиетінің арқасында ұстаз шәкірт жүрегіне жол тауып,

болашақ ұрпақты тәрбиелейді. Өн бойындағы ізгілік, мейірімділік, сүйіспеншілік мінездері баланы Отанды, елді, жерді, бауырларды сүйуге баулиды.

1972-1977 ж. Ташкент Мемлекеттік педагогика институтын күндізгі бөлімін математика факультетін оқыды.

1977-2003 жылдары Конимех ауданы Қарақата ауылында математика пәні мұғалімі, әрі оқу бөлімінің меңгерушісі болып еңбек етті.

2003-2014 ж. Зарафшан қаласында № 2 Аль-Фараби атындағы мектепте математика пәні мұғалімі болып жұмыс істеді.

2014-2018 жылдары Теміртау қаласы 2 мектепте математика мұғалімі болып істеді. Атамның педагогикалық стажы - 50 жыл. 2018 жылы атам зейнетақыға шықты. 2014-2022 жылдары еңбек жолын зейнетақыға шықса да, Теміртау қаласы №2 мектепте жалғастыруда.

Атамның білім берген шәкірттері жоғары білім алған, әр түрлі мамандық иелері болып, әр салада жұмыс атқарып жатыр.



Атамның іс-шара жүргізіп жатқан кезі



Мен, Анара, атамның немересі болып келемін



Атамның 63 жасқа толған кезі

Жұмыстың зерттеу бөлімі

1. Сыныптастарымнан «Барлық жерде ерлік бар» тақырыбындағы жобам бойынша сауалнама алдым. Сыныптастарымның ой-пікірлерін білгім келді. Сыныптастарым соғыс кезіндегі ерлік жайлы барлығы білетін болып шықты, ал бейбіт уақыттағы ерлік жайлы 10 оқушы ғана білетін болып шықты.

Ерлік туралы сауалнама

Сыныптастарымнан ерлік туралы сауалнама алдым.

Сауалнаманың сұрақтары:

1. Соғыстағы ерлік туралы не білесің?

2. Бейбіт уақыттағы ерлік туралы не білесің?

1 сұрақ бойынша 26 оқушы жауап берді.

2 сұрақ бойынша 10 оқушы жауап берді.

Оқушылардан алынған сауалнаманың диаграммасы



Сауалнаманың қорытындысы соғыс кезіндегі ерлікті барлығы білетін болып шықты, ал бейбіт уақыттағы ерлік туралы сыныптастарым толық білмейтінін білдім



Сыныптастарыма бейіт уақыттағы ерлік туралы жобамды сыныпта қорғап, ойымды сыныптастарыммен бөліскеннен кейін сыныптастарым бейбіт уақыттағы ерлік туралы толығымен танысып, білді.

Қорытынды

Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы - жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуде. Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі - мұғалім. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің «Мұғалім – мектептің жүрегі» деген даналық ойлары осы бір ұлы мамандықты игерген әрбір ұстазға арналады. Ұстаз - таудан арқырай аққан тау өзені секілді, айналасына қуат беріп, жолында кездескендерді суымен нәрлендіріп, таудай қиындықтарды тастай домалатып, білімнің сар даласында тыныштық тауып, дамылдайды. Ұстаз - Жер деген әлемнің бетін көркейткен, шәкірттеріне шуақ төккен Күн - Ана. Әр таңның атысы мен әр күннің батысы өзінің емес, сіздің қамыңыз үшін қамығып жүретін әрбір ұстаз атаулы жандардың еңбегін ерлік демей не дейсіз? Мың ғасыр өтсе де, ұстаздың аты және «ұстаз» деген ұғым өлген жоқ. Өйткені, қазақ ұлтының ұлы ұстазы Ыбырай атамыз, өзінің бүкіл саналы өмірін, қазақ халқының жаңа буынын тәрбиелеп, олардың озық мәдениетті елдерден үлгі алуына, білімді де саналы азамат болып жетілуіне айтарлықтай үлкен үлесін қосты. Сонымен қатар, туған халқының тамаша болашағына сенді. Сол сенімді ақтар, бүгінгі жастар - біздің қолымызда.

Менің ойымша: «Жақсы ұстазға екі ғана нәрсе керек, оның бірі - терең білім болса, екіншісі – үлкен жүрек». Балаға деген шексіз махаббаттың иесі бола білген ұстаздың арқасында, егемен елдің ертеңіне үлес қосатын, тәуелсіз мемлекеттің саналы ұрпағы саналатын шәкірттеріміздің саны артатынына кәміл сенемін.

Менің ұсынысым:

1. Бейбіт өмірдегі ерліктер туралы көп айтылса;
2. Әрбір отбасы барлық жерде де ерлік бар екенін отбасында айтып отырса;

Сонда әрбір адам баласы тек соғыста ғана емес барлық жерде де ерлік жасауға болатынын біліп, санасына түйер еді. Қандай қиын жағдай болса да көмек қолын созуға даяр азамат пен азаматшалар болатынына сенемін.

Күтілетін нәтиже:

Егер, барлық жерде де ерлік жасауға болатынын жастар біліп өссе, осындай жобалар қорғау арқылы, оқушыларға тәрбие беріп жатсақ, олар батырлық әрекеттерге баратыны сөзсіз.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

Тәрбие журналы 11,12- бет

«ГЕРОИ НАШЕГО ВРЕМЕНИ»

КГУ «Общеобразовательная школа № 22»
отдела образования города Темиртау
управления образования Карагандинской области

Работу выполнила:
Златьева Дарья, ученица 6 А класса
Руководитель: учитель истории
Аширбекова Самал Егинбаевна

В жизни всегда есть место подвигу...
М. Горький

Введение

Актуальность: Подвиг... Что это такое? Разные поколения понимают это по-разному. Меняются времена, меняются люди, а значит, и меняются значения. Раньше подвигом назывались героические поступки, победы в сражениях. Сегодня же подвигом является поступок человека, который жертвует своей жизнью ради других. Это подвиги достойны похвалы, восторга. Но мне кажется, что подвиги могут быть и маленькие. Например, первый шаг ребёнка, отличная учёба или получение аттестата. И мы радуемся этому, потому - что это наши победы и подвиги.

Профессии, совершающие подвиги, - великие профессии. Врач. Каждый день он спасает тысячи жизней, дает людям надежду, делает их счастливыми. И люди боготворят их. Это и есть большие, душевные подвиги.

Ведь как говорил Тёркин: «Не надо орден, я согласен на медаль». Из этих слов я понял, что не надо разглагольствовать о своих подвигах во всеуслышанья, чтобы все люди знали, что ты совершил, надо оставить это в себе, жить и гордиться собой!

Есть ли герои сейчас? Кого считают героями? «А я смогу так поступить?» – мы спрашиваем себя об этом, узнавая, что кто-то спас слабого, рисковал своей жизнью, выстоял, победил... Что сегодня для нас героизм, мужество, отвага? Каждый день нас окружают такие люди, но мы не замечали их, и не знали, что в своей жизни они тоже совершали подвиги.

Объект исследования – героические поступки.

Предмет исследования – проявление героизма.

Гипотеза – сверстники понимают слово «герой» как «знаменитый», «популярный» или «супермен».

Цель исследования: на основе анализа документальных источников, поисковых материалов, выяснить, есть ли место подвигам в мирное время?

Задачи:

1. исследование понятия «герой» и причин проявления героизма.
2. изучить информацию о людях, которые прославились своими подвигами в разные годы.
3. провести отбор информации по заранее выбранному критерию и плану;
4. сделать выводы о том, кого можно считать героем в наше время.

Методы исследования:

1. Изучение научной литературы по теме.
2. Анализ материала из литературных источников, информационных источников, Интернет-ресурсов.
3. Опрос.
4. Описание результатов опроса, анализ исследования.

Практическая значимость – исследовательская работа содержит материал, полезный для проведения мероприятий и бесед по темам: «Патриотическое воспитание», «Есть ли место подвигу в наше время».

Этапы исследования:

1. Изучение понятия «героизм». Истоки героизма в наши дни.
2. Опрос сверстников и анализ опроса.
3. Оформление отчета по результатам исследовательской работы.

1. Что такое героизм?

1.1. Особенности понятий «герой», «героизм», «подвиг».

Чтобы ответить на этот вопрос, обратимся к разным толковым словарям. Как они объясняют значение слова герой?

Вот что говорит словарь В. Даля: «ГЕРОЙ м. героиня ж. ирой, витязь, храбрый воин, доблестный воитель, богатырь, чудо-воин; || доблестный сподвижник вообще, в войне и в мире, самоотверженец. Герой повести, главное, первое лицо. Геройский, славный, отважный, отчаянно-смелый, доблестный. Героический, то же; относящийся к героям: || о врачебном снадобье: отважный, решительный.»

В словаре Ефремовой это понятие объясняется так: «1. Тот, кто совершил подвиг, проявив личное мужество, стойкость, готовность к самопожертвованию. // Полубог (в древних мифах, эпических поэмах и т.п.). // перен. Выдающаяся личность.

2. перен. Тот, кто привлекает к себе всеобщее внимание, вызывает всеобщий интерес. // Тот, кто является для кого-л. предметом восхищения, поклонения». Каждый герой совершает поступок, который носит название подвиг.

По толковому словарю Русского языка Ожегова, подвиг – героический, самоотверженный поступок. В словаре Даля говорится что, подвиг – доблестный поступок, дело или важное, славное деяние. Таким образом, подвиг – важное, доблестное для многих людей действие. Подвиги совершаются во славу Родины. Понятия «долг», «честь», «патриотизм» неразрывно связаны с понятиями «подвиг» и «герой». Во все времена люди вкладывали в эти слова все самое положительное и ценное.

2. Героические поступки казахстанцев.

2.1. Герои нашего времени.

2.1. Индет дегеніміз-жұқпалы аурукоздырғышының ауру ағзадан сау ағзаға жұғып, үздіксіз таралуы. Соның салдарынан қаншама адамдар өлімге ұшырайды. Қазіргі кездегі індеттің түрлері олар COVID-19 және амикрон. COVID-19 коронавирустік жұқпасы – бұл бұрын адамдарда анықталмаған жаңа коронавирустен туындаған жұқпалы ауру.

Коронавирус ауруы 2019 жылы желтоқсан айының ортасында орталық Хубэй провинциясында кіретін Ухань қаласының Хуанань жануар мен теңіз өнімдері базарында болған тұрғындары түсініксіз пневмонияға шалдыққаны анықталған кезден басталды.

Вирус құрамында вирусы бар тамшылар арқылы жөтелу немесе түшкіру кезінде, сондай-ақ көзге, мұрынға немесе ауызға түсуі арқылы таралады. Алдын алудың тиімді шараларының қатарына қолды жиі жуу және респираторлы гигиена ережелерін сақтау жатады.

Эпедемияға байланысты ДДҰ денсаулық сақтау саласындағы халықаралық маңызы бар төтенше жағдай жарияланды. Жағдай тез дамып, күн сайын ауырғандар мен қаза болғандар саны өсіп келе жатты. Өртүрлі ғылыми және клиникалық зерттеулер жүргізілді

COVID-19 коронавирусы 2019 жылдың желтоқсан айында Қытай Ухань қаласында пневмониясы бар пациенттер тобында өкпеден алынған сұйықтық үлгілерінен табылған SARS-CoV-2 бетакоронавирусымен қоздырылады. SARS-CoV-2 (бетакоронавирус) Sarbecovirus тұқымына жатады және адам жұқтыруға қабілетті жетінші коронавирус. SARS-CoV-2 зооантропонозды РНК-құрамында қабығы бар вирус болып табылады. Толық геномның филогенетикалық анализіне сәйкес, алғашында вирус тек жарқанаттардың арасында болды, бірақ адамға әлі белгісіз жануардан берілген.

Еліміз бойынша COVID-19 пандемиясын жұқтырған адамдардың саны-1.305.417 адам. Ал жазылып шыққан адамдардың жалпы саны - 1290904 адам. Қайтыс болғандар-13.660 адам.



Қарағанды облысы бойынша 151457 адам ауырған.

Пандемия басталғаннан бері Бұқар жырау ауданында аурудың 3304 жағдайы тіркелді, оның ішінде:

2020 жылы - 508 жағдай;

2021 жылы – 2235 жағдай;

2022 жыл – 561 жағдай.

Науқастар жасына қарай келесідей бөлінді:

Еңбекке жарамды халықтың басым бөлігі (25-60 жас) -67,1%, одан кейін зейнеткерлер мен 65 жастан асқандар - 23,5%, 0-18 жасқа дейінгі балалар – 9,2%.

Осы COVID-19 пандемиясымен күрес кезінде қаншама дәрігер өз өмірімен қоштасты.

Солардың ішінде Бұқар жырау ауданының санитарлық дәрігері- Айжигитов Бақберген Сағымқожаұлы ағамыз да бар.

2.2. Әр адамның өмір жолы оның тағдыры екені анық. Біреу өмірлік жейтін нанын дәрігерлік мамандықтан тапса, енді бірі тау-тас кезіп геолог болуға құмартады, тағы бірі – жас ұрпаққа сапалы білім, өнегелі тәрбие беруді мұрат тұтқан ұстаздықты қалайды. Қай мамандық болмасын өзінің қиындығымен әрі қызығымен саналуан. Тек соны жүрек қалауымен таңдап, болашақтағы өміріңе айнымас серік ете білсең, сенен асқан бақытты жан жоқ.

Менің зерттеу жұмысымның кейіпкері Айжигитов Бақберген Сағымқожаұлы 1963 жылдың 19 қазанында Алматы облысы Балқаш ауданы Бақанас ауылында дүниеге келген. Оқуын бітіргеннен кейін 1981 жылы Қарағанды мемлекеттік медициналық институтына түсіп, санитарлық-гигиеналық факультетін сәтті аяқтады. 1991 жылы ол Балқаш аудандық санэпидстанцияның Бас мемлекеттік санитар дәрігері болып тағайындалды. Осы лауазымда 1996 жылға дейін істеді. Содан кейін отбасы жағдайына байланысты Қарағанды облысына көшуге мәжбүр болды. Бұқар жырау аудандық санэпидстанциясына жұмысқа эпидимиолог-дәрігер болып орналысты. 2012 жылдан бастап «Қарағанды облысының Бұқар Жырау ауданы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» РММ -де тұтынушылардың құқықтарын қорғау және мониторинг бөлімінің бас маманы лауазымында жұмыс істеді.

Бақберген ағамыз өзінің басқа да дәрігер әріптестері сияқты төтенше жағдай режимінде коронавирустық инфекциямен күресте алғы шепте жұмыс істеді. Алдымен ол төтенше жағдай басталған кезде ал,ашқылардың бірі болып Нұрсұлтан қаласындағы блок-бекетте жұмыс істеуге іссапарға жіберілді. Ол жақтан келген соң 2 апта екі апталық үй карантинінде оқшаулауда болды. Одан кейін Бақберген Сағымқожаұлы жұмысына бірден кірісті. Ауданда халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету бойынша өткізілетін іс-шараларға тікелей қатысты. Мобильді топ құрамында кәсіпорындарға рейдтік сапарларға барды, қызмет бабы бойынша инфекция ошақтарында жұмыс істеді. Осындай сапарлардың бірінде ол өз өміріне қауіп төндірген қауіпті инфекцияны жұқтырған. Осы індеттен елімізде алғашқылардың бірі болып 57 жасында қайтыс болды. Оның артында жары, екі баласы және немересі қалды.

2.3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылдың 8 маусым күнгі № 348 Жарлығымен Б.С.Айжигитов қайтыс болғаннан кейін «Халық алғысы» медалімен марапатталды. Бұл медаль коронавирустық инфекциямен күресте ерекше көзге түскен азаматтарды көтермелеу үшін тағайындалған.

Қызметтік парызын үлгілі орындағаны үшін, халық денсаулығын қорғаудағы жанқиярлық еңбегі үшін 2020 жылдың 13 шілде күні Мемлекет Басшысы Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев Бақберген Сағымқожаұлы Айжигитовты «Парасат» орденімен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойды.

Орденді Мемлекет Басшысы атынан Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасмбек марқұмның артында қалған жұбайы Алия Баяхметоваға табыстады. Ол туралы облыстық, аудандық баспасөз беттерінде, телевидениеде жарияланды.

Қорытынды бөлім

Коронавирусқа қарсы күресте өмірін қиған санитарлық дәрігер Бақберген Сағымқожаұлы Айжигитов өз жерлестерінің есінде мәңгілікке сақталады. Ол кісінің құрметіне Ботақара кентінің орталық көшесінде билборд орнатылған. Өзі жұмыс істеген санитарлық бақылау басқармасының ғимаратында ескерткіш тақта және аудан орталығында бюст орнатылады.

Қазақстанда 13 шілде жалпыұлттық аза тұту күні болып жарияланды. Бұл күні коронавирус індетінің құбандарына тағзым жасайды. Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой қаза тапқан медицина қызметкерлерін еске алып, «Осы күндері менің әріптестерім – дәрігерлер мен медицина қызметкерлері өмірден озды, мәңгілікке көз жұмды. Олар өмірінің соңына дейін дәрігерлік борышын жанқиярлықпен атқарды. Біздің есімізде олар мәңгі нағыз батыр болып қалады. Осы қауіп-қатерді тоқтату үшін мен және менің әріптестеріміз тәулік бойы жұмыс істеп жатырмыз. Біз біргеміз, пандемияны жеңіп шығу үшін барлық күш-жігерімізді жұмылдырамыз. Біз бұл қиындықты жұмыла отырып, жеңе алатынымызға сенімдімін», – деді министр.

Бұл індет тек дәрігерлерге ғана ауыр тиген жоқ, сондай-ақ бұл індеттен зардап шекпеген отбасылар кемде-кем. Бұл індет көптеген отбасыға қасірет әкеліп, қайғылы жағдай орын алған кездері көп болды.

Қазір бұл індеттің беті қайтып, карантин алынып, қалыпты өмір сүру жағдайына оралып жатырмыз. Бұл – дәрігерлердің еңбегі, санитарлық талаптардың орындалуы және індетке қарсы екпе жасатудың нәтижесі. Сондықтан мен барлық достарымды, сыныптастарымды, құрбыларымды індетке қарсы вакцина алуға шақырамын.

Менің зерттеу нәтижелерім бойынша пандемия жағдайында дәрігерлердің еңбегі ерен ерлік екеніне көзім жетті. Біз бейбіт заманда өмір сүріп жатсақ та, өз өмірін басқалар үшін қиятын батыр адамдар бар. Осы жұмысымды мектепте тәрбие сағаттарында қолдана отырып құрбыларымыздың бойына балалық шақтан бастап мейірімділік, жанашырлық, көмекке дайын болу және ерлік, патриоттық сезімдерін оятуға өз үлесімді қосамын деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:



1. Интернет желісіндегі Уикипедия ашық энциклопедиясы;
2. «Бұқар жырау жаршысы» газеті, №28, 18 шілде 2020 жыл;
3. «Казахстанская правда», №135, 16 шілде 2020 жыл.

Жаңалықтар сайттарына сілтемелер:

1. https://lenta.inform.kz/kz/koronaviruspen-kures-markum-bakbergen-ayzhigitov-halyk-algysy-medalimen-marapattaldy_a3665690

2. https://nege.kz/news/el/covid19dan_kaitis_bolgan_darigerlerdin_esimderi_at_aldi_20200713104224
3. <https://kaz.nur.kz/society/1865306-coj-kajtys-bolgan-otandyk-drigerlerdi-zakyndaryna-nagrada-tabystady/>
4. <https://abai.kz/post/116396>
5. <https://informburo.kz/kaz/koronavirus-ndetn-rbandaryna-tazym-azastanda-zhalpyltty-aza-ttu-kn-alay-tt.html>
6. <https://vlast.kz/novosti/40763-minzdrav-soobsil-o-smerti-28-medikov-ot-koronavirusa.html>
7. <http://www.bjj-gazeti.kz/kz/news/id/4530>
8. <https://ainews.kz/society/karagandinskim-medikam-vruchili-gosudarstvennye-nagrody-za-borbu-s-covid-19--1096449>
9. <https://ainews.kz/society/karagandinskim-medikam-vruchili-gosnagrody-za-borbu-s-koronavirusom--1095778>
10. <https://ru.sputnik.kz/20200714/medrabortniki-tokaev-nagrada-posmertno-14477326.html>
11. <https://mgorod.kz/nitem/imena-medrabortnikov-otdavshix-zhizn-v-borbe-s-covid-19-opublikoval-minzdrav/>
12. <https://24.kz/ru/news/social/item/409552-pogibli-spasaya-drugikh-istorii-o-vrachakh-kogo-nagradili-posmertno>
13. <https://azh.kz/ru/news/view/69488>
14. <https://www.nur.kz/health/coronavirus/1865055-opublikovan-polnyj-spisok-posmertno-nagrazdennyh-prezidentom-medikov/>
15. https://www.kazinform.asia/ru/karagandinskim-medikam-vruchili-gosnagrody-za-bor-bu-s-koronavirusom_a3673164
16. <https://www.ktk.kz/ru/newsfeed/article/2020/07/13/153601/>
17. <https://pharm.reviews/stati/sobytiya/item/5190-medalyu-khaly-al-ysy-nagrazhdeny-60-vrachej>
18. <https://www.kp.kz/daily/27155/4252654/>







«ЕРЛІК-ЕЛДІҢ ҚАСИЕТІ»

Қарағанды облысы білім басқармасының
Теміртау қаласы білім бөлімінің
«№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Орындаған: Тойбеков Мейіржан
3 «А» сынып оқушысы

Жоба жетекшісі: Абдрахманова Дана Казатаевна
бастауыш сынып мұғалімі

Зерттеу өзектілігі:

Қазіргі кезең - үлкен экономикалық және саяси өзгерістер кезеңі. Бірақ бұл адамның бірінші кезекте тек іскерлік пен кәсіпкерлік болуы керек дегенді білдірмейді. Адамгершілік қасиеттерінің болуы-маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Мейірімділік пен адалдық, ашықтық пен патриотизм – оларсыз әлем жойылады. Қазір батырлар бар ма? Кімдер батырлар болып саналады?

Бүгін біз үшін ерлік, батырлық, батылдык деген не? деген сұрақтарға жауап іздедім.

Себебі, қазір балалар ойнайды және мақтанышпен: «Мен-Бэтман!», «Мен-халк» яғни супермендер және спайдермэндерге еліктейді. Бірақ мұның бәрі жалған, бұлар тек елес. Мен өз жұмысымда «Біздің арамызда батырлар бар ма?», «Біздің өмірімізде ерлікке орын бар ма?» сұрақтарға жауап беруге тырыстым.

Зерттеу нысаны: ерлік психологиясы.

Зерттеу пәні: ерліктің көрінісі.

Болжам: Сыныптастарым «батыр» сөзін «әйгілі», «танымал» немесе «супермэн» деп түсінеді.

Мақсаты: «Ерлік» сөзінің мағынасын және батырлықтың себептерін зерттеу.

Міндеттері:

1. «Ер, батыр», «Ерлік, батырлық» ұғымдарына анықтама беру.
2. Қазіргі кездегі «батыр» сөзінің мағынасын ашу.
3. Ерліктің себептерін талдау.
4. Ақпараттық дереккөздерден батырлықтың мысалдарын табу.
5. Біздің заманымызда кімді батыр деп санауға болатындығы туралы қорытынды жасау.

Зерттеу әдістері:

1. Тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді зерттеу.
2. Әдеби кітаптардың, ақпарат көздерінен, интернет-ресурстардан алынған материалдарды талдау.
3. Сауалнама.
4. Сауалнама нәтижелерінің сипаттамасы, зерттеуді талдау.

Практикалық маңыздылығы: зерттеу жұмысында «Патриоттық тәрбие», «Біздің заманымыздағы ерлікке орын бар ма?» тақырыптары бойынша іс-шаралар мен әңгімелер өткізу үшін пайдалы материалдар жинақтау.

Зерттеу кезеңдері:

1. «Ерлік» сөзінің мағынасын зерттеу. Қазіргі кездегі «батырлық» сөзінің мағынасын ашу.
2. Оқушылар арасында сауалнама алу және сауалнаманы талдау.
3. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша есеп беру.

Кіріспе.

Біздің заманымызда өмір сүретін адамдар Ұлы Отан соғысы жылдарында өмір сүргендермен салыстырғанда айтарлықтай өзгерді. Онда мыңдаған адамдар өз Отанынын қорғап өмірлерін қиды. Даңқты батырлардың іс-әрекетін мақтан тұтып, ер есімдерін есімізден шығармаймыз. Соғыс сөзімен ерлік сөзі әрқашан жақын. Соғыс кезіндегі ерлік дегеніміз не?

Бұл сұраққа жауап алу үшін қалалық тарихи-өлкетану мұражайына бардым. Мұражайдың гидтері бізге соғыс кезіндегі отандастарымыздың ерліктері туралы айтты.

Ерлік-бұл ержүрек, батырлық әрекет, қиын жағдайда жасалған маңызды әрекет.

Адам бойындағы батылдықты, батырлықты, ұстамдылықты, табандылықты, қайсарлықты, өжеттікті білдіретін ұғым. Ерлік істеген сәтте адам өзіне өлім қаупі төнсе де тайынбай, рухын жоғары ұстайды. Басына түскен ауыртпалықты мойымай көтеріп, мұны негізгі борышым деп есептейді. Ерлік, көбінесе, қоғамдық мәні бар істерде көрінеді. Сондықтан да ол адамның азаматтық қасиеттерінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Ерлік қоғамдық мәнді мақсаттарды алға қойып, қабылданған шешімді жүзеге асыру барысында айқын көрінеді;

1. Ерлік дегеніміз не?

1.1. «Ер,батыр», «батырлық», «ерлік» ұғымдарының ерекшеліктері.

Бұл сұрақтарға жауап алу үшін біз әртүрлі түсіндірме сөздіктерге жүгіндік.

Ерлік — бірнеше мағыналы сөз:

Адам бойындағы батылдықты, батырлықты, ұстамдылықты, табандылықты, қайсарлықты, өжеттікті білдіретін ұғым. Ерлік істеген сәтте адам өзіне өлім қаупі төнсе де тайынбай, рухын жоғары ұстайды. Басына түскен ауыртпалықты мойымай көтеріп, мұны негізгі борышым деп есептейді. Ерлік, көбінесе, қоғамдық мәні бар істерде көрінеді. Сондықтан да ол адамның азаматтық қасиеттерінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Ерлік қоғамдық мәнді мақсаттарды алға қойып, қабылданған шешімді жүзеге асыру барысында айқын көрінеді.

Батырлық, қаһармандық – дәстүрлі қазақ қоғамында болған ерекше әлеуметтік топ – батырларға тән қасиеттер мен өмір салты. Қазақ батырларының өзіндік қоғамдық қызметі, басқа қоғамдық топтармен арақатынасын реттейтін этикасы, тағы басқа ерекшеліктері болған. Тек әскери кәсіппен айналысу. Батырлар елді басқыншылардан құтқаруды, жау қолынан қаза тапқан ата-баба кегін қайтаруды өмірлік мақсат тұтынған.

Батырлар әулетінде туған бала жастайынан әскери кәсіппен айналысуға міндетті болды. Тұқым қуалаған батырлар «шынжырлы тұқым» деп аталған. Мұндай батырларды бала кезінен әскери өнерге баулып, он үш – он бес жасынан-ақ шайқастарға қатыстырған.

1.2. Ғалымдардың ерлік психологиясы туралы пікірі.

«Батыр — ол адамзат қоғамының мүддесі үшін, сын сағатта қолынан келген барлық мүмкіндікті жасай алатын адам» Юлиус Фучик.

«Батырлық, сергектік, ерлік әр жерде-ақ, әр жағдайда-ақ қажет болса да, олар өнерден туындап жатпаса да зая кетпек» Александр Суворов.

«Батыр бейнесі адамзат үшін өмірдегі ұлылыққа, шындыққа және адамгершілікке деген биік сенімді орнықтырады» Виссарион Белинский.

«Қағаны - батыр, ақылгөйі - кемеңгер елдің бағы жанады» Тоныкөк

Ақын — ұлттың жүрегі, Шешен — көптің тірегі, Батыр — көптің білегі.
(ел аузынан)

«Ешкімде іштей батыр болып тумайды. Батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» Бауыржан Момышұлы.

Батыр боп жауға найзаң тимесе, Батырлықтан не пайда. Бай болып халқыңа пайдаң тимесе, Байлығыңнан не пайда... Әйтеке би

Батырдың батырлығы оның білегіндегі алапат күші мен кеудесіндегі рухында. Бұл екеуі үнемі қатар жүретін егіз ұғым. Бірі болмаса, батырлық та жоқ. Білектегі күшті еңбек пен үздіксіз жаттығулар арқылы арттыруға болар. Ал, рухты ше? Атақты қолбасшы Бауыржан Момышұлы: «Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық өскен орта мен көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады», – деген екен. Рух та сол секілді. Ешкім іштен рухы мықты күйінде тумайтыны анық. Адам ол қасиетті өсе келе қоршаған ортасынан алады. Отбасы мен орта бермеген рухты адам уақыт өте өмірдің сынақтары арқылы немесе сол сынақтардың алдын алу жолында бойына сіңіруі мүмкін. Олардың бірі адамды қажетті жолға бағыттап, ынталандырып, жігерлендірсе, енді бірі адам бойына патриоттық сезімді, ұлттық рухты ұялатуға арналған. Халқымыздың тарихында өмірінің соңына дейін сыртқы жаумен арпалысып, маңызды шайқастарды басынан өткеріп, жекпе-жектерде жеңіске жеткен батырлар көп. Олардың өмір жолы, бастарынан өткен оқиғалары бүгінгі ұрпаққа әсіресе жас жеткіншектерге үлгі болары анық. Егемендігін жылдан жылға нығайтып келе жатқан мемлекетімізге әлі де ел қорғайтын ерлер қажет.

Ерікті болу-ерлік.

Осы күндердегі еріктің бастауы.

Еріктілік дегеніміз – адамның өз еркімен ақысыз көмек көрсетуі. Көп елдерде еріктілік жұмыс қатарына қосылады, өйткені волонтер өзінің уақытын бөліп, білімін іске асыра отырып тегін жұмыс жасайды. Еріктілікпен ұйымдар арқылы, ынталы топтар немесе жеке де айналысуға болады. Волонтерлік қызметтің аясы өте кең: әлеуметтік, спорттық, шаралық, экологиялық, медициналық және тағы басқа түрлері бар. Жастар еріктіліктің тұлғалық қалыптасудағы рөлін түсіне бастаған сайын, Қазақстанда да еріктіліктің қатары қарқынды дамып жатыр. Еліміздің әр қаласында қарттар, жетімдер, әлеуметтік осал топ отбасыларына, апат құрбандарына және өзге де жәрдемді қажет ететін қоғам мүшелеріне көмек көрсететін жастар ұйымдарының саны жыл сайын артып келеді.

Әлеуметтік еріктілік – Қазақстан жастары арасындағы волонтерліктің өзекті бағытының бірі. Атап айтсақ, студенттер арасында «Жақсылық – жарым

ырыс!» атты қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырып, жалғыз басты аналарға, сонымен қатар дертке шалдыққан кішкентай балаларға көмек қолын созып, еміне қаржылай көмектер ұсынады. «Жақсылық жасап жарысайық» – деген ұранмен мүмкіндігі шектеулі балаларға барып сыйлықтар таратып, көңілдерін көтереді. Сонымен қатар, аз қамтылған отбасыларды азық-түлікпен, жалғыз қалған қарттарға қол көмек көрсетілді.

Қазақстанда 16 мыңның төңірегінде еріктілер тобы құрылған. Ерікті болу – ерлікпен тең. Еріктілердің ерен еңбегі ақталып, азаматтық қоғам дамуында белсенділік жаңа деңгейге көтерілетініне сенім мол. Әрбір Қазақстандықтың бойында белсенді өмір сүруге дағды қалыптасса алынбайтын асу жоқ.

Тәуелсіздігімізді тәу еткен бірінші күннен бастап қазақстандық полиция қызметкерлері қауіпсіздік пен тәртіптің алдыңғы шебінен табыла білді. Ел ішіндегі бейбіт өмір, баянды береке-тыныштық үшін аянбай еңбек етіп келеді, ата-ана, халық алдында берген анттарының адалдығынан айныған емес. Жыл өткен сайын Қазақстан полициясының жаңа – жарқын, айбынды бейнесі айқындалып келеді».

Қазіргі таңда біздің заманның батырлары – дәрігерлер. Бұл сөзімді ешкім де жоққа шығара қоймас деп ойлаймын. Бүкіл әлемді дүр сілкіндірген, ғалымдар «коронавирус» деп атаған, қазақ айтқандай «аты жаман ауру» бүгінгі таңда әлем жұртшылығын есеңгіретіп тастады. Адамзаттың бойын да, ойын да үрей биледі. Міне, осындай қиын кезеңде өз өмірлерін қауіпке тіге отырып, сол науқастармен бетпе-бет келіп, әрбір адамның өмірін сақтап қалу үшін жан аямай еңбек еткен жандар батыр деуге әбден лайықты деп білемін.

Құтқарушылар – қысылтаяң шақтарда адам жанынан алғаш боп табылатын Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты қызметкерлер. Бұл мамандыққа бірнеше іс иелері жатады: өрт сөндіруші, жоғары өрмелегіш, сүңгуір, жүргізуші, жедел жәрдем және басқалары.

Сұрапыл апат, техногендік зілзала, лаңкестік әрекеттер кезінде бір сәтте бірнеше адам жапа шегеді. Олардың әрқайсысына шұғыл көмек қажет. Егер кісі көп қан жоғалтса не бір нәрсенің астында қалып қойса, айналдырған бірнеше минут ішінде адам тағдыры шешіледі.

2.2. Біздің заманымыздың батырлары.

«Біз не үшін өмір сүреміз, өмірдегі ең басты, шынайы құндылықтар дегеніміз не?»-деген сұрақтарды сыныптастарыма, достарыма қойдым.

Бұл сұрақтың жауабы: оқушылар ең бастысы, өз отбасыларын бағалайды және отбасы мүшелерін мақтан тұтады. Егер өз туыстарыңды және жақындарыңды сүйсең, өз тамырыңды білсең, оларды құрметтесең, өз Отаныңды өз отбасың үшін сүйесең және сақтайсың.

Осы орайда мен өз отбасымдағы батырлық туралы да айтқым келеді.

Білім жолы – қиын да қасиетті жол. Бұл жолда тынымсыз еңбек, толассыз ізденістен жалықпайтын жандар ғана нәтижелі табыстарға жете алады. Ал, осы білім жолына жетелейтін – ұстаз. «Ұстаз болу-жүректің батырлығы»демекші менің әжем -тәжірибелі ұстаз.

Ұзақбаева Шырынкүл Маханбетиярқызы 1953 жылы,14 ақпанда дүниеге келді.

Білімі-жоғары,жоғары санатты «Аға оқытушы», «Оқу ісінің үздігі»,43 жыл ұстаздық етті. Оқушыларға орыс,қазақ,өзбек тілдерінен дәріс берді.

1998 жылы білім беру саласында еткен еңбегім үшін мемлекеттік награда «Достық» орденімен және тәуелсіздіктің он жылдығы төс белгісімен марапатталды.

2005 жылы Тәуелсіздіктің шарапатымен тарихи отаны Қазақстанға оралып,мұғалімдік қызметін 2005-2011 жылдар аралығында жалғастырды.

Осы жылдар аралығында аудандық,облыстық жыр мүшәйрасында «Қазақстан», «Мәңгілік ел», «Астана», «Бәйтерек» атты өлеңдері жүлделі орындарға ие болды.

2011-2016 жылдарда Аршалы ауданындағы Тілдерді оқыту орталығында мемлекеттік қызметкерлерге дәріс берді.

2017-2019 жылдары аудандағы Ардагерлер Кеңесі ұйымының төрайымы қызметін атқарды.Осы кезеңдерде Қазақстан Республикасы Ардагерлер Кеңесі ұйымының 30 жылдығы құрметіне «Ардагерлер маршы» атты патриоттық әнін шығарды.

Қазіргі таңда зейнеткерлік демалыста.Алайда әжем тынымсыз еңбек етуде. Ол «Ақ әжелер» тобына жетекшілік етеді. Мен әжемде мақтан етемін.

3. Оқушылар арасында «Батыр» сөзінің мағынасын зерттеу.

3.1. Сауалнама.

Қатысушылар: - 3 сынып оқушылары (25 оқушы)

Оқушыларға ұсынылған сұрақтар:

1. Қазір батырлар бар ма?

2. Батыр кейіпкердің қандай қасиеттері болуы керек?

3.Адам батыр деп аталуы үшін не істеу керек?

4. Сізге белгілі кейіпкерлерді атаңыз. Кімді батыр деп атауға болады?

5. Сіз қалай ойлайсыз, қарапайым адам батыр бола ала ма?

1 сұраққа жауаптар: Қазір батырлар бар ма?

Сұралғандардың 90%- ы оң, 10% - ы теріс жауап берді.

2 сұраққа жауаптар: Батыр кейіпкердің қандай қасиеттері болуы керек?

Батылдық - 60%, мейірімділік -50%, күш -25%, ақыл – 20%, адалдық -20%, батылдық-20%, шыдамдылық-5%, асылдық-5% және қулық-3%

3 сұраққа жауаптар: Адам батыр деп аталуы үшін не істеу керек?

Игі істер (оларға көмектесу, құтқару, қорғау) -65%, ерлік жасайды – 35%.

4 сұраққа жауаптар: Сізге белгілі кейіпкерлерді атаңыз. Кімді батыр деп атауға болады? Түрлі соғыстардың ардагерлері - 35%, дәрігерлер, әскерилер, құтқарушылар, өрт сөндірушілер сияқты кәсіптердің адамдары – 35% деген пікір бар.

5 сұрақтың жауаптары: Қарапайым адам батыр бола ала ма деп ойлайсыз ба? Мүмкін-80%. Жоқ-20%.

3.2 Әңгіме-пікірталас.

Батырлық мен ерліктер туралы презентациялар мен бейне материалдарды көргеннен кейін біз оқушылармен осы тақырыпты көп талқыладық. Батырлық тақырыбы оларды қатты қызықтырды. Пікірлер әртүрлі болды. Кейбір оқушылардың батырлық туралы пікірлері:

1. Ерлік-бұл өзін-өзі сақтау және қорқыныш сезімі жоқ күй.
2. Ерлік-бұл біреудің немқұрайлығының салдары.
3. Ерлік-жоғары әлеуметтік және адамгершілік мақсаттарға жету үшін көрінетін ерлік, батылдық, табандылық, жанқиярлық.
4. Батырлықтың қайнар көздері-Отанды қорғау, азаматтық парызға адалдық, шындықты іздеу, бірлік пен достық сезімі.

Қорытынды.

Жұмыс барысында «ерлік» және «батырлық» ұғымдарына анықтама берілді батырлықтың жарқын мысалдары келтірілді.

Елдік те, ерлік сияқты сын сағатта танылады. Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Отаныңды қорғап, еліңнің тыныштығы үшін еңбек етсең, одан асқан бақыт жоқ. Тыныштығы тұрақты елге береке келеді. Отанын қорғаған аға буынның бүгінгі жолын жалғастырар іні ұрпақ бар. Ағалар салған жол қашан да абырой, мәртебе. Сондықтан бүгін де ел тыныштығын қорғап, кірпік қақпай тұрған жас азаматтардың ерлік ісін біз мақтан етіп, қашан да дәріптеуге тиіспіз!


Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Б.Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б.
- 2.<https://turkystan.kz/article/53239-bauyrzhan-momysh-ly-erlik-degenimiz-ne/>
- 3.<https://egemen.kz/article/263080-oshpes-erlik>
4. Уикипедия — ашық энциклопедиясы.

Қосымша



2011 жыл, зейнеткер



«ЕРЛІК ЖАС ТАЛҒАМАЙДЫ»

Қарағанды облыс білім басқармасының
Теміртау қаласы білім бөлімінің
«№ 8 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Орындаушы: Тұрғанәлі Айжан Талғатқызы
2 «А» сынып оқушысы
Жетекшісі: Абдисаттарова Гулжанат Махмұтовна
бастауыш сынып мұғалімі

Аннотация

Мақсаты: Оқушы бойындағы патриоттық сезімін жоғарылату, Отанына деген намысшылдығын, сүйіспеншілігін арттыру. Бейбіт уақыттағы ерліктерді, батырлық әрекеттерді зерттеу.

Міндеттері:

1. Ауылдастарын ажалдан құтқарған жас батырлар жайлы мәліметтер жинақтау
2. Жүрек жұтқан жасөспірімдердің ерліктерімен танысу
3. Біздің заман қаһарманы бейнесінің үлгісін жетекші патриоттық тәрбие беруші құралдары көмегімен жасау.

Күтілетін нәтижесі:

Оқушы бойындағы азаматтық қасиеттерінің дәрежесін арттыру;

Жобаның өзектілігі:

Жобаның өзектілігі еліміздің біртуар азаматтары, жерлес батырларымыздың ерен еңбектерімен батырлығын өз сыныптастарыма насихаттау.

Кіріспе:

Сан ғасырлық тарихымызда мақтан тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар оқиғалар мен ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары, Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Сонау ғасырлар қойнауының қатпар — қатпар белесінен байқасақ, ежелден — ақ ру — тайпаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмай, шыбын жанын шүберекке түйіп, қасық қаны қалғанша күрескен жауынгерлік істері бізге аманат болып жеткен.

Қазақ халқының тарихына көз жіберсек, сонау Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөктен бастап жерін, елін, тілін, ділін қорғаудағы өшпес ерліктерге толы. Бесік жырынан басталатын ерлікке баулу дәстүрлері түркі халқына тән негізгі

ырымдар. Халқымыздың бойындағы отансүйгіштік құндылықтарды ұрпақтан — ұрпаққа беріліп отырған заңдылық тұрғысынан да қарауға болады. Бұған дәлел көне түркі заманынан бастау алған патриоттық құндылық Күлтегін жазбаларында былай деп суреттеледі: “Елтеріс қағанның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен сінді” – деген көне жазу қазақ халқының бойындағы ұлттық патриотизм сезімдері бүгін ғана пайда болған жоқ, ол ежелден — ақ туындап, дамып келе жатқан қасиет деуге болатындығын көрсетеді.

Қазіргі заман батырларының ерен еңбектері.

Қазіргі таңда батыр болу үшін әскери өнер керек те емес. Бауыржан Момышұлы батырлық туралы өз сөзінде былай деген: «Ешкім батыр болып тумайды. Батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады». Шынымен де, қазіргі таңда майданда қару алып да, елінің амандығын, тыныштығын қарайлап жүрген тәртіп сақшылары, өрт сөндірушілер, дәрігерлер, құтқарушылар бұрынғы батырларымыздың ізін жалғастырушылар.

Қазіргі заман батыры – қарапайым адам. Жаңалықтардан, газет-журналдардан адамдарды өрттен, судан құтқарып қалғандарды батыр дей аламыз. Атырауда қызды құтқарам деп суға батып кеткен патрульдік полиция сержанты Шалқар Ақымғалиевтің өшпес ерлігі бәрімізге мәлім. Міне, Шалқар Ақымғалиев қазіргі қазақ батырларының бейнесі десем болады.

Асылы, шындығында батырлық қазіргі дәуірде білекте емес, жүректе! Олай деуімнің себебі: адам баласының бойындағы барша жақсы қасиет жүрек түкпірінде екені шүбәсіз ақиқат. Бұрынғы аумалы-төкпелі замандарда халқын қанды қырғындардан арашалап қалған алпауыт ерлерге «батыр» деген атақ берген. «Заманың қандай болса, бөркінді солай ки», – демекші сынаптай сырғыған уақытта біраз нәрсе бірізділігін тоқтатты. Осы орайда «Бүгінгінің батыры кім?» деген сауал көкейге келеді. Сөз басында айтқанымдай, бүгінгі дәуірде батырлық қару ұстаған білектілердің тарапында ғана емес. Рухани жаңғыруға беттеген бүгінгі кеңістік білімділер мен патриоттарды аса талап етеді. Меніңше, бүгінгінің батырларының бірі әрі бірігейі: кеше ғана Гамбург төріндегі байрақты бәсекеде ел мерейін үстем етіп жасындай жарқ еткен боксерларымыз Қайрат Ералиев пен Әбілхан Аманқұл. Сондай-ақ барша қазақтың жүрегіндегі «мен қазақпындылықтың» оятуына түрткі болған, «ұлтым қазақ болмаса да, жүрегім қазақ» дейтін Геннадий Головкин және Қанат Ислам. Аталған тұлғалар Баукеңдей батырлардың ізін жалғаушы қазақы жүректің өлуіне жол бермеуші бүгінгінің саңлақ батырлары. Бейбіт заманда да ерліктің білекте емес, жүректе екенін өмірде орын алған оқыс оқиғаларда қара басын қатерге тігіп, адамды ажал аузынан арашалап қалған қаһармандар дәлелдеп жүр. Бейбіт заманда да небір ерлік жасалады. Өмір мен өлім қатар келген қас-қағым

сәтте әрбір адамның бойында болатын қорқынышты жеңіп, жанкешті әрекеттерге барған талай ержүрек азамат бар қазақта. Олардың ерлігі – елге мұра, ұрпаққа – үлгі...



21 сәуір күні күндізгі сағат 16.15 шамасында Ырғыз аудандық жедел жәрдем кезекшілік бөлімшесіне бір баланың суға ағып бара жатқаны туралы хабарлама келіп түседі. Бірақ, оқиға орнына құтқарушылар келгенше көршісі 5 жасар баланы судан шығарып алып, көмек көрсетеді. Оқиға орнына лезде жеткен 19 жастағы Нұржан ағысы қатты судан баланы аман алып қалды.

- Көше жақта көлікпен келе жатқан болатынмын. Өзен жағасынан өтіп бара жатқанда қол бұлғап шақырып, көмек сұраған дауысты естідім. Оқиға орнына жеткен кезде көршімнің 5 жасар немере ұлы батып бара жатқанын байқадым. Бар ойым баланы аман алып қалу болды. Мен оны құтқаруға келгенде баланы жағадан 7 метр, тереңдігі 2 метрге дейін алып кеткен. Баланың ағып бара жатқан жағына қарай алдынан шығып ұстап қалу үшін, барымды салып жүзе бастадым. Осылайша баланы құтқарып, оған алғашқы медициналық көмек көрсеттім. Жасанды тыныс алу әдісін жасадым. Кеуде тұсынан басып, дем алуына көмектестім. Бастысы бала аман!, - дейді Нұржан.

Көп кешікпей құтқарушылар жасағы да, жедел жәрдем де жеткен. Жасөспірімді судан алып шыққаннан соң дәрігерлер оны бірден Ырғыз аудандық орталық ауруханасына жеткізген.

Өз кезегінде балаларын аман алып қалған студентке жасөспірімнің ата-анасы шынайы алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірген.

Айта кетейік, Рашид Нұржан - Ырғыз ауданы, Ырғыз ауылының тумасы. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің техникалық факультетінің «Құрылыс» мамандығының 2-курсында оқиды.

Өз әрекетімді ерекше ерлік деп ойламаймын. Менің орнымда болған кез келген адам осылай жасар еді, - дейді ол.

Оның ерлігі назардан тыс қалмақ емес. Ырғыз ауданының басшылығы жас жігітке батылдығы мен өжеттігі үшін алғыс айтты. Аталған оқу ордасының басшылығы да Нұржанның ерлігі өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болуы тиіс екенін айтып, батырды марапаттауды ұйғарып отыр.

Өрттен құтқарған бала



Маңғыстау облысының Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылында көрші тұратын екі үй бар еді. Бірінші үйде бір-бірінен аумайтын 4, 5 және 6 жасар үш бала ойнап отырған. Әкешесі қаннен-қаперсіз есікті сыртынан құлыптап кете барған. Қараусыз қалған балалар ойланбастан сіріңкемен от тұтатып, ойнай бастайды.

«Ойыннан өрт шығадының» кері келіп, от лезде алаулап, олардың өмірлеріне қауіп төндіретін жағдайға жетеді. Күшейе түскен тілсіз жаудың жалыны терезеден шыққанын көрген тұрғындар әрекет жасамай, телефондарына түсіріп тұрыпты.

Осы кезде көрші үйде тұратын он төрт жастағы Ғалымжан қосымша сабақтан келе жатқан болатын. Болған жайтты дереу ұғынып, өрт сөндірушілер келгенше, бәрі кеш болатынын түсінді. Ішінен тез шешім қабылдап, жүгіріп барған күйі, жанып жатқан үйдің терезесін бұзып, ішке қойып кетеді. Үйде көздері жылтырап, көк түтіннен қақалып жөтеліп жатқан Нұрбол мен оның екі әпкесін көреді. Әрқайсысын сүйрелеп, арқалап, көтеріп, біртіндеп сыртқа алып шығады. Сонымен қоймай, оларды өзінің үйіне ертіп әкеліп, жылы көрпеге орап, алқынған жүректерін орнына түсіріп, қорыққан көңілдерін басады. Сол уақытта жұмыстан әкесі де келіп қалған екен, өрт сөндірушілерге хабарлап үлгеріпті.

Өрт сөндірушілер келгенде үй әбден алып отқа оранған болатын. Ғалымжанның шұғыл әрекеті болмағанда, үш бүлдіршіннің жағдайы не боларын ойлаудың өзі қорқынышты. Жалын шыққан үйге жүрексіңбей кірген Ғалымжанның да, құтқарылған балалардың да жағдайы жақсы. Дер кезінде алып шыққанның пайдасынан денсаулықтарына зиян келмеген.

Міне, бар-жоғы 8-сыныпта оқитын, бұғанасы әлі қатпаған он төрт жастағы жеткіншек Ғалымжан Күзембаев үлкендер жасай алмаған ерлікті жасап, үш балақайдың өмірін сақтап қалды. Үш балақай — Қазақстанның болашағынан

ойып орын алатын үш азамат, үш отбасы емес пе!? Жерлестері Ғалымжанды «Батыр бала» деп атап кетті. Мектепте өзге оқушыларға үлгі болды. Өрт сөндірушілер тарапынан мақтау қағазын алды.

11 жастағы ержүрек батыр.



Алматыда үш баланы тілсіз жаудан аман алып қалған 5-сынып оқушысы Сатыбалды Данияр «Төтенше жағдайдағы ерлігі үшін» төсбелгісімен марапатталды.



Алматы қалалық ТЖД хабарлауынша, 2015 жылдың 11 қарашасында 12 сағат 04 минутта Алматы қ. Алатау ауданының, Ұлжан-1 ықшам ауданындағы Тәкежанов көшесі бойында орналасқан № 64-ші тұрғын үйден өрт шыққан болатын. Үйде сол сәтте

2004 жылы туған Сатыбалды Данияр Айдынұлы, 2007 жылы туған Сатыбалды Гүлмира Айдынкызы, 2008 жылы туған Сатыбалды Динара Айдынкызы және 2012 жылы туған Сатыбалды Дамир Айдынұлы болған. Ал ересектерден ешкім болмаған. Өрт салдарынан бөлмелер түтінге тола бастаған. Сол арада Сатыбалды Данияр өрт сөндірушілер келем дегенше, терезенің әйнегін сындырып, бауырларын осы терезе ойығы арқылы сыртқа алып шығып, тілсіз жаудан құтқарып қалады. Ең соңынан терезе арқылы өзі шығып жатқан сәтте сол жақ жамбасынан жарақат алады.




2016 жылғы 8 қаңтарда ҚР Ішкі істер министрі Қасымов адам өмірін құтқаруда ерлік және жанқиярлық танытқан Сатыбалды Данияр Айдынұлын «Төтенше жағдайдағы ерлігі үшін» төсбелгісімен марапаттау туралы тиісті бұйрыққа қол қойды.

Зерттеу бөлімі:

Жоба тақырыбы бойынша өз сыныптастарымнан сауалнама алып, олардың бейбіт өмір батырлары туралы қосымша деректер жинадым.

Сауалнама

- 1) Батыр дегеніміз кім?
- 2) Олар туралы не білесің?
- 3) Батырларға қатысты сөздерді ата. Мысалы: күшті,.....
- 4) Батырлардың есімі берілген қандай көшелерді білесің?
- 5) Қазіргі заманауи батырлар яғни, адамдарды өрттен, судан құтқарып қалғандарды батырлардан кімдірді білесің?
- 6) Олардың қарапайым адамдардан айырмашылығы неде? (1-2-5 суреттер)



Сыныптастарымның берген жауаптарына зер сала оқи отырып, бейбіт өмірдегі ержүрек батырларымыздың, көптеген жерлестеріміздің ажалдан арашаланғанын, олардың ерліктерін елеп төсбелгілермен мадақталғанын білдім, олар жайлы бүгінгі ғаламтор желісінде мәліметтерді бар екенін білдім.

Мектеп кітапхасындағы газет журналдар жимасынан ауылдастарын ажал отынан арашалаған жүрек жұтқан, қайсар жерлестер жайлы оқыдым.

(3-4 суреттер)

Ғаламтордан мына сілтемелер арқылы көптеген жерлестерімнің батырлығымен таныстым.

<https://yandex.kz/video/preview/8399025772550357487>

<https://yandex.kz/video/preview/5166441041834193364>

<https://yandex.kz/video/preview/8541132843346657394>

Осы бейнетаспаларды көре отырып, өзіме ой түйіндедім. Менде осы ағаларым сияқты ажал отымен арпалысып жатқан жерлестерімнің ажалына араша тұрсам деп.


Қорытынды:

Тегінде патриотизмді қолдаған кеңістік білімге бас ұрған татым көкжиегіне жетелейді. Бүгінгі қоғамда болып жатқан өзгерістер соның айқын дәлелі. Жаңаруға ұлттық кодын ұлықтаумен жол тартқан халқымыздың терезесі тең мемлекет болып қалу жолында- латын қарпіне көшпегі баршамызға аян. Осы тұрғыда көсем саясаттың көсегесін көгертуші, яки Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев мен үшін бүгінгінің басты қаһарманы. Табысқа тоқмейілісімей, алға жылжуды мәңгілік мизам, даналық пәрмен еткен Елбасымыз Қазақстан халқын жарқын болашаққа бастап отыр. Сондай-ақ осы болашақтың бағдарын батыл бағамдап отырған жаңа өзгерістерден қорықпай, Елбасы саясатын қолдаушы жастардың да бойынан батырлықты аңғарамын. Көп жағдайда, батыл қадам болмаса, ол өз кезегінде зор залалын тигізері хақ. Айтпағым: көшбасшысы көреген халықтың батырлығы басым. Бүгінгінің батырлары: кемел келешекті қолданушы- мен, сен және ол!


Ұлтжанды, білімді ұрпақ бола білейік.

Сондықтан ер жүрек адамдарды құрметтейік, достар


Қосымша



1 сурет
Сауалнама дайындау кезеңім.



2 сурет.
Сыныптастармен бірге



3 сурет
Кітапханадағы сәтім



4 сурет
Кітапханадағы бір күнім



5 сурет
Сыныптастармен бірге

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ғаламтор желілері:
<https://yandex.kz/video/preview/8399025772550357487>
<https://yandex.kz/video/preview/5166441041834193364>
<https://yandex.kz/video/preview/8541132843346657394>
- 2.«Ортаймаған қазаны, Қасиетті Қазалы» авторы Н.Мусабаев
- 3.А.Мусабаева «Атамекен» баспасы
- 4.«Егемен Қазақстан» газеті
- 6.Н.Мусабаев «Тәуелсіздікті ту еткен тұлғалар»

«АЛАШТЫҢ АЙБЫНДЫ ҰЛЫ – БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ»

Қарағанды облысы білім басқармасының
Теміртау қаласы білім бөлімінің
«№ 9 лицейі» КММ
Жобаны дайындаған:
7 «Ә» сынып оқушысы: Хусайн Амина
Жоба жетекшісі: Айыпхан Елікжан

Мақсаты: Ұлы Отан соғысының қаһарманы, Алаштың айбынды ұлы туралы тереңнен зерттеу.

Міндеттері:

- Алаштың айбынды ұлы – Бауыржан Момышұлының өмірбаянын зерттеу;

- Ұлы Отан соғысына қатысқан еерлігі туралы ақпараттар жинау;

- Батылдығы мен ержүректілігі жайында зерттеу;

Өзектілігі: Оқушыларымыз – Бауыржан Момышұлының шебер жазушы екендігін туралы толық мәліметтер білмеуі

Зерттеу әдістері: Бауыржан атамыз туралы мәліметтерді жинақтау, батырлар бейнесін, жасаған ерен ерлігін зерттеу, сұрақ – жауап, талдау, зерттеу, қорытынды жасау.

Болжам: Егер, біз Ұлы Отан соғысына қатысқан батырлар бейнесін, өмірбаяны мен жауларға қарсы кеудесін оққа төсеп жасаған ерлігі туралы сынып сағаттарында, сыныптан тыс іс –шараларда атап көрсетсек, онда оқушылар Бауыржан Момышұлының шебер жазушы екендігін біледі.

Күтілетін нәтиже:

Егер,біз оқушыларға Ұлы Отан соғысына қатысқан батырлар бейнесін, өмірбаяны мен жауларға қарсы кеудесін оққа төсеп жасаған ерлігі туралы зерттеп, болашақ жастардың мамандық таңдауына жол ашып, патриотты азамат тәрбиелейтін боламыз.

Қорытынды:

Баукеңдер кіріп келгенде кезде шындық шалқайып, өтірік бұқпантайлаған. Біз де ащы да болса, жастарды шындықпен тәрбиелеуіміз тиіс. Ол кісінің артында қалған мұраларының бізге берері көп. «Менің көзімді ойып алсаң қан ағады, жас шықпайды», — деген. Міне, нағыз патриот!

Кіріспе

Алаштың айбынды ұлы – Бауыржан Момышұлы біздер үлгі тұтар батыр бабамыз. Бауыржан Момышұлы үш рет шаңырақ көтерген. Бірінші әйелі Жамал Бұқаевадан жазушы Бақытжан Бауыржанұлы Момышұлы дүниеге

келді. Халық батырының тұңғышынан Ержан есімді немересі мен Нұрсұлтан, Мадияр атты шөберелері бар.

Екінші әйелі Жамал Қалибекқызы Қуанышбаевадан Рамзан есімді ұлы болды. Ал үшінші әйелінің есімі Ғайникамал Баубекова. Бауыржан Момышұлы үшінші рет 1961 жылы үйленіп, Ғайникамал Баубековамен 12 жыл, жұбайы қайтыс болғанға дейін бірге өмір сүрді.

Бауыржан атамыз әрі ақын, әрі батыр тұлға. Бауыржан Момышұлын әскери тарихшы деп атауға болады. Тамаша мақал-мәтелдерін шығарды. Ең соңында қазақ әскери әдебиетінің негізін салушы болды. Мемлекет болғаннан кейін әскери әдебиет керек. Әскери әдебиет – патриотизмнің мәйегі екендігі бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселе

Жазушының отансүйгіштік рухы қазақ даласын тынбастан кезіп жүретін болады. Бауыржан атадай темірқазық тұлғасы бар қазақ атты қайсар халықтың ұлттық рухы ешқашан аласармайды.

Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы 1990 жылы тұңғыш елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында Кеңес Одағының батыры атағын беру туралы жарлыққа қол қойылды.

Негізгі бөлім

1. Бауыржан Момышұлының өмірбаяны

Кеңес Одағының батыры, жазушы, әскери жауынгер Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау ауылында малшының отбасында дүниеге келген. Әкесінің шын аты Момынәлі, бірақ халық арасында Момыш деп аталып кеткен. Ол 1911 жылы 92 жасында қайтыс болған Имаштың төртінші ұлы. Ал әжесінің есімі Қызтумас, қартайған кезінде оны Сарыкемпір, ақ әже деп атап кетті.

Әкесі Момыш 33 жасында шаңырақ көтерді. Анасы Разия Байтан руының ұрпағы Әбдірахманның қызы. Алайда, болашақ халық батыры анасынан ерте айырылды. Разия Бауыржан үш жасқа келгенде қайтыс болды. Сол себептен, Бауыржан Момышұлының ана туралы барлық ойлары негізінен әжесі мен әкесінің әңгімелерімен қалыптасты. Сондай-ақ, қазақтың батыр ұлының өзінен үлкен төрт әпкесі болды. 1929 жылы Бауыржан тоғыз жылдық Әулиеата мектебін бітіреді.

2. Ұлы Отан соғысының қаһарман қолбасшысы.

Бауыржан Момышұлы – Ұлы Отан соғысының басынан кіріп, аяғынан шыққан, ерлігі елдің есінен кетпейтін талантты да қаһарман қолбасшы. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы облысы Талғар қаласында жасақталған 316-атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанды. Мәскеу үшін шайқаста аға лейтенант Бауыржан Момышұлы басқарған батальон жауынгерлері асқан ерлік көрсетті. Жауынгерлер батырлықтың, тәртіптіліктің, ұйымшылдықтың үлгісін көрсетіп, өздерінен күші төрт есе басым жаумен бір ай бойы күресіп, дұшпанды ойсырата жеңіліске ұшыратты. Момышұлының әскери-қолбасшылық қызметінде соғыстың ең шешуші,

Мәскеу түбіндегі шайқас ерекше болды. Алған жолынан, айтқан сөзінен қайтпайтын қайсар командир Бауыржан батальонның соғыс қимылын жаңа тактикаға жанастыра отырып, операцияны орынды да шебер басқара білді.

Алайда аласпыран қысылшаң жағдайға ұшыраған кейбір полктердің баталон, роталармен байланысты үзіліп, жауынгерлердің қай жерде, қандай халде екенін білу қиынға соқты. Сондай жағдайға ұшырағандардың бірі – Бауыржан басқарған батальон еді. Баукең енді шегінудің нақты жоспарын жасады. Батальонның алдында жүретін 15 адамнан құралған барлаушы қойып взвод-взводпен бөлек-бөлек болып, бірінің ізімен бірін жүргізуді ұйғарды. Батальон алдындағы барлаушыларды аға лейтенант Рахимов пен саяси жетекші Мұхаметқұл Сләмқұлов басқарды. Күндіз жау көзіне түспеу үшін жауынгерлеріне түнделетіп жүруді бұйырды. Күндіз қалың тоғайда тыныстап, түнде барлаушылар арқылы белгіленген бағытпен сақтана жүріп отырды. Қарағайлы тоғай іші қалың қар, жауынгерлер шаршаған, әйтсе де табанды төзімділік көрсеткен батальон екі күннен кейін Новлянск пен Ивановск деревняларының аралығынан шықты. Барлаушылардың айтуы бойынша, осы Ивановск деревнясында панфиловшылардың 1075-полкінің бірінші батальоны тұрады екен. Бұлар әлі шайқасқа қатыспапты. Әдісқой, тәжірибелі комдир И.В.Панфилов бұл полкті уақытша әдейі резервте ұстап тұрған екен. Жау қоршауынан шығып, түгелдей аман оралған Б.Момышұлы басқарған батальонды генерал И.Панфилов зор қуанышпен қарсы алды.

Мәскеуге ұмтылған неміс әскерінің екпінін баяулатып, қатты шығынға ұшыратты. Бұған қоса жан-жақта қоршауда қалып қалған бөлімшелердің басын біріктіріп, алдыңғы шепке әкеліп қосты. Бауыржанның бұл тапқырлығы «Қоршаудағы ұрыс», «Қоршаудан құтылып шығу» деген тактикалық ілім ретінде соғыс кезінде жаппай тәжірибеге айналды. Момышұлы қанды шайқастарда түрлі айла-тәсілдер ұйымдастыра білетін мықты қолбасшы болды. Мысалы, жаудың қоршауында жүріп, жауынгерлерді аман сақтай отырып соғысу, қоршауды бұзып шығу, тағы да басқа айла-тәсілді меңгерген шебер қолбасшы.

Генерал-майор И.Панфилов дивизия бөлімдерінің жаңа шепке жылжып орналасуы үшін Б.Момышұлына өз батальонымен жаудың шабуылын 4 күн тежеп, ұстап тұруға тапсырма береді. Батальон өзінен он есе көп жау тобына қарсы шайқасты, оған ілгері жылжуға мүмкіндік бермеді. Бұл тапсырманы ойдағыдай орындап, немістердің мыңдаған адамын жойып, 5-ші күні орман ішімен жүріп, өз дивизиясына қосылу әрекетін жасайды. Ол оңайға түспейді. Айнала қоршаған жау әскері. Осындай жағдайда Б.Момышұлы түнде жүріп, және мынадай амал-құлық жасайды. Жолмен жүріп бара жатқан жау колоннасының арасына байқатпай кіріп, батальонына немісше бұйрық беріп, бір қолайлы қалқа жерге келгеннен кейін жолдан шығып кетеді. Сөйтіп, аман-есен өз дивизиясына келіп қосылады. Жау қоршауын қайта-қайта бұзып өтіп, дивизияға әкеліп қосу үлгісі тек Бауыржанның ғана қолынан келетін тәсіл болатын.

Кейіннен генерал-полковник, Кеңес Одағының батыры, 8-гвардиялық дивизияның қолбасшысы болған И.М.Чистяков «Дружба народов» журналында жариялаған естелігінде былай деп жазды: «1073-атқыштар полкының командирі майор Момышұлын мен соғыстан бұрын білетінмін. Біз Қиыр шығыста бірге қызмет еткенбіз. Ол қазақ ұлтынан шыққан, алған бетінен қайтпайтын, қатал мінезді, сымбатты келген жас командир болатын. Оны ерекше ерлігі мен тапқырлығы үшін Панфиловтың өзгеше жақсы көргенін де білетінмін. Мәскеу түбінде оның батальоны полктан хабар-ошарсыз күйде, бірнеше күн қоршауда қалып, қалың жаумен қиян-кескі ұрыс жүргізген. Екі тәулікке созылған қырғын соғыста гвардияшылар төрт жүзден астам фашистердің көзін жойып, олардың Волоколам тасжолы арқылы жасаған шабуылын тырп еткізбей бөгеп тастаған. Содан кейін орман ішінде маневр жасай отырып, өздерін қоршаған жау шеңберін тас-талқан етіп бұзып шығып, полкке келіп қосылған болатын. Осы ұрыстан кейін Панфилов Момышұлының батальонын өзінің резерві етіп ұстап, оны ең қиын-қыстау жерлердегі ұрыстарға жіберіп отырды. Соның бәрінде де батальон үздіксіз жеңіске ие болды».

Зерттеу бөлімі.

1.Әскери тәжірибесін үйретуі

1945 жылдың ақпан-наурыз айларында, Прикуле станциясының солтүстік-батысында Момышұлы басқарған бөлімшелердің күшімен күшейтілген жаудың қорғаныстары бұзылды. Бөлімшенің шебер әрекет етуінің нәтижесінде 15 елді мекен жау қолынан босатылып, немістерге айтарлықтай зиян келтірілді.

1946 жылы Бауыржан Ворошилов атындағы әскери академияның тыңдаушысы болды. Ал 1948 жылы Генералдық штабтың әскери академиясын аяқтады. 1948 жылдың аяғында полковник Момышұлы құрлықтағы әскерлердің бас қолбасшылығына тағайындалды және Шығыс Сібір әскери округінің 49-шы жеке атқыштар бригадасының командирінің орынбасары болды. 1950 жылы Калининде Молотов атындағы ҚарМУ-дың Логистика және жабдықтау әскери академиясының жалпы тактика және пайдалану өнері кафедрасында дәріс берді. 1955 жылы ауруына байланысты Кеңес әскерінің қатарынан шығып кетті.

Бауыржан Момышұлы үлкен әскери тәжірибе ие болды. Майданның алдыңғы қатарында бола отырып, ол тек бұйрықты ғана орындамай, әскери ғылымды едәуір байытқан өз ілімін жасады. Оның ойлары мен әрекеттері соғыстың немесе шайқастың тактикалық және стратегиялық шешімдерінен әлдеқайда кең болды.

Ол өзінің әскери тәжірибесін жас ұрпаққа үйретті. 1950 жылы Молотов атындағы әскери академияның жалпы тактика және операциялық өнер кафедрасының аға оқытушысы болды. Мұғалім және әскери ойшыл ретінде екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелерін талдап, оперативтік өнер

теориясы мен тактикасын, қарулы күштерді, оның түрлерін пайдалануды зерттеумен айналысты.

Бұл ғылыми талдау тек бір мақсатта жүргізілді. Аталмыш зерттеу өз білімімен бөлісіп, соғыстан сабақ ала отырып, көптеген жылдарға елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жасалды. Бауыржан Момышұлы соғыста жеңіске жетудің бір себебі ретінде психологиялық фактор идеясын ұсынды. Алайда кеңес дәуірінде бұл фактор назарға алынбағанын атап өту керек. Ол кезде Совет халқының техникасы мен қару-жарағының, жаппай ерлік көрсетуінің арқасында жеңіске жетті деп саналды. Тек соңғы уақытта ғана жергілікті жанжалдар мен соғысты талдай келе, әскерлерді моральдық-психологиялық тұрғыда қолдау туралы әңгімелер айтыла бастады. Демек, бұл Бауыржан Момышұлының стандартты емес көзқарасқа ие екенін тағы бір дәлелдеді.

1963 жылы Кубаға сапары кезінде жауынгерлік дайындық туралы дәріс оқыды. Куба қорғаныс министрі Рауль Кастромен кездесті және сол кезде оған Кубадағы революциялық қарулы күштердің 51-ші полкінің құрметті командирі атағы берілді. Тіпті, АҚШ, Куба, Израиль және Никарагуаның әскери орындарында Бауыржан Момышұлының әскери тәжірибесі зерттелуде.

Әскери ерліктерден басқа Бауыржан Момышұлы жазушы болып тағы бір ерлік жасады. Қаламды қолға алмай тұрып, ол өз мүмкіндіктері мен жауапкершілігін өлшеп алды. Себебі, кейіннен халық оны жазушы және азамат ретінде бағалайтын болды.

2. Шебер жазушы.

Майданның алғы шебінде жүріп атқарған жұмыстары соғыс батырының шеңберінен шығып кетіп жатты. Аға лейтенант шеніндегі батальон командирінің, кейіннен полк, дивизия басқарған полковник қолбасшының ойлары мен әрекеттері кезекті ұрыстың тактикалық немесе стратегиялық шешімдерінен әлдеқайда ауқымды болды. Сондықтан да оның атақ-даңқы ресми батырлар мен генерал қолбасшылардан асып кетті. Бауыржан 8-гвардиялық дивизияның ар-намысы, оның ең биік шыңы болды.

Баукеңнің айтуынша, соғыс кімнің кім екенін тез-ақ анықтап береді. Мәскеу түбіндегі шайқастар Бауыржан Момышұлының кім екенін танытып қана қоймай, жастарды тәрбиелеу жұмыстарындағы олқылықтарды да ашты. Қазақ халқы қолма-қол соғыста мол тәжірибе жинақтағанымен, машиналы соғысқа жаппай бірінші рет кірген еді. Сондықтан да ұрыс алды әскери дайындықты күшейту керек екенін алғы шеп командирі ретінде ол өте-мөте сезінді. Ең сорақысы тарихын, тілін, дәстүрін білмейтін жастар көбейе бастаған. Олар ұлттық құндылықтарын білмеген соң, ұлттық мақтаныштары оянбайды. Ұлттық мақтаныштар оянбаған соң, рухы көтерілмейді. Ал рухсыз әскер қарумен қанша бөлеп қойсаң да жеңіске жетпейді.

Ол майдандағы естеліктері жайлы «Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Артымызда Москва» секілді көптеген кітаптар мен әңгімелер

жазды. Момышұлы генерал Панфилов туралы жазылған «Генерал Панфилов» өмірбаяндық әңгімелер мен «Ұшқан ұя», «Мәскеу үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан», «Майдандағы кездесулер», «Төлеген Тоқтаров», «Куба әсерлері», «Адам қайраты», «Елбасына күн туса секілді» кітаптардың авторы. Сондай-ақ, Момышұлы 1976 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды. Ол «Кубадағы кездесулер» және басқа да саяхатқа қатысты очерктер жазған.

Майданда шексіз ерлік көрсеткен полковник Момышұлы екі рет бірінші дәрежелі «Қызыл Ту орденімен, «Ленин» және «Отан Соғысы» ордендерімен, «Әскери шайқастағы еңбегі үшін», «Мәскеуді қорғағаны үшін» орден, медальдарымен марапатталды.

3. Алаштың айбыны – Бауыржан Момышұлының ұрпаққа ұлағаты.

«Қанмен жазылған кітап» «Соғыс психологиясы» - атақты қолбасшы Б.Момышұлының әскери қайраткер ретіндегі ұрпаққа ұлағат етіп қалдырған әскери-теориялық және рухани ұлағаттық еңбегі. Оның әскери тактикалық, жеке құрамды тәрбиелеу және оқыту, командалық кадрларды дайындау саласындағы зерттеулері терең кешенді талдау және әскери іс-тәжірибесінде кең түрде қолдануды талап етеді.

Халық батыры өзінің әскери-теориялық көзқарастарын осы «Соғыс психологиясы» атты еңбегінде жан-жақтылы талдаған. Бұл – батырдың жарақатына байланысты демалыс алып келгенінде, 1944 жылы қаңтарда, КСРО Ғылым академиясының қазақ бөлімінде, Алматыдағы ғалымдар үйінде, Қазақ ҒА төрағасы академик Қ.И.Сәтбаев, академик-жазушы М.О.Әуезов бастаған қазақ ғылымы, әдебиеті мен өнер өкілдері, ел зиялылары алдында оқыған дәрістері мен әңгімелерінің хроникалық жинақ-кітабы.

Баукең аталмыш лекцияларын майданда жазған «Жауынгерлік қасиеттерді тәрбиелеу туралы ойлары» негізінде әзірледі. Лекция барысында лектор баспахананың бояуымен жазылған кітаптар да, адам қанымен жазылған кітаптар да болатынын, ал өзінің баспахана бояуымен емес, майдан даласында шынайы қалпында, бар болмысымен қанмен жазылған соғыс кітабын оқығанын баян етті.

Онда Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі бай әскери тәжірибеге баса мән берілген, көпшілігі бүтінгі таңда әлі де өзінің мәнін жоймаған кейбір әскери өнер мәселелері қарапайым және түсінікті тілде баяндалады. Тыңдаушылар соғыс қаһарманының баяндауынан Ұлы Отан соғысы тарихынан көптеген эпизодтарға, нақтылы И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия жауынгерлерінің қан майдандағы ерлігі жайлы деректерге қанық болады. Бұл оқиғалар, панфиловшылардың қаһармандыққа толы өнегелері, ол кезде де, қазір де маңызды. Лекцияның мақсаты, автордың айтуынша, майданда қаза тапқан, қасірет көрген, ер де турашыл, соғыс алапатының барлық жойқын ауыртпалықтарын мойнымен көтеріп жүрген қарапайым соғыс

сарбаздарының ерліктерін қағазда қалдыру, әділет жолында олардың рухының алдында тағзым ету.

Кітапта автор оперативтік соғыс өнері және тактикасының рөлі мен орны, ұрыстың қорғаныс және шабуыл ерекшеліктері, әскери айла қолдану, әскери тәртіп, патриоттық тәрбие, сарбаздар мен офицерлерді оқытып-үйрету мәселелері зерделенеді. «Соғыс психологиясы» соғыста қорғаныс және шабуыл кезінде қолданған тактикалық тәсілдері, «Б.Момышұлының соғыс тактикасы», «Бауыржан спиралі» Қазақстанда және Куба, Никарагуа, Израиль, Польша, Болгария, Венгрия, Чехия мен Словакия сияқты бірқатар шетелдердің әскери оқу орында тактика пәнінің оқулығы, жас сарбаздармен жұмыс жүргізуде тәрбие құралы есебінде пайдаланылады. Израильдегі әскери училищеде «Соғыс психологиясы» әскери-теориялық пән ретінде оқытылады, офицер лауазымын алардан бұрын курсанттар сол пән бойынша сынақ және емтихан тапсырады. «Соғыс психологиясы» жастарға арналған. Соғыс куәгерінің әңгімесі патриоттық рух, қайтпас жігер, табандылық пен ерлік, аға ұрпақтың батырлық өнегесіне тәрбиелейді, соның лайықты жалғастырушысы болып, қасиетті әскери дәстүрді арттыра түсуге жетелейді. Бұл жауынгер қандай болуы керек, қалай соғысуы керек екенін үйрететін оқу құралы.

Әскери қолбасшылығы өз алдына бөлек әңгіме. Генералдарға сабақ берген ұстаздығы да бөлек әңгіме. «Б.Момышұлының соғыс тактикасы» деген оқу пәні Израиль еліндегі әскери оқу орындарында оқытылады. Кубаның әскери мектептерінде де Бауыржанның соғыстағы әдіс-тәсілдері бойынша дәріс беріледі. Бас қаһарманы боп табылатын А.Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабы Кубада испан тіліне аударылып, атыс позициясының басында жауынгерлерге оқпен қоса үлестірілгені, ол кітапты Куба жастары, елдің интеллигенциясы жақсы білетіні, тіпті ол кітап Куба революциясының көсемі Фидель Кастроның оқитын сүйікті кітаптарының бірі екені баспасөз беттерінде жазылды. 1963 жылы қарашада Баукең Кубада болып, осы елдің Бас штабына шақырылады, әскери-саяси училищеде, әскери академияда сөз сөйлейді, әскери адамдардың әскери тақырыпқа қойған саналуан сұрақтарына жүйелеп жауап береді.

Қолбасы, сардар ретінде Б. Момышұлының соғыс өнері ерекше айшықталып шығады. Ол неміс-фашист басқыншыларына қарсы соғыста неше алуан әдістер мен тәсілдерді, амалдарды, құралдарды барынша тиімді пайдалана отырып, соғыс ісін өнер деңгейіне көтерді. Баукең бабаларының соғыс өнерін меңгеріп, соны машиналы соғыс жағдайында жаңаша, шебер пайдалана білген. Оның өзінің айтуынша «Соғысқа кедергі келтіретін ұлттық дәстүрлер жоқ, қайта соғысуға көмектесетін ұлттық дәстүрлер бар...». 1946 жылы қабылданған жаяу-әскерлік, жауынгерлік уставына Момышұлының ұсыныстары енгізілді.

Практикалық бөлім

I бөлім. Оқушылар арасында өткен сауалнама нәтижесі

	Сауалнама	Иә	Жоқ
1	Бауыржан Момышұлы кім не білесін бе?	25	0
2	«Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Артымызда Москва» кітабнан басқа кітап барма?	5	20
3	Б.Момышұлының соғыс тактикасы» деген оқу пәні қай мемлекетте оқытылады?	2	23
4	Сеніңше Бауыржан атты балалар барма?	25	0
5	Қандай орден, медальдарымен марапатталды?	0	25
6	1963 жылы қай мемлекетте сапары кезінде жауынгерлік дайындық туралы дәріс оқыды?	0	24
7	Момышұлы 1976 жылы қандай сыйлығымен марапатталды	2	23

өткен сауалнама нәтижесі

	Сауалнама	Иә	Жоқ
1	Бауыржан Момышұлы кім не білесін бе?	25	0
2	«Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Артымызда Москва» кітабнан басқа кітап барма?	21	4
3	Б.Момышұлының соғыс тактикасы» деген оқу пәні қай мемлекетте оқытылады?	23	2
4	Сеніңше Бауыржан атты балалар барма?	25	0
5	Қандай орден, медальдарымен марапатталды?	23	2
6	1963 жылы қай мемлекетте сапары кезінде жауынгерлік дайындық туралы дәріс оқыды?	20	5
7	Момышұлы 1976 жылы қандай сыйлығымен марапатталды	19	6

Мектеп кітапханасы ақпараттар әлемі:

«Алаштың айбынды ұлы – Бауыржан Момышұлы» туралы мәліметтерді мектеп кітапханасынан мағлұматтарды іздеуде жетекшімен бірге.



«Алаштың айбынды ұлы – Бауыржан Момышұлы» туралы математика пәні мұғалімі Нұрымов Молдаш ағаймен мұғалімен сұхбат:



Молдаш ағай сұхбатында 1976 жылы Бауыржан Момышұлы атамыз Өзбекстан Республикасы Тамды ауданына барып, «Қаймақтай ұйып ұлттық салт –дәстүрді сақтап отырған халқымды көрдім»деп айтқан еді деді.



Қорытынды:

Даңқты қолбасшының әскери өнері, ұрыс жүргізу айла-тәсілдері, әскерлерге басшылық ету мен оларды басқару қабілеті жоғары, тактика мен әскери стратегияда жаңашыл, әскери ойлауда артықшылыққа, басымдылыққа ие болды. Міне, сондықтан Бауыржан Момышұлының орасан зор соғыс тәжірибесі, жазған еңбектері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет етіп жатқан әскери қызметшілер, офицерлер, командирлер мен сарбаздар үшін күнделікті басшылыққа алатын кітап, оқу құралы.

Бауыржан Момышұлын өзгелерден даралап тұрған айырықша қасиеті – оның қалам мен қаруды қатар ұстауы, қай кезде де ұлт мүддесін сақтай білген, смоғысқа қатысып, 5 рет өлімінің құрсауында қалған, 2 рет өлімші болып жараланған. Бірақ өліммен бетпе-бет келген сәттердің барлығында не негізгі жауынгерлік құрамымен қоршаудан аман-есен шығып, өз девизиясына қосылып отырған. Бұл, әрине, ол кісінің терең ойлай білетін әскери даналығы мен талантының арқасында жүзеге асқан.

Баукеңдер кіріп келгенде кезде шындық шалқайып, өтірік бұқпантайлаған. Біз де ащы да болса, жастарды шындықпен тәрбиелеуіміз тиіс. Ол кісінің артында қалған мұраларының бізге берері көп. «Менің

көзімді ойып алсаң қан ағады, жас шықпайды», — деген. Міне, нағыз патриот!

Менің ұсынысым:

1. Батыр бабамызды дәріптеп, оқулықтарға енсе;
2. Деректі фильмдерді барынша тереңірек зерттеп қайта түсірсе;

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Адамбаев Б. Алтын сандық. Әдеби мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 200 б.
2. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 240 б.
3. Егембердиева Ж. Өмірдің өзі дастан.–Алматы: Жазушы, 1990. – 319 б.
4. Бауыржан батыр / Құрастырған, алғы сөзі мен түсінігін жазған М. Мырзахметов (Жоғарғы класс оқушыларына арналған жинақ). – Алматы: Жалын, 1991. – 352 б.
5. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құр. З. Ахметов, Т. Шыңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
6. Әуезов М.О. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Жазушы, 1962. – 410 б.
7. Б.Момышұлы «Москва түбіндегі шайқас» 2002.-111б
8. Адамбаев Қазақ халқының мақал-мәтелдері 1989: 15- 16 б
9. Бердібаев Баукең туралы естеліктер 1979 120б
10. Б.Момышұлы -тәлімгер ғалым.// // Білім мен тәрбие-27б

«ГЕРОЙ ЖИВ, ПОКА ЖИВА ПАМЯТЬ О НЕМ»

КГУ «Школа-лицей имени Бауржана Момышұлы»
отдела образования города Темиртау
управления образования Карагандинской области
Исполнитель: Қонақбаев Нурсұлтан, 5 «А» класс
Руководители: Умарова К., Оспанова А.З

Аннотация

Работа посвящена жизни и подвигу полковника и командира авиационной базы Карагандинской области, уроженца Костанайской области Едигеева Марате Оразовиче (1967 – 2013 гг.), вся жизнь которого была посвящена авиации. Автор провел небольшое исследование в своей школе среди учащихся, проделал исследовательскую работу по своей проблеме, составил презентацию «Герой жив, пока память о нем жива».

В этом проекте собрана и проанализирована информация о летчике, который ценой своей жизни спас целый поселок. Наша задача рассказывать о подвиге таких людей как Едигеев М.О., чья жизнь и совершенный подвиг могут стать примером героизма, мужества и подражания для молодого поколения.

Введение.

Моя работа называется «Герой жив, пока жива память о нем». Я сам никогда не задумывался о современных героях, думал, что подвиги совершаются только на войне. После просмотра художественного фильма про войну, я спросил у папы: есть ли герои в наше время? Папа рассказал о подвиге, который совершил Марат Едигеев - спас целый поселок.

В ходе исследования задался вопросом: знает ли наше поколение о герое Республики Казахстан Марате Едигееве и о его совершенном подвиге.

Цель исследования: изучить подвиг Марата Едигеева, определить важность, совершенного им подвига для нас.

Задачи:

1. Изучить литературу, терминологию, связанную с темой
2. Провести анкетирование среди учащихся ШЛ имени Б.Момышулы города Темиртау
3. Провести исследование и прийти к определённым результатам.
6. Сделать выводы и заключение.
7. Выступить с защитой проекта

Актуальность темы: Говорят, что героями не рождаются, а становятся. Это действительно так. Не каждый сможет, забыв о себе, принять решение – сделать шаг вперёд, пусть даже и в смерть. Для таких действий требуется смелость, твёрдость духа, сила воли, отвага. Это так важно, когда мир так хрупок стал в последнее время. Актуальность моей темы состоит в том, что рассказывая о подвиге таких людей как Едигеев М.О., чья жизнь и совершенный и совершенный подвиг могут стать примером героизма, мужества и подражания для молодого поколения.

Гипотеза:

Если в процессе нашей работы выяснить, что есть место подвигу в мирное время, то на примере таких героев как Марат Едигеев, определить важность, совершенного им подвига для нас, учеников нашей школы, чтобы память о лётчике жила не только на Родине, но и у нас в Карагандинской области!

Объект исследования: казахстанский патриотизм

Предмет исследования: Отношение учащихся к подвигу мирного времени

Методы исследования:

- 1) Изучение соответствующей литературы.
- 2) Социологический опрос учащихся 11 класса
- 3) Переписка по вацапу с сестрой героя.
- 4) Запросы со школы, где учился летчик
- 5) Видеосвязь с учителем истории, где учился герой
- 6) Анализ, обработка результатов анкетирования.

Практическое использование результатов:

Так как наша школа патриотического направления и носит имя героя ВОВ Б.Момышулы, возможно в недалеком будущем откроется музей Боевой Славы, и книга памяти М. Едигеева займет там достойное место.

Основная часть.

Глава 1. Литературный обзор. Каким должен быть герой нашего времени?

Многие люди задумываются над вопросом: «Какой же поступок человека нашего времени можно назвать настоящим подвигом?» Когда мы слышим слово герой, то наше воображение рисует что-то вымышленное или очень давно совершенное кем-то. Но на самом деле, самые настоящие герои – люди, живущие с нами рядом, они самые обыкновенные, это те люди, которые честны в первую очередь перед самим собой, кто готов оказать помощь, при этом ничего не требуя взамен. Такие люди сохранили в себе с детских лет частичку искренности и доброты. Таким был и остался в объятиях неба, М.О.Едигеев.

В проекте использовал газетные статьи, интернет-материалы, семейные фотографии, видеоинтервью. Исследование было проведено в виде переписки с сестрой героя, учителем истории школы, где учился наш герой / выходила с нами на видеосвязь/, сбор интернет-материалов. К сожалению, с супругой М.О.Едигеева не смогли связаться, хотя она живет в г. Караганде. Возможна еще свежа боль утраты близкого человека, которая осталась с тремя детьми на руках, младшему было всего 3 года.

Глава 2. «Он спас всех нас!»

Небом Марат заболел еще в детстве. Его отец рассказывал, что летели они в Шымкент семьей на небольшом самолете. Марат пробрался в кабину к пилотам, один из них посадил мальчика на колени, дал подержать штурвал... С тех пор Марат решил, что будет летчиком. Учился отлично, поступил в Армавирское училище. А потом лично Президент Казахстана отправил его в академию в Москву...

23 апреля 2013 года самолет МиГ-31Б выполнял ночной учебно-тренировочный полет. Командиром экипажа был Марат Едигеев. Моторы отказали, и самолет начал падать на поселок в Карагандинской области, сейчас он называется Акой. Экипаж, отводя машину в сторону от поселка, израсходовал время, необходимое для собственного спасения. Штурман успел катапультироваться, выжил и был госпитализирован. Полковник Едигеев (он же командир воинской части 50185) разбился, но спас поселок, в котором живут более 600 человек.

Ему было 49. Посмертно за мужество и решительность при исполнении воинского долга Марат Едигеев был награжден орденом «Айбын» I степени. Без отца остались трое детей, младшему тогда было три года. Государство позаботилось о семье героя: квартира в Астане, денежная выплата. В том же

году установили два памятника – один в поселке Акой, другой на месте разбившегося самолета.

– Каждый год, в декабре, в его день рождения, мы всей школой проводим мероприятие, памяти погибшего летчика, – рассказывала по телефону одна из тех, за кого отдал жизнь Марат, завуч Акойской средней школы Закираш Музатарова. – Каждый в поселке знает, кто такой Едигеев. Он – герой. И он спас всех нас.

Глава 3. Школьные коридоры



В Урицкой средней школе Костанайской области в школе-лицее уже несколько лет существуют кадетские классы. Основные цели обучения в классах с литерой «К» – начальная военная подготовка, воспитание патриотизма и готовности служить в Вооруженных силах Казахстана. Ученикам этой школы есть на кого равняться. Кажется, что эти школьные коридоры еще помнят его шаги, его искренний смех. Говорят, что подвиг – это принятие нужного решения в нужный момент./из рассказа учителя истории школы, где учился М.Едигеев, Степиной Н.В./

Глава 4. МиГ Марата Едигеева. Память о лётчике будет жить!

На территории Урицкой школы-лицея в торжественной обстановке состоялось открытие бюста известного командира – лётчика, выпускника Урицкой средней школы, героя Марата Едигеева.

В ночь с 23 на 24 апреля 2013 года Марат Едигеев совершил героический подвиг: отвёл падающий самолёт от населенного пункта села Просторное Карагандинской области, ценой своей жизни спас сотни людей. Самолёт вошёл в землю под углом практически 90° в стороне от Просторного. Дети села продолжали спать, а на небе зажглась ещё одна звезда – звезда погибшего 46-летнего Марата Едигеева. Около 30 лет прослужил в авиации, имел множество наград, командовал Карагандинской авиационной базой, был одним из опытных пилотов ВВС РК. Указом Президента Республики Казахстан за мужество и героизм, проявленные при выполнении воинского долга в Карагандинской области, командиру полковнику Едигееву Марату присвоена высшая награда орден «Айбын» I

степени посмертно. В поселке Просторное военные торжественно открыли обелиск командиру авиабазы Марату Едигееву, который отвел от населенного пункта вышедший из-под управления истребитель. Это случилось прямо над жилыми домами.

Второй обелиск открыли на месте крушения самолета – в открытой степи. По свидетельству очевидцев, место катастрофы выглядело, как огромная воронка — истребитель буквально «вонзился» землю. Его обломки выкапывали с пятиметровой глубины.



А теперь о подвиге Марата Едигеева будут напоминать два обелиска. Мы открыли эти памятные обелиски, чтобы наша молодежь понимала, что место подвигу есть.

Исследовательская работа.

В своей работе я использовал, во-первых: проведение социологического опроса

1. Готовы ли совершить подвиг?

2. Знате ли вы о подвиге Марата Едигеева?

во-вторых: сбор и анализ информации; поиск фотодокументов, видеоподвигу с родными и близкими его людьми;

в-третьих: провести классный час на тему «Герой нашего времени».

Были опрошены учащиеся 11а класса /25 человек/ КГУ «ШЛ имени Б.Момышулы г.Темиртау».

Вопросы анкеты

1. Готовы ли совершить подвиг?

а/ да-15

б/ затрудняюсь ответить-5

в/ нет-5

2. Знаете ли о подвиге Марата Оразовича Едигеева?

а/ знаю-2

б/ затрудняюсь ответить-10

в/ не знаю -13.

Выводы:

Результаты социологического опроса среди учащихся позволяют мне сделать следующие выводы:

1. Основная часть учащихся готовы совершить подвиг, хотя и есть ответы «нет» и затрудняюсь ответить. Это свидетельствует о том, что молодые люди ставят свои интересы в первую очередь.

2. Само тревожное то, что на вопрос «Знаете ли о подвиге Марата Оразовича Едигеева?» положительно ответили 2 учащихся. Печально то, что мы до сих пор не знаем об этом подвиге, хотя уже прошло 9 лет.

В проекте использовал газетные статьи, интернет-материалы, семейные фотографии, видеоинтервью. Исследование было проведено в виде переписки с сестрой героя, учителем истории школы, где учился наш герой / выходила с нами на видеосвязь/, сбор интернет-материалов. К сожалению, с супругой М.О.Едигеева не смогли связаться, хотя она живет в г. Караганде. Возможна еще свежа боль утраты близкого человека, она осталась с тремя детьми на руках, младшему было всего 3 года

Заключение:

Зачастую герои в наше время – простые люди, не обладающие какими-либо сверхспособностями, но имеющие огромную силу воли и доброе сердце. Теперь никто уже не узнает, о чём думал Марат Едигеев, когда ему пришлось делать выбор: катапультироваться в безопасный срок и выжить или как можно дальше отвести самолёт от села с высоким риском для собственной жизни. Как бы там ни было, поступок лётчика был единственно верным, и гордиться им могут его дети и все мы. Но самой проникновенной речью стало выступление сестры Марата Едигеева на открытии бюста возле его школы: «Памятник моему брату — не просто еще одно украшение нашего района, на фоне которого будут фотографироваться. Это еще и вызов, вопрос ко всем нам и к каждому из нас: а как мы выйдем на его фоне? Пусть его подвиг направит нас и наше подрастающее поколение на большие дела во благо народа и слово «патриотизм», «Родина» и «семья» обретёт смысл для каждого из нас, потому что мой брат был патриотом, верным сыном и прекрасным отцом, - обратилась ко всем Сауле Жанбалтина. Пройдет время, вырастет сын и будет гордиться отцом, но кто ему объяснит, почему папа остался в объятиях неба, когда он так ему сейчас нужен?».

Список литературы:

1. Материалы семейного архива Едигеевых (фотографии, награды, открытки).
2. <http://agroinfo.kz/mig-marata-edigeeva-geroj-strany-rodом-iz-rajonного-centra-sarykol/>
3. ИА ZAKON.KZ (www.zakon.kz)
4. inform.kz https://www.inform.kz/ru/geroy-nashego-vremeni-marat-edigeev_a3588191
5. https://www.inform.kz/ru/geroy-nashego-vremeni-marat-edigeev_a3588191

Приложение 1



Отец героя-Едигеев Ораз



РА 30 сәуір 2014 г. САРЫКӨЛ

ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ

Ерлігі ел есінде

Осыдан бір жыл бұрын, яғни, 2013 жылдың 23-ші сәуірінде Қарағанды облысы Шет ауданы Просторное ауылына жақын жерде жерлесіміз, экипаж командирі, полковник Марат Едигеев МиГ-31 ұшағымен апатқа ұшырап, күллі қазақ елінің қабырғасы қайысқан еді.

УСАН ӘЛКЕЙ.

Мінем, бұл қарама ұшпа да бір жыл бекетім. Қас пен мөлім арасында өртің, ішым қабылдап, мөлі өмірім салма, өшпес, рлік жасап ас балырма туған туғандар, аудан ақсақ еске алып, рухани құта бағыштам. Жылдық еске ашығандар (сәуір)белі ұшқашы Мараттың мәртебіне мың тағам жасады.

Мархам М.Едигеевті еске алуға есімі Қарағанды қаласындағы 2015 жасары бойынша бірне кеткен ерлігісі, қанын Аманас Игілік, Қостанбдан қанын Амарай-Өлкетов, аяғынмен Дашар Ислам және Протол Бекмурза ардағы мөлі.

Елі үшін өз ұрпағын құрбанмен өскендерін жетекшісінің ерлігі еске алып, өз алып аудан ақсақ. Тығар Құрбанға оның артында қанын аяғынмен туғандарына, ұрпақтарына жақсылық тіледі. Сондай-ақ, Қарағандыдан жөнін қоныс Аманас Игілік және Соғды орта мектебінің директоры Қару Салғандар да Марат Оразұлы аяғынмен естеділер дитты.

«Бірақ, бекетім, көкөшім, бекетім» тіпті, құн қаны еске алып, оның рухани тағам жасақ та өш арттық етпейді. Осының өзінің өзіміз – ел есінде.

■ КЕЛЕГІ КЕЗДЕСУ

М.О.Едигеевті өсі жарын халықтың жадында.



СВЕТЛАЯ ПАМЯТЬ

Вошедший в бессмертие

Под таким названием в Сарыколе прошел вечер памяти, посвященный жизни и подвигу Марата ЕДИГЕЕВА.

23 апреля 2013 года полковник авиации Едигеев ценой собственной жизни отвёл беду от посёлка Просторное Карагандинской области, оказавшегося под крыльями 46-тонного МиГ-31В.

Летчики не умирают

Вечер прошел в формате мемориальной выставки в здании районной библиотеки. Эпиграфом стали слова Антуана де Сент-Экзюпери: «Лётчики не умирают, они улетают, чтобы больше не вернуться». Гости библиотеки ознакомились с личными и семейными фотографиями Марата Оразовича, смогли прикоснуться к его личным вещам. Прозвучало много искренних слов от людей, знавших земляка-сарыкольца лично. Это местный краевед Валерий Стародуб, классный руководитель Любовь Ефимовна Циркунова, а также товарищ Марата, учившийся в параллельном классе – Николай Стёпин. Звучали захватывающие рассказы-воспоминания. Многие не скрывали слёз, пропуская через себя каждое сказанное слово. Начальник обороны Каиржан Атаев и председатель совета ветеранов Балыхан Айтулаков обратились к присутствующим на мероприятии старшеклассникам со словами о том, как в наше время важно осознавать высокое благородство подвига и, сохраняя память, гордиться своим земляком.



Каким он парнем был

Марат был простым и открытым. Самым высоким в классе, занимая первое место в строю на уроках физкультуры. В нем удивительно сочетались большая физическая сила, вызывающая уважение у сверстников, и тяга к учебе, радовавшая учителей и родителей. Когда после восьмого класса большинство ребят ушли в техникум и училища, Марат остался в десятках, потому что уже тогда задумал целью – стать летчиком, послу-

Сарыколь...От чистого истока.

Сарыколь...От чистого истока.

Есть люди одержимые мечтой. Для таких мечта не некая фантастическая утопия, нечто чудное и несбыточное. Нет, это вполне реальная цель, достижимая и благородная, становящаяся почти навязчивой. Она не отделяет от самого существа человека, неотрывна от его повседневного бытия.

Правда есть умники, родившие изречение: «Мечты должны быть несбыточными, иначе это не мечты, а планы».

Все дело в определении мечты мечтал Манилов, мечтал монго, давшие своим мыслям безудержный полет, устремля их в неизвестное и несуществующие дали, другими словами – глупости, бреда. Мечта должна быть благородной и достижимой, звать обладателя мечты к действиям, приводящим его к совершенствованию. Настоящие мечты должны быть чистыми и в помыслах и в конечной цели.

Марат Едигеев был одержим своей мечтой о небе. Любой разговор, связанный им, в конечном счете приводил его мысли к небу, к самолетам. О них он знал все: марку, технические характеристики, слабые и



Едигеев





Открытие бюста во дворе школы, где учился М.О. Едигеев

«ГЕНЕРАЛ ПАНФИЛОВ - ДАРА ҚОЛБАСШЫ»

Қарағанды облысы білім басқармасы
Балқаш қаласы білім бөлімінің
«Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім
беретін мектебі» КММ
Орындаған: 7 Ә сынып оқушысы Мұқан Әміре
Жетекшісі: Тарих пәнінің мұғалімі Т.Еримбетов

АБСТРАКТ

Зерттеудің өзектілігі:

Ұлы Отан соғысының тарих сахнасындағы орнын одан әрі нығайту, әлі де зерттеуді қажет ететін тақырыптарды анықтап, олардың ерліктерін ұрпаққа насихаттау.

Зерттеу жұмысының ғылыми болжамы:

Генерал Панфиловтың үлгісінде болашақ офицерлерді тәрбиелеу, оның қанатты сөздерін, командирлерге берген ақыл-кеңестерін жинақ ретінде жасап, сол жинақты әрбір командирдің үстел үстіндегі тұратын бағыттаушы құрал ретінде пайдалануы.

Жобаның мақсаты: Генерал Панфиловтың ерлігін насихаттау, жастарға үлгі ету.

Ғылыми жұмысының міндеттері:

1. Генерал И.В.Панфиловтың тұлғалық, адамгершілік қасиеттерін ашу.
2. Майдан даласында жүргізген әскери тактикалық шеберлігін талдау.
3. Әскери қолбасшы, әскери стратег ретінде атқарған қызметін сипаттау.

Жұмыс қорытындысы:

1. Генерал Панфиловтың үлгісінде болашақ офицерлерді тәрбиелеу, оның қанатты сөздерін, командирлерге берген ақыл-кеңестерін жинақ ретінде жасап, сол жинақты әрбір командирдің үстел үстіндегі тұратын бағыттаушы құрал ретінде пайдалану.

2. Панфилов атындағы қоғамдық қорының жетекшісі, Панфиловтың немересі Байқадамова Алуа Бақытжанқызымен әрбір мектеп, оқу орындары байланыс орнату. <https://youtu.be/he8sIGGjbXM>

Жұмыстың орындалу әдістері:

Болашақ офицерлерді тәрбиелеу барысында Генерал Панфиловтың өмір жолымен терең танысу, деректер жинау, ғылыми ізденіс, зерттеу, талдау, салыстыру әдістері қолданылған.

Кіріспе.

Жобаның мақсаты.

Генерал Панфиловтың ерлігін, өмір жолын келер ұрпаққа үлгі ету, Ұлы Отан соғысындағы тарихи оқиғаларды ұрпақ санасына сіңіру, жастарды Отансүйгіштікке тәрбиелеу, соғыста қаза тапқан ардагерлердің ерлігіне құрмет көрсету.

Міндеттері.

1. Генерал И.В.Панфиловтың тұлғалық, адамгершілік қасиеттерін ашу.
2. Майдан даласында жүргізген әскери тактикалық шеберлігін талдау.
3. Әскери қолбасшы, әскери стратег ретінде атқарған қызметін сипаттау.

Өзектілігі.

Ұлы Отан соғысының тарих сахнасындағы орнын одан әрі нығайту, әлі де зерттеуді қажет ететін тақырыптарды анықтап, олардың ерліктерін ұрпаққа насихаттау.

1941 жылдың 22 маусымы таңғы сағат 04 шамасында, бейбіт өмір сүріп жатқан Кеңестер Одағына неміс әскерлері ешқандай ескертпестен шабуылмен лап қойды. Сол күннен бастап ел басына ауыр күндер оралып, соғыстың ауыр зардабын тартқан халық қиыншылыққа, азапқа толы күндерді басынан кешірді. Соғыс саясаткерлердің пиғылынан туындайтын ойын іспетті, тұтандырып кейін оны өшіре алмайды. Бірақ соғыстың зардабын көретін сол баяғы қара халық. Тарихтың есебіне көз жүгіртетін болсақ бұл соғыста Қазақстан мемлекетінен бір миллион екі жүз мың адам аттанып, оның тең жартысы бұл соғыстан еліне орала алмай майдан даласының топырағын жастанып қала берді.

Фашистік идеяны алға тартқан неміс әскерлері жолындағының барлығын жайпап, мемлекеттерді опат қылып келе жатқан аждаха машинаның алдынан төтеп беріп, зұлымдық пен азаптың отын өшірген осы батыр аталарымыз мен аналарымыз. Биыл сұрапыл күндердің аяқталғанына биыл 77 жыл толып отыр. Бейбіт күннің адамдары осы соғыста қаза болып, еліне оралмаған, соғыста жанкештілікпен ерлік қаза болған батырларымызға бас иіп мың алғыс айтамыз.

Ұлы Отан соғысы кезінде майдан даласында келер ұрпаққа өнеге болатын қаншама оқиғалар болды. Ол туралы кітаптар, әңгімелер, повесітер жазылып, кинолар да түсірілді. Соғыстың шынайы болмысын көзімізбен көрмесек те жүрегімізбен қабылдап бойымызға сіңіріп келеміз. Ерлік көрсеткен батыр тұлғалардың ерліктеріне сүйсініп те, қызығып та қараймыз, сол ерліктің үлгісінде өсіп көркейеміз.

Менің ұсынып отырған жобам осы соғыста ерлік көрсеткен, соғыстың бастапқы жоспарын мүлдем басқа арнаға бұрып, Кеңес әскерінің жеңіске бір табан жақындауына еңбегін сіңірген тұлғаға арналады.

Ұрыс жарғысына жаңалықтар енгізіп, адам шығынын болдырмау үшін еңбек еткен генерал Панфиловтың ерлігінің мәні неде еді және оның өзі командир ретінде, адам ретінде қандай жан болған? Менің ойымша бұл тақырыпта біз әлі де толық ашылмаған секілді.

Әрине, Панфилов дегенде ойымызға Мәскеу түбіндегі шайқас, Панфилов дивизиясы және сол дивизияның Мәскеу үшін жасаған ерлігі оралады.

Алайда, біз Панфиловты әр қырынан тани алдық па?

Иван Васильевичтің ұлты орыс болса да, ол интернационал генерал болды. Дивизиясында 36-ға жуық әртүрлі ұлт өкілдері болды, сол ұлттарды бір шаңырақтың астына жинап, өзінің әкелік мейірімділігін төге білді.


Мен Алматы қаласында офицерлер үйінде орналасқан Панфилов музейіне барғанымда, өзіме таныс болмаған көптеген жайттарды білдім. Сол жайттар мені осы жобаны жазуға итермеледі.

Негізгі бөлім. Генерал Панфилов-дара қолбасшы.

Генерал Панфилов дегенде біздің ойымызға оралатын ой ол 28 панфиловшылардың Мәскеу түбіндегі 1941 жылы 16 қараша күні Волоколамск бағытындағы ерлігі. Мәскеуге таяу Волоколамск ауданы Дубосекова разъезінің түбінде 316- атқыштар дивизиясының 1075- полкінің, 2-батальоны, 4-ротасының кіші политрук В.Г.Клочков бастаған 28 гвардияшы-панфиловшы сарбаздары әлемді дүр сілкіндірген ерен ерлік көрсетті. Олар өз политругі В.Клочковтың «Ресей кең - байтақ, бірақ шегінер жол жоқ. Артымызда - Мәскеу!» деген жалынды сөзін басшылыққа алып, неміс-фашистерінің құрыш болат құрсанған 18 танкісін отқа орап, жүзден астам жауынгерін жер құштырды. Осылайша жеңілуді білмейді деген неміс әскерінің сандырақ пікірінің, мақтаншылық аңызын көкке ұшырды.

Өздерін жанкештік етіп дұшпанды ілгері жылжытпай, әр қадам үшін табанды күрес жүргізген 28 панфиловшылардың қаһарман ерлігі кеңес жауынгерлерінің рухын көтерді. Панфиловшылар дивизиясы өзіне жүктелген міндетті абыроймен орындап, дивизияға берілген Панфилов есімін әлемге асқақтатты.

Берлин қаласында орналасқан Рейхстаг қабырғасында фотожурналист мынадай жазуды өзінің камерасымен түсіріп алыпты. «Біз Панфиловшылар рахмет батя сенің пималарыңа»



Осы жазуға қарап көп ойландым әрине өте әсерлі.

Себебі, Генерал Панфилов тек қана білікті қолбасшы емес, ол өз балаларына қамқор бола білген әкенің рөлінде болған. 28 панфиловшылардың Дубосекова разьезінде ерліктері осыған дәлел болып тұрғандай. Себебі адам баласынан бір затты талып ету үшін, өзіңнің тарапыңнан талап етуге құқығын болатындай өнеге мен үлгіні адам жүрегіне дарыта алуға тиіспіз. Әрбір жасаған еңбегі зая кетпес үшін оған барлық қайратыңмен жігерінді арнайсың өзіңе күш жігер ала аласың.

Бауыржан Момышұлы Панфилов туралы жазған кітабында дивизияны жасақтау барысында көп еңбектің жұмсалғандығын атап өтеді. Оның құрамында басшылық құрамды қоспағанда, арнайы әскери даярлықтан өткен кадрлардан емес, жұмысшы, колхозшы жігіттерден тұрды. Ал, дивизия әртүрлі құрамнан жасақталды. Оның қатарына бухгалтерлер мен мұғалімдер, сауаты жоқ адамдар, ғылым кандидаттары да шақырылды, қатардағы құрамда жұмысшыдан бастап халық комиссарына дейін болды. Бұлар 36 ұлттың өкілдерінен құралды. Осы уақыттың ішінде оларға қажетті әскери тәрбие беріліп, олардың бойына жауынгерлік қасиет егілді. Жауынгерге нағыз сарбазға тән қасиетті тәрбиелеу үшін көп уақыт қажет болады. Ал Панфиловқа небәрі екі-ақ ай уақыт беріліп, ұрысқа аттандырды. Тарихта бірде-бір генерал мұндай толық әскери даярлықтан өтпеген, жаңадан шақырылған әртүрлі құраммен соғысқа қатысқан емес.

316-атқыштар дивизиясы сияқты жауынгерлік құраманы ұйымдастыру-бұл үлкен іс. Жоғары тактикалық мақсаты бар жауынгерлік құраманы ұрыс жүргізуге даярлау, әзірлеу кез-келген адамның қолынан келе бермейді.

Панфиловтың әскери еңбегінде үнемі жеке құрамды басқарып, өзінің өмірін сонау бірінші дүниежүзілік соғыстан бастап, майдан даласында өткізген. Оның негізгі қағидаты кез-келген жағдайды дұрыс ұйымдастыру, жан-жақты саралап, орындау.

Осы қасиеттердің арқасында болу керек, жауынгерлік тапсырманың нәтижелі болғаны. Екінші жағынан айта кететін мәселе, ол жауынгердің тұрмыстық жағдайын бір сәтке болса да, естен шығармаған.

1940 жылы Кеңес Одағы мен Финляндия соғысы кезінде, Панфилов бригада командирі қызметін атқарып жүрді. Сол кезде армия командасышы Шапошниковке жолдаған хатында, бірінші кезекте тылдық жұмыстың дұрыс жүргізілмеуі, жауынгерлерге тиісті жылы киім мен тамақтың уақытылы қамтамасыз етілмейтінідігін атап көрсеткен.

Байқап отырғанымыздай, Берлин қаласындағы ғимарат қабырғасында көрсетілген фотосурет Панфиловтың әрбір жауынгерге көрсеткен қамқорлығының дәлелі екені айтпаса да белгілі.

Иван Васильевич бір туар әскери ойшылдардың бірі болған.

Қолбасшы болу үшін өжет, батыл, тактика мен әскери стратегияда жаңашыл болу қажет. Ол әскери ойлауда артықшылыққа, басымдылыққа ие болды әрі өзінің дұшпанына қарағанда тактикалық жағынан әлдеқайда икемді болды.

Ол енгізген ауыр ұрыстарда жеңіспен аяқтауға көмектескен оның жаңашылдығы-бұл жұрт атап кеткен Панфилов серіппесі болды.

Панфилов серіппесі. (спираль).

Бауыржан Момышұлы «Соғыс психологиясы» шығармасында Панфиловтың серіппесі (спираль) тактикасын ерекшелігін ашып, сипаттаған алайда бұл тактиканы кейбір тұлғалар Бауыржан Момышұлының тактикасы деп түсіндіреді, бірақ бұл қате пікір.

Оның дәлелі ретінде, осы шығарманың үзіндісін ұсынамын.

Панфиловтың басты тактикалық ой-жоспары дұшпанды кетіп бара жатқан негізгі бағытынан, Мәскеу бағытынан басқа жаққа алаңдатып, күшін аударып жіберу еді. Сол себепті ол тас жолдың біресе оң, біресе сол жағына өтіп шегінген. Ал дұшпан болса оның ізіне өкшелеп жүруге болды. Бұл маневрдің мақсаты дұшпанды алға жібермей кідіртіп ұстап, уақытты ұту болған. Мысалы Матренино деревнясында болған күресті айтатын болсақ, Панфилов немістердің ілгері жылжуына жол бермес үшін, бұл тұстағы жолды қиып, бөгеп тастаған. Өз әскеріне үлкен жолға ұмтылмай оны айналып орағытып өтіп отырған. Дұшпан үлкен жол бойындағы өзінің қалыпты қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін Қызыл Армия әскерін 5-10 шақырымға шегіндіріп отырған. Осы айла-тәсілмен Панфилов дұшпанның бағытын басқа жаққа бұрып, оның күшін ыдыратып, бөлшектеп жіберді, немістердің уақыт жағынан ұтылуына әкеліп соқтырды. Ізінше ілгері ұмтылып, дұшпанның жолына кесе көлденең тұрды. Осы жерде Панфилов «Серіппе» деп аталынған әдісті керемет қолдана білді. Серіппе деп айтуымыздың себебі Мәскеу түбіндегі жүргізген ұрыстардың барлығында үлкен жолдан шығып, дұшпанды соңынан ілестіріп, оны он шақырым жерге жерге дейін өкшелете алып кетіп, жолды қиып тастады, содан кейін қайта ұмтылып, оның жолын бөгеп, ізінше қайта бұрылып кетіп отырды. Мұндай маневрді қолдану дұшпан күшінің ыдырауына, біздің бөлімдердің қайта үлкен жолға шығуына мүмкіндік туғызды, бұл айла-тәсіл жаудың діңкесін құртып әбден титықтатты. Әрі уақытты ұтуға мүмкіндік жасады. Бұл тәсілді

қазіргі уақытта көптеген қолбасшылар генералдар мен полковниктер қолданып жүр және бұл тактикалық әдісті Панфилов серіппесі деп атауымыз өте орынды болмақ.

Панфилов өзің әскери қызметін Орта Азия жерінде бастаған, сонау бірінші дүниежүзілік орыс-герман майданында сержант қызметінде соғысқа қатысса, азамат соғысы жылдарында Чапаев дивизиясының құрамында қызмет атқарып басмашыларға қарсы ұрыстарға қатысқан. 1937 жылдары Орта Азия әскери округі штабының бастығы, 1938 жылы Қырғыз КСР әскери комиссары болып тағайындалған.

Байқап отырғанымыздай, Иван Васильевичтің әскери қызметінің көп бөлігін Орта Азия жерінде өткерген. Орта Азия дегеніміз өркениет пен мәдениеттің бастауы. Орта ғасыр заманында осы аймақтарды билеген түркі халықтарының тарихы.

Олардың ең басты жетістігі ол мемлекет құру. Мемлекеттің ірге тасын қалау үшін міндетті түрде әскердің алатын өз орны болады. Панфиловтың ұрыс жүргізу тактикасы, түркілердің әскери өнеріне жақын келетін сияқты.

Нақты дәлелмен айтатын болсам, ғұн мемлекеті б.з.д. III-II ғасыра өмір сүрген, Хан (Қытай) империясын бағындырып салық төлеп отыруға мәжбүр еткен. Хан империясы ғұндарға қарсы бірнеше рет шабуылдар ұйымдастыруы ешқандай нәтиже бермеген. Ғұндардың қолданған тактикасы жаудан әдейі шегіну, олардың ыдырауына жағдай жасау, қажетті уақытында ұйымдасқан қарсы шабуыл ұйымдастыру болған. Мұндай тактиканы Шыңғысхан әскері елдерді жаулап алу кезінде кеңінен қолданған.

Менің түсінігім бойымша Панфиловтың тактикалық шеберлігі тарих қойнауында қалған ежелге мемлекеттердің ұрыс жүргізу тактикасын меңгергендігі деп білемін.

Тактикалық шеберлік.

Сонымен генерал Иван Васильевичтің ең алғашқы сіңірген еңбегі оның ұйымдастыра білушілік қабілетінен көрінеді. Ол жөнінде әлі де көптеген еңбектер жазуға болады. Дивизия бұрын ойы-қыры беймәлім жерге келіп жеткеннен кейін, басқа аумақтың тұрғындарына ну орманның ішінде күрес жүргізу қиынға соғатындығы айтпаса да белгілі. Бұл жергілікті жердің психологиясы, климаттық жағдай т.б. себептерді атауға болады. Алғашқы кездерде Иван Васильевич « Біз түз халқымыз, бізге орманның ішімен жүруді үйреніп қана қоймай, сонымен қатар осындай жағдайға ұрыс жүргізуге дағдылануымыз керек, ал уақыт болса тапшы» деп айтқан. Қысқа бір айдың ішінде педагог әрі командир ретінде өзінің жауынгерлерін орманның ішімен жүруге және соғыса білуді үйретті.

Панфилов жаңашылдығы неде болды? Бұрынғы офицерлер белгілі бір дәрежеде линиялық тактиканы ұсынатын болған, ал ол Мәскеу түбіндегі ұрыстың ерекшеліктерін көре білді. Ол шегінуге еш уақытта кеш болмайды-деп жиі қайталап айтып, қоршаудың қауіптілігін ескеретін болған. Тағы да бір сөзінде айырылып қалған шепті қайтаруға болады, ал айырылған

адамдарды қайтара алмайсың-деп айтты. Ол дұшпанның күшін жоя отырып адам күшін -сақтап қалуға тырысты. Ұрыстың түрлері өте көп, дұшпанды ойсырата шығынға ұшырата отырып, шегіну де жеңіс болып табылады.

Шегінгенде де жау шабуылға шыға алмайтындай ептілікпен шегіну қажеттігін түсіндірді. Панфиловтың ұсынысы бойынша линиялық тактикадан бас тартылды. Оның орнына тірек пункті мен қарсыласу тораптары арқылы қорғаныс құруды ұсынды.

Қорытынды.

Осы жобамда мен сіздерге Генерал Иван Васильевич Панфиловтың Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігін, тактикалық шеберлігін және тұлғалық қасиеттеріне сипаттама жасауға тырыстым. Генерал Панфилов ол тек қана әскери қолбасшы емес, сонымен бірге жауынгерлеріне мейірімді әке бола білген. Себебі оған майдандас жауынгерлері «Батя» деп құрмет көрсеткен.

Соғыстың соңғы жылдарында Берлиннің астанасында Панфиловқа арнап жазылған естелік соның айқын дәлелі болып тұр. Ол майдан даласында, жоғарғы қолбасшының бұйрығын орындау барысында өзінің тапқырлығымен, жаңашылдығымен қатып қалған жарғының талаптарына емес, ақыл-ойдың тәсілімен жауынгерлерді шығынға ұшыратпай, сонымен қатар тапсырманы да тиімді орындауға тырысқан. Мәскеу үшін шайқас жалпы Ұлы Отан соғысының тарихын басқа арнаға бұрған соғыс болып табылады. Қызыл армияның фашистік неміс әскерлерін талқандауы, осы шайқастың нәтижесімен тығыз байланысты болды деп толық сеніммен айта аламын.

Генерал Панфиловтың ұрыс жүргізу тактикасының шеберлігі Мәскеу үшін шайқаста толық көріне алды. Иван Васильевич 1941 жылы 18 қарашада неміс снарядының жарықшағы тиіп қайтыс болды. Қайтыс болар сәтінде куәгерлердің айтуынша, жарықшақ тиген сәтте, артында тұрған сарбаздың кеудесіне құлаған деген дерек бар. Бұл арқылы ол өзін емес, сарбаздың аман қалуын тілеп оны кеудесімен жапқан қолбасшының әрекетіне ұқсайды.

Менің ұсынысым:

Генерал Панфиловтың үлгісінде болашақ офицерлерді тәрбиелеу, оның қанатты сөздерін, командирлерге берген ақыл-кеңестерін жинақ ретінде жасап, сол жинақты әрбір командирдің үстел үстіндегі тұратын бағыттаушы құрал ретінде пайдалануы. Алматы қаласында орналасқан Панфилов музейіне үнемі мектеп оқушыларына саяхаттар ұйымдастыру. Себебі музейде Панфилов туралы көптеген қызықты мәліметтермен танысуға болады.

Панфилов атындағы қоғамдық қорының жетекшісі, Панфиловтың немересі Байқадамова Алуа Бақытжанқызымен әрбір мектеп, оқу орындары байланыс орнату. <https://youtu.be/he8sIGGjbXM>

Генерал Панфиловқа арналған іс-шаралар ұйымдастыру. Генерал Панфиловтың «Серіппесі» тактикасын өз атауымен дұрыс аталу керек. Ол

туралы Бауыржан Момышұлы Соғыс психологиясы» атты кітабында анық айтып өткен.

Қолданылған әдебиеттер.

1. Бауыржан Момышұлы «Генерал Панфилов» Алматы Өнер баспасы 2009 жыл
2. Героические дни генерала Панфилова С.Кутейников 2016 жыл
3. Волокаламское Шоссе Александр Бек 1942-1944 жыл
4. Соғыс психологиясы Бауыржан Момышұлы 1991 жыл. Аударған М.Қазбеков
5. Москва үшін шайқас Бауыржан Момышұлы Алматы Өнер баспасы 2009 жыл